

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы**

ӘБІЛӘЗІМ АСХАТ ӘБДІҒАБИТҰЛЫ

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ БАС
БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ
БАРЫСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР**

**«6М030300 – Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша
заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алуға диссертация**

Ғылыми жетекші:

Арнайы заң пәндері кафедрасының
доценті А.М. Алибекова,
заң ғылымдарының кандидаты,
кіші әділет кеңесшісі

Қосшы, 2020

ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі негізгі тараудан, алты бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздердің тізімінен және қосымшадан тұрады. Зерттеу барысында кәмелетке толмағандардың бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу мәселелерін реттеу бойынша нормативтік-құқықтық база мен тәжірибелік материалдар қаралды, кейбір шет елдердің тәжірибесіне талдау жүргізілді, кеңес кезеңіндегі ғалымдардың, қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері зерттелді. Жүргізілген зерделеу нәтижесімен отандық қылмыстық-атқару заңнамасының нормаларын жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар тұжырымдалды, сотталған кәмелетке толмағандардың әлеуметтік-пайдалы байланыстарын сақтау, жаза өтеу орындарын ауыстыру және түзеу мекемелерінде сотталғандарға білім беру мәселелеріне, қолданылатын шараларға қатысты нормаларға толықтырулар енгізу қажеттілігі негізделді.

РЕЗЮМЕ

Диссертационная работа состоит из введения, двух основных разделов, шести подразделов, заключения, списка использованных источников и приложения. В ходе исследования изучена нормативно-правовая база по регулированию вопросов отбывания наказания в виде лишения свободы несовершеннолетними, рассмотрены практические материалы, проведен анализ опыта некоторых зарубежных стран, исследованы научные труды ученых советского периода, казахстанских и зарубежных ученых. По результатам исследования сформулированы конкретные предложения по совершенствованию норм отечественного уголовно-исполнительного законодательства, обоснована необходимость сохранения социально-полезных связей осужденных несовершеннолетних, замены места отбывания ими наказания и внесения дополнений в нормы, касающихся вопросов образования, мер, применяемых в отношении осужденных в исправительных учреждениях.

SUMMARY

The dissertation work consists of an introduction, two main sections, six subsections, conclusion, list of references and Appendix. The study examined the legal framework for regulating the serving of sentences in the form of deprivation of liberty by minors, considered practical materials, analyzed the experience of some foreign countries, studied the scientific works of scientists of the Soviet period, Kazakh and foreign scientists. Based on the results of the study, proposals were formulated to improve the norms of penal enforcement legislation, the need to preserve socially useful relationships of convicted minors, replace the place where they serve their sentences, and make additions to the norms concerning education and measures applied to convicts.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛАРЫНА СӘЙКЕС КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ	
1.1. Кәмелетке толмағандарға қатысты жаза тағайындау тарихы	12
1.2. Кәмелетке толмағандарға қатысты жаза тағайындаудың Қазақстан Республикасындағы ерекшеліктері	25
1.3. Кәмелетке толмағандарға қатысты жаза тағайындаудың шетелдік тәжірибесі	34
2. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖАЗА ОРЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ОЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТӘРБИЕЛІК ШАРАЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
2.1. Кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындаудың Қазақстан Республикасындағы ерекшеліктері	43
2.2. Бас бостандығынан айыру орындарында кәмелетке толмағандармен жүргізілетін тәрбиелік шаралар мен білім беру мәселелері	58
2.3. Қылмыстық атқару мекемелерінен босап шыққан кәмелетке толмағандарды қоғамға қайта бейімдеу мен әлеуметтендіру шаралары	74
ҚОРЫТЫНДЫ	90
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ	93
ҚОСЫМШАЛАР	101

КІРІСПЕ

Диссертацияның өзектілігі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [1]. Осыған орай, қоғамда орын алған барлық мәселелерді, оның ішінде кәмелетке толмағандардың қылмыстылық мәселесін құқықтық тұрғыда зерттей отырып, түпкілікті шешуге қол жеткізгеніміз жөн.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 жылы 10 желтоқсанында қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты» Ережелерінде кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды сот төрелігін орындау аясында және дұрыс бағалау, сот төрелігін әрі қарай дамыту, реформалау мақсатындағы тиісті ақпараттарды жинау, талдау, ұдайы бағалау, зерттеуге барынша күш салу керек делінген [2].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес қылмыстық жазаның орындалуы барысында сотталғанды түзеу жолына түсуіне бірден-бір ықпал етеу механизмі - тәрбиелік жұмыстарды жүргізу. Мемлекетіміздің болашағы жастар екендігін назарға алсақ, түзу жолдан сүрініп, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарды қоғамға қайта бейімдеу тек қылмыстық-атқару жүйесінің ғана емес, барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың міндеті болып табылады.

Бұл ретте, еліміздегі ер жынысты кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған жалғыз мекеменің атқаратын қызметі ерекше. Жас қылмыскерлердің әрқайсысымен профилактикалық жұмыстар жүргізу, оларды әлеуметтіндіруге арналған шаралар қабылдау, педагогикалық және психологиялық көмек көрсету үлкен маңызға ие.

Бүгінгі күнде сот үкімімен бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған жас қылмыскерлер жазаларын өтеу үшін кәмелетке толмағандарға арналған қауіпсіздігі орташа мекемеге жолданып, осы жерде орта есеппен екі жылға жуық мерзім жазаларын өтеп, кейін жазаларын әрі қарай өтеу үшін ересектерге арналған қауіпсіздігі орташа мекемеге жолданады.

Осындай қысқа мерзім ішінде сотталғандармен тәрбие және әлеуметтік жұмыстарды тиімді әрі нәтижелі ұйымдастыру, оларды оқыту, туыстарымен байланыстарды қалпына келтіру және өзге де осы бағыттағы мәселелерді шешу мүмкіндіктер аз екендігін атап өткен жөн.

Сондықтан, бас бостандығынан айрылған жас қылмыскерлердің кәмелетке толмағандарға арналған қауіпсіздігі орташа мекемесінде болуына байланысты

негізгі кедергі - жас шегін (он сегіз жас) қайта қарастыру жөнінде мәселе зерделенуі қажет деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 156-бабына сәйкес он сегіз жасқа толған сотталғандар өздерінің келісімімен, сондай-ақ жиырма бір жасқа толған сотталғандар Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен сот шешімі бойынша жазасын одан әрі өтеу үшін орташа қауіпсіз мекемеге ауыстырылады.

Тек ерекше жағдайда, яғни осы кодекстің 155-бабына сәйкес он сегіз жасқа толған, бас бостандығынан айыруға сотталғандар өздерінің келісімімен, бірақ көп дегенде олар жиырма бір жасқа толғанға дейін мекемеде қалдырылуы мүмкін. Мекемеде қалдыру туралы шешімді сот мекеме бастығының ұсынуының негізінде қабылдайды.

Алайда, бұл процесс нормативтік құқықтық актілермен реттелмеген. Бұл ретте, мекеме бастығы қандай талаптар мен негіздерге сүйене отырып ұсыныс енгізетіні құқықтық актілермен бекітілмеген. Осылайша бұл норма сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерге әкеп соқтыруы мүмкін. Осыған байланысты аталған олқылықтарды зерделеп, құқықтық тұрғыдан императивті нормалар қатарына енгізу жөніндегі мәселенің қарастырылуы қажет деген пікірдеміз.

Кәмелетке толмаған тұлғаларды қоғамда толық орнын таппаған, психологиялық тұрғыдан тұрақсыз, әлеуметтік жағынан қорғау мен көмекті қажет ететін контингент ретінде қарастырсақ, олардың ішінде қылмыс жасап, бас бостандығынан айрылғандары ерекше қамқорлық пен қолдауды қажет етеді.

Оларды ынталандыру, депрессиялық күйін жеңу, қоғамға оң көзқарасын қалыптастыру және қайта тәрбиеленуіне бірден – бір әсер ететін фактор – олардың әлеуметтік пайдалы байланыстарының үзілмеуі. Басқаша айтқанда, осындай қиын уақытта жандарында ата-аналарының, туыстары мен бауырларының болуы.

Қазіргі уақытта бас бостандықтарынан айрылған ер жынысты кәмелетке толмағандардың барлығы жазаларын Алматы қаласында орналасқан кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемеде, әйел жынысты кәмелетке толмағандар жазаларын Алматы облысындағы мекемеде өтеуде. Ал, осы мекемелерге шалғай аймақтардан сотталғандардың жақын туыстарының келуі, тәжірибеде қиындықтар туындатуда (көп жағдайда материалдық мәселеге қатысты). Қылмыс жасап, қамауға алынған жас баланың психикалық, моральдық жағдайын ескерсек және сол мезетте қолдау көрсететін жақын туыстарының жандарында болмауы аса ауыр соққы болуы мүмкін. Осыған байланысты әлеуметтік байланысты үзбеудің тәсілдерін қарастыру қажет.

Сондай-ақ, он сегіз жасқа толған жазасын өтеуші тұлғаны кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемеден қауіпсіздігі орташа мекемеге

ауыстыруға қатысты арнайы талаптарды айқындап, нормативтік актілермен бекіту жөнінде ұсыныс енгізуді қажет етеді.

Аталып өткен мәселелер қылмыс жасап, бас бостандығынан айрылған кәмелеттік жасқа толмаған балалардың қайта тәрбиеленуіне, қоғамға оралуы мен әлеуметтендірілуіне әсер ететіндігін ескерсек, қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларының негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастыру қажеттігі туындайды.

Тақырыптың ғылыми зерттелу дәрежесі. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды қолдану тарихы мен тәжірибесі және олардың орындалуы, жаза өтеу орындарында жүргізілетін тәрбиелік жұмыстар барысында және әлеуметтендіру процесі кезінде орын алатын проблемалық мәселелерді зерттеуге Ресейдің және Қазақстанның көптеген ғалымдары ат салысқан. Оның ішінде, С.З.Зимановтың, Е.И.Қайыржановтың, Е.О.Алаухановтың, Б.А.Жетписбаевтың, А.К.Айтпаеваның, Н.Дулатбековтың, Д.Бұғыбайқызының, Н.М.Абдировтың, Т.С.Ағайдаровтың, Г.С.Мәуленовтың, К.А.Бегалиевтің, П.Л.Стручковтың, Ю.М.Антонянның, Ю.А.Кашубаның, Г.В.Дровосековтың, Л.И.Беляеваның, Н.С.Таганцевтың, М.Н.Гернеттің, В.И.Власовтың, Н.Ф.Гончаровтың, С.В.Позднышевтің, Н.А.Стручковтың, В.С.Устиновтың, В.Н.Орловтың, А.И.Долгованың, В.Е.Южаниннің, еңбектерін атап өтуге болады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындау және осы жазаны орындау барысында пенитенциарлық заңнамаларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін **диссертацияның келесі міндеттері** белгіленген:

- бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандардың пайдалы әлеуметтік байланыстарын үзбеу және олардың тұрғылықты мекенжайлары бойынша жазаларын өтеу мәселесін зерттеу;

- кәмелетке толмағандарға арналған қауіпсіздігі орташа мекемеде жазаларын өтейтін сотталғандардың жас ерекшеліктерін талдау нәтижесімен заңнамаларға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- сотталған жасөспірімдерді жазаларын әрі қарай өтеу үшін қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге ауыстыру мәселесін зерттеу;

- жаза өтеу орындарында кәмелетке толмағандарды әлеуметтендіру, оның ішінде білім беру.

Зерттеу объектісі. Кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қолдану және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерімен

бұл жазаны орындау процесін заңнамалық реттеу барысында туындайтын қоғамдық қатынастар.

Зерттеу пәні. Кәмелетке толмағандарды қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазалардың мәніне, мазмұнына және мақсатына концептуалды көзқарастар, сондай-ақ зерттелетін жаза санатын қолданудың негіздері мен тәртібін реттейтін қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларының нормалары.

Зерттеудің нормативтік базасы. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1985 жылы 10 желтоқсандағы Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелері, қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамалары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» 2002 жылғы 11 сәуірдегі №6 Нормативтік қаулысы, кәмелетке толмағандардың бас бостандығынан айырумен байланысты нормативтік құқықтық актілер, осы бағыттағы қатынастарды реттейтін өзге де шетелдік құқықтық актілер.

Зерттеудің теориялық базасы. Кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау мәселесімен байланысты отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық және тәжірибелік мәні бар ғылыми еңбектері, оқулықтары, диссертациялары, мақалалары мен монографиялары.

Зерттеудің эмпирикалық негіздері. Қазақстан Республикасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің статистикалық көрсеткіштері, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне қарасты органдарының мәліметтері, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясымен жүргізілген зерттеулердің нәтижелері.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері. Ғылыми зерттеудің әдіснамалық негізін жалпы диалектикалық танымдық әдістермен қатар арнайы логикалық, жүйелік, тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, құжаттарды талдау, нормативтік-қисынды, индукциялық (жеке мәселелерді зерттеуден жалпы мәселелерді сипаттау), дедукциялық (жалпы мәселелерді сипаттаудан жеке мәселелерді зерттеу), эмпирикалық (айғақтарды зерттеу және жинау, талдау), статистикалық, құқықтық талдау және жүйелі әдістер құрайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Бұл зерттеу барысында қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларының шеңберіне түскен кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қолдану және оны орындау барысында туындаған проблемалық мәселелер қарастырылды. Атап айтқанда, бас бостандығынан айыру орындарында жазаларын өтеп жатқан кәмелетке

толмағандардың құқықтық жағдайларына зерттеу жүргізілді, олардың қайта тәрбиеленуіне тікелей әсер ететін факторлар қарастырылып, нормативтік құқықтық актілерге толықтырулар мен өзгерістер енгізу ұсынылды.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

1. Кәмелетке толмаған сотталғандардың қайта тәрбиеленуіне әсер ететін бірден бір фактор – пайдалы әлеуметтік байланыстарды үзбеу, сотталғанның ата-анасы мен туыстарының мейлінше қасында болуы. Дегенмен, елімізде бас бостандығынан айрылған ер жынысты балалар жазаларын Алматы қаласында орналасқан жалғыз кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемеде өтеуде. Жақындарының қиын уақытта қасында болмауы моральдық және психологиялық тұрғыдан депрессияға ұшыраған жас балаға үлкен соққы болатыны сөзсіз.

Бүгінгі таңда бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмаған қыз балалар жазаларын Алматы облысы Жауғашты елді мекенінде орналасқан әйелдерді ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз ЛА-155\4 мекемесінде арнайы бөлек локальді учаскеде ұсталады.

Осыған байланысты, аталған тәжірибе негізінде (кәмелетке толмаған қыздарды ұстау жағдайларына ұқсас) бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмаған ұл балалардың әлеуметтік пайдалы байланыстарын үзбеу, яғни отбасынан алыс аймаққа жолдамау мақсатында және бюджет қаражатын үнемдеу үшін республикамыздың әр облысында орналасқан ересектерге арналған мекемелердің ішінен кәмелетке толмаған сотталғандарды ұстайтын арнайы локальді учаскелер (жергілікті учаске) ашу қажет.

2. Кәмелетке толмағандарға арналған мекемеде жазаларын өтеу барысында бала он сегіз жасқа толған жағдайда, сот шешімі бойынша жазасын одан әрі өтеу үшін ересектерге арналған орташа қауіпсіз мекемеге ауыстырылады. Тек ерекше жағдайда, он сегіз жасқа толған сотталған өзінің келісімімен және мекеме бастығының ұсынысымен сот шешімі негізінде жиырма бір жасқа толғанға дейін мекемеде қалдырылуы мүмкін.

Бұл сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын норма болып табылады, себебі бұл процесс ешқандай нормативтік құқықтық актілермен реттелмеген. Сондықтан, тәртіп бұзбаған, яғни жазалау шаралары жоқ барлық сотталғандар жиырма бір жасқа толғанға дейін кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде қалдырылуы тиіс.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 155-бабын 1-бөлігіне келесідей толықтырулар мен өзгерістер енгізген жөн: он сегіз жасқа толған, бас бостандығынан айыруға сотталғандар ***жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзбаған жағдайда***, өздерінің келісімімен, бірақ көп дегенде олар жиырма бір жасқа толғанға дейін мекемеде ***қалдырылады***.

3. Қазіргі уақытта сотталғандар кәмелетке толмағандарға арналған қауіпсіздігі орташа мекемеде орта есеппен екі жылдан артық емес уақыт болады, әрі қарай олар он сегіз жасқа толып, ересектерге арналған мекемеге ауыстырылады. Осындай қысқа мерзім ішінде сотталғандармен тәрбие, әлеуметтік жұмыстарды тиімді және нәтижелі ұйымдастыру мүмкін емес.

Осыған байланысты, кәмелетке толмағанға сотпен тағайындалған бас бостандығынан айыру түріндегі жаза мерзімі оның жиырма бір жасқа толғанға дейін жазасын толық өтеуіне мүмкіндік берсе, бұл сотталғанды мерзімінің соңына дейін (яғни жиырма бір жасқа дейін) кәмелетке толмағандарға арналған мекемеде қалдыру қажет.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 155-бабын 4-бөлікпен толықтырып, келесі мәтінде рәсімдеу ұсынылады: «Егер кәмелетке толмағанға сотпен тағайындалған бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының мерзімі оның жиырма бір жасқа толғанына дейін толығымен өтелетін болса, сотталған кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде жазасын өтеу мерзімінің соңына дейін қалдырылады».

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 96-бабының 1-бөлігінде өзге мекемелерден қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге дәрежесі екінші немесе үшінші оң мінез-құлықты сотталғандарды ауыстыру талаптары көрсетілген.

Алайда, қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге ауыстырылуы мүмкін сотталғандар тізімінде кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемеде жазасын өтейтіндер енгізілмеген.

Дәрежесі екінші немесе үшінші оң мінез-құлықты кәмелетке толмаған жазасын өтеу барысында он сегіз жасқа толғаннан кейін немесе сот шешімімен мекемеде жиырма бір жасқа дейін қалдырылған сотталғандар жиырма бір жасқа толғаннан соң оның қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге жіберу құқығы қарастырылуы қажет. Бұл жас баланың одан әрі әлеуметтік бейімделуі үшін де үлкен маңызы бар.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 96-бабының 1-бөлігін 3-тармақпен толықтырып, ол мынадай мәтінде жазылуы қажет: «он сегіз жасқа толғаннан кейін немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 155-бабын 1-бөлігіне сәйкес кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде жиырма бір жасқа дейін қалдырылған сотталған жиырма бір жасқа толғаннан соң – кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінен қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерге өзгерту туралы өтінішхат беруге құқылы».

5. Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабына сәйкес азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Жеке меншік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Дегенмен, ешқандай нормативтік құқықтық актілерде сотталғандардың жоғары білім алу, жоғары оқу орындарына түсу мен оқу мәселелері қарастырылмаған.

Тек кәмелетке толмаған сотталғандардың ғана емес, жалпы сотталғандардың конституциялық құқықтарының бұзылмауын болдырмау мақсатында, оларға жоғарғы оқуы орындарына түсу және қашықтықтан білім алу құқығын Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде бекіткен жөн.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 127-бабының атауын «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, *жоғары білім* алуды ұйымдастыру» деп өзгертіп, жаңадан 1-1-бөлігімен толықтырып: «Мекемелерде жазасын өтеу барысында сотталған білім беру саласындағы заңнамаларға сәйкес жоғары оқу орындарынан білім алуға құқығы бар. Сотталған осы құқығын жүзеге асыру жөнінде жазбаша өтініш берген жағдайда, мекеме әкімшілігі оны ұйымдастыруы тиіс».

Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы – кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қолдану мен орындау барысында мемлекет алдында тұрған бірқатар маңызды мәселелерді шешуге бағытталған. Автормен әзірленген тезистер мен ережелерді, ұсыныстар мен тұжырымдамаларды кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтық актілерді әзірлеу барысында қолдануға мүмкіндік бар.

Тәжірибелік маңыздылығы – зерттеу нәтижесі Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру барысында қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметінде, жоғарғы оқу орындарының, жоғарғы оқу орындарынан кейінгі білім беру процесінде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижесін апробациялау. Аталған диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы құқық қорғау органдары академиясының арнайы заң пәндері кафедрасында әзірленген. Негізгі теориялық ұсынымдар мен зерттеу нәтижелері келесі мақалаларда көрініс тапқан: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы құқық қорғау органдары академиясының «Қазіргі заң ғылымының дамуына жас ғалымдардың қосқан үлесі» жинағында және Ішкі істер министрлігінің Ақтөбе заң институтында өткізілген халықаралық конференцияның 2019 жылдың 7 маусымындағы жинағында.

Сонымен қатар, Бас прокуратураның күшіне енген үкімдердің заңдылығын және олардың орындалуын қадағалау қызметінің енгізу актісіне сәйкес аталған диссертациялық жұмыстың қорытындысы мен онда көрсетілген ұсынымдар бас бостандығынан айыру орындарында кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты қадағалау жүргізу барысында негізге алынатындығы белгіленген.

Диссертацияның құрылымы. Жұмыс кіріспеден, екі негізгі тараудан, алты бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздердің тізімінен және қосымшадан тұрады.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛАРЫНА СӘЙКЕС КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕРІ

1.1. Кәмелетке толмағандарға қатысты жаза тағайындау тарихы

Кез келген қоғамға қауіпті құбылыстардың бірі – қылмыстың орын алуы. Жасалатын әр қылмыстық құқық бұзушылықтың өз себептері болады: әлеуметтік қиындықтар, жанұясындағы кикілжің, кек алу, пайда табу т.б. Оның ішінде абайсызда жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар да бар. Ал, осы құқық бұзушылықты жасайтын тұлғалардың арасында жасы кәмелетке толмағандардың болуы қоғамды аландатпай қоймайды.

Бала әрқашан таза және жарқын нәрсемен байланысты, ал мұнда адамдық қатыгездік, адамның денсаулығы мен өміріне қарсы қылмыстар, алдау, тонау және тағы басқалары. Бұл құбылыстардың орын алуының негізгі себептерінің бірі ретінде кәмелетке толмағандардың отбасы мен мектеп, еңбек ұжымы сияқты қоғам, мемлекеттің әлеуметтік институттарымен байланысы әлсірегендігін атап өткен жөн. Бұдан басқа факторлардың қатарында кәмелетке толмағандардың қылмыстық белсенділігінің өсуі, қылмыстылыққа деген оң көзқарасының қалыптасуы, араласатын ортасында қылмыстылықтың дәреже немесе абырой ретінде саналуы да алаңдаушылық тудырады, себебі болашақта бұл өскелең ұрпаққа қауіп төндіреді. Сол себепті кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық құқық бұзушылық - қоғамның ең маңызды әлеуметтік-құқықтық мәселелерінің бірі.

Әрине, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғалар тиісті жазаларын алуы тиіс, бұл кәмелетке толмағандарға да қатысты. Себебі қылмыс белгілерінің бірі – жазалау, ал жазалау қоғамдық әділдікті қалпына келтірудің бір құралы. Жазаның мақсаты мекеменің түріне және онда жазасын өтейтіндерге қарамастан бірдей: кәмелетке толмаған немесе ересек қылмыскер, ер адам немесе әйел, алғаш рет сотталған немесе рецидивист деп бөлінбейді, тек жаза тағайындау барысында бұл ерекшеліктер ескеріліп, жаза мөлшеріне әсер етуі мүмкін. Алайда, кәмелетке толмағандарға қатысты жаза мақсатын анықтаудың кейбір мәселелері мен өз ерекшеліктері бар.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің ерекше бөлігі әрбір қоғамдық қауіпті әрекет үшін мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қарастырады. Әрбір жасалған қылмыс үшін жауапкершілік көзделген, бұл жауаптылықтың бұлтартпастығының қылмыстық құқықтық принципі болып табылады.

Бұл орайда, Қазақстан Республикасының ювеналды саясаты жеке және заңды тұлғаны, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарды, яғни жалпы

қоғамды қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерден қорғау және құқық бұзушылықтан келген зиянның орнын толтыру мақсатында жалпы әлеуметтік, арнаулы және жеке сипаттағы жиынтық шараларды жасау және оны іске асыруға бағытталғандығын атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 70-бабының 2-бөлігіне сәйкес бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дене бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болатындығы аталып өткен [3].

Өз кезегінде, ата-аналардың аталған міндеттерінің орындамауы, олардың аморальдық өмір салты, жалпы білім деңгейінің төмендігі, отбасындағы эмоциялық - жанжалдық қарым-қатынастар, материалдық жағдайдың нашарлығы кәмелетке толмағанның қылмыстық әрекеттерге баруға септігін тигізбей қоймайды.

Кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыс жасауына әсер ететін тағы бір негізгі фактор – қоғамға ұлттық құндылықтармен сыйыспайтын мінез-құлқ стереотиптерінің енуі. Бұлар есірткіні, жыныстық араздықты, зорлық-зомбылықты және қатыгездікті насихаттау, ғаламтордағы жағымсыз материалдар мен мақалалар, тіпті қатыгездікпен ұштасқан электрондық ойындар да кері әсер етеді.

Аталған жағымсыз материалдарды бұғаттау бағытында арнайы органдармен тиісті шаралар атқарылып жатқандығына қарамастан, қазіргі замандағы дамыған ақпараттық коммуникациялар көмегімен кез – келген материалдарды ғаламторға жариялауға мүмкіндіктер туындауда.

Мектеп пен мұғалім кәмелетке толмағанның қоғамда өз орнын табуға орасан үлес қосады. Мектеп қабырғасында баланың девиантты мінез-құлқын алдын алу бағытында сапалы жұмыстардың жүргізілуін, оның жарқын болашаққа кепілі ретінде қарастыруға болады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру қызметі - білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс [4].

Сондықтан білім беру ұйымдарында оқушыларға тек жалпы білім беріп ғана қоймай, оларға тәрбиелік мән беретін шаралар көптеп жүргізілуі тиіс. Олардың арасында әкімшілік, азаматтық және қылмыстық заңнамалардың нормаларын түсіндіру бойынша ғалымдарды, құқық қорғау органдарының өкілдерін тарта отырып, тақырыптық әңгімелер мен дәрістер, тренингтер, үгіт-насихат жұмысын жүргізу мен ұйымдастыру кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың деңгейін төмендету кепілі болып табылатындығы даусыз [5].

Әрине, жасалған құқық бұзушылыққа жоғарыда аталған факторлардан басқа да жағдайлар әсер етуі мүмкін. Сондықтан, қылмыстық құқық бұзушылықтың орын алуының нақты себебін және негізін анықтау үшін тиісті құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдармен кешенді іс-шаралар атқарылуы тиіс деп ойлаймыз.

Біріншіден, құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағанның ата-аналарынан, көрші тұрғындарынан, мектеп мұғалімдерінен және құрдастары мен достарынан сауалнама жүргізу қажет. Сауалнама барысында баланың отбасымен қарым-қатынасын, денсаулық пен тұрмыс жағдайын, мектептегі тәрбиесі мен оқу үлгерімін, достарымен және сыныптастарымен қарым-қатынасын, оның өмірлік қызығушылығын, араласатын ортасы мен сол ортадағы орнын білген жөн.

Екіншіден, кәмелетке толмаған қылмыскердің психологиялық, генетикалық және әлеуметтік жағдайларын негізге ала отырып орын алған қылмыстың криминологиялық сипаттамасын жасау қажет.

Жалпы кәмелетке толмағандармен басым көпшілігі жеке меншікке және адам денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалады, олардың орташа жас шамалары 12 мен 16 жасты және кәмелетке толмағандардың ер жынысты бөлігі құрайды. Балалар мен жасөспірімдердің қылмыстық мінез-құлқының алдын алу бағытында мемлекет тарапынан қабылданған кешенді профилактикалық іс-шаралардың нәтижесінде кәмелетке толмағандар арасында қылмыстылық жыл санап азайып келеді. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің мәліметіне сәйкес 2018 жылы республика көлемінде кәмелетке толмағандармен 2949 қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалып, 2017 жылмен салыстырғанда 6,3%-ға (3135) азайған [6].

Ал, 2019 жылдың қорытындысымен кәмелетке толмағандармен 2824 қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалып, 2018 жылмен салыстырғанда 4,2% - ға төмендеген.

Яғни, жоғарыда келтірілген статистикаға сәйкес тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны жыл санап төмендеп келетіндігі байқалады. Дегенменде, соттылығы жойылмаған кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы жылы 36-ға өсіп отыр (2018 жылы – 378, 2019 жылы - 414).

Бұл мәліметтер сотталып, жазаларын өтеген немесе жазаларын өтеп жүрген кәмелетке толмағандармен профилактикалық шаралардың тиісті дәрежеде жүргізілмейтіндігін көрсетеді.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, соңғы 7 жыл көлемінде бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандар саны 4 есеге азайған (2011 ж. –

216, 2012 ж. – 178, 2013 ж. – 188, 2014 ж. – 109, 2015 ж. – 63, 2016 ж. – 86, 2017 ж. – 82, 2018 ж. - 58).

Аталып өткен статистикаға негіздей отырып жасөспірімдермен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың орын алу себептері мен оларға тағайындалатын бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жаза мәселелері терең зерделенуі қажет.

Қылмыстық заңнамада кәмелетке толмағандардың қылмыс жолына түсуінің негізгі себептеріне ерекше мән берілген. Бұл ең алдымен кәмелетке толмағандардың жасына және олардың психологиялық дамуындағы ерекшелігіне байланысты. Әдетте, кәмелетке толмаған жасөспірімдер жақсылық пен жамандықтың аражігін ажырата білмейді, кейде тентектік пен құқық бұзушылықты шатастыратыны да белгілі [7, 57 б.].

Құқық қорғау органдары қылмыспен күресті жүргізе отырып, оның деңгейін төмендете алады, дегенмен оның жеке өзі бұл құбылысты толығымен жоя алмайды. Осы ретте, ата-ана мен жергілікті атқарушы органдардың балаларды құқықтық тәрбиелеудегі рөлі орасан зор.

Кез-келген қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кінәлі тұлға тиісті жазасын алуы қажет. Бұл ой-пікір қоғамда сан ғасырлар бойы қалыптасып, бүгінгі күнде қалыпты құбылыс ретінде қарастырылады.

Әділдік - қоғамның қажетті құбылысы, бұл оны әлеуметтік деп атайтын заң шығарушының позициясында көрініс тапқан. Қылмыс жасаған адамға әділ жаза тағайындау, яғни қылмыстың қоғамдық қауіптілік сипатын ескеріп, оның дәрежесіне, жасалу мән-жайларына, оның ішінде қылмыс заты мен құралына және кінәлінің жеке басына сәйкес әділ жаза тағайындау арқылы қылмыскерді жазалау қоғамдық әділдікті қалпына келтірумен тепе-тең.

Бұл ретте, қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау мәселесі ерекше орынға ие болады. Себебі, барлық жағдайда қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қылмыстық жаза тағайындау арқылы қоғамдық әділеттілікке жетуге мүмкіндік бола бермейді. Себебі, ересектерге қарағанда кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау барысында заңнамалық тұрғыда бірқатар жеңілдіктер қарастырылған, өзіне тән ерекшеліктері де бар.

Кәмелетке толмағандарға жаза түрі ретінде бас бостандығынан айыруды қолдану мәселелері әртүрлі жылдар бойы заң ғылымының көптеген жетекші өкілдерімен зерделенген [8]. Осы тақырыпты зерттеудің өзекті аспектілерінің бірі - кәмелетке толмаған сотталғандарға бас бостандығынан айыруды қолдану мәселесі деп есептеуге болады [9].

Жасөспірімдік уақытта адамда өзін-өзі тану және өзін-өзі анықтау процестері дамиды, адам өз бетінше және қалауы бойынша өмір сүре бастайды. Жаңа орта, достар, қарым-қатынастар пайда болады. Осы кезең ішінде баланың

әлемге және өзіне деген барлық қарым-қатынасы өзгереді. Зерттеушілердің айтуынша, жасөспірім жасы (өтпелі кезең) адам өмірінде шешуші кезеңдердің бірі болып табылады, өйткені оған тән ерекшеліктер мен психологиялық, физиологиялық, биологиялық, ойлау қабілетіндегі өзгерістер баланың белгілі бір өмір сүру, қызмет және тәрбиелеу жағдайында оның жеке басының тұрақты қасиетіне айналады.

Осыған байланысты жекелеген зерттеушілер: «кәмелетке толмағандармен «ұқыпты» қарым - қатынас жасау қажеттілігі туындайды, бұл жасөспірімдердің бейімсіздік мәселесін, оның даму барысында өмірінде орын алатын «өсу қиындықтарын» өзекті етеді. Өйткені ғалымдар қылмыс «әрқашан қандай да бір арсыздықтан пайда болатын тепе-теңдіктің жетіспеушілігін көрсетеді» деп атап өткен [10, 328 б.].

Кәмелетке толмағандарға қатысты жаза тағайындау тарихын зерттеу барысында ең алғашқы бұрынғы кеңес заманындағы тәжірибені негізге ала отырып қарастырған жөн деп есептейміз. Себебі, біздің еліміз тәуелсіздікке ие болғанға дейін, жеке мемлекет ретінде қалыптасқанға дейінгі уақытта Кеңес Социалистік Республикалар Одағының құрамында болуына байланысты тарихымыз, оның ішінде құқықтық, заңнамалық және әлеуметтік даму кезеңіміз бір толқында дамыған.

Алайда, бұрынғы қазақ хандығы дәуірінде орын алған құқықтық саясатқа, әлеуметтік қатынастарды реттеушілік нормаларға да тоқталып өткеніміз жөн. Демократиялық және гуманистік принциптерге негізделген қазақ құқығы едәуір ұзақ тарихы бар. XX ғасырдың басына дейін қазақ әдет-ғұрып құқығы өзінің реттеушілік функциясын сақтап қалды. Қазақ құқығының осындай ұзақ өміршеңдігін академик С.З.Зиманов былай деп түсіндірген: «Қазақ қоғамындағы ештеңе де сөз патшалығына және заң патшалығына қарағанда жоғары бағаланған жоқ. Сөз патшалығы Ұлы Далада сұранысқа ие болды және жоғары бағаланды. Қызыл сөз күші, шынайы сөз. Әсіресе бұл билердің сот іс жүргізуінде көрініс табатын еді» [11, 22 б.].

Ресей империясының құрамына ену кезеңінде Қазақ елінің әдет-ғұрыпқа негізделген құқығында келесі жазалау түрлері болды:

- 1) өлім жазасы;
- 2) дене жазалары;
- 3) кінәліні зардап шеккен тарапқа беру;
- 4) әулеттен қуу;
- 5) құн;
- 6) айып төлеу;
- 7) ел алдында ұятқа қалдыру.

Тауке ханның тұсында «Жеті Жарғы» заңдар жинағы пайда болып, барлық қазақ халқы осы жинақты басшылыққа алып, қылмыс жасағандар «қанға қан, жанға жан» принципі негізінде жазаланып отырған.

Аталған әдет – ғұрып нормалары арқылы қылмыс жасаған тұлғалар жаза қолдану, келтірілген материалдық және моральдық залалды қалпына келтіру тәжірибесі, қазақ елінің Ресей империясының құрамына кірген уақытқа дейін жүзеге асырылып отырылды.

Бұл уақытта кәмелетке толмағандардың орны ерекше аталып өтілмеген, олар барлық қылмыс жасаған тұлғалармен бірге тиісті жазаларын алатын еді. Тек Ресей империясының құрамында болу кезеңінде жүргізілген реформалардың негізінде кәмелетке толмағандардың статусына қатысты мәселелер қарастырыла басталды.

XIX ғасырдың соңында кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі және оларға қылмыстық жаза қолдану туралы нормалар қылмыстық және түзеу жазалары туралы Ережелерде (уложение о наказаниях) ғана емес, сондай-ақ әлемдік судьялар салатын жазалар туралы Жарғыда, жер аударылатын, селолық және әскерилер туралы Жарғыда, паспорттар мен қашқындар туралы Жарғыда қамтылған болатын.

Қылмыстық жаза туралы Ереже (Уголовно уложение) кәмелетке толмағандар туралы заңнаманы дамытуда белгілі бір қадам жасады, алайда көптеген сұрақтарға жауап бере алмады. Кәмелетке толмағандарды қамау орындарынан түпкілікті шығару мәселесі шешімін таппады. Жалпы қамау орындарында ұсталатын кәмелетке толмағандарға қатысты жазаны орындау тәртібі туралы мәселелер де жауапсыз қалды [12].

1871 жылғы зерттеуші, сол уақыттағы қылмыстық заңнамаларда кәмелетке толмағандардың статусына, оларға жаза қолдану принциптеріне ерекше алаңдатушылық танытқан Н.С.Таганцевпен жасалған жобада кәмелетке толмағандарды қоғамнан оқшаулауға байланысты жазаларды қолдану туралы мәселені шешудің келесідей жолдары ұсынылған: қылмыс жасаған уақытта 12 жасқа толмаған балалар қылмыстық қудалауға жатпайды; 12 жастан 17 жасқа дейінгі жас балалар, егер олар «ақылға қонымды» әрекет еткен жағдайда ғана, яғни өздерінің жасаған әрекеттеріне толық жауап бере алатын болса қылмыстық қудалауға жатады; 17 жастан 21 жасқа дейінгі жас қылмыскердің ақылға қонуы туралы мәселе қарастырылмауы тиіс. Автордың пікірі бойынша, абайсызда жасаған қылмыстар үшін 12-ден 17-ге дейінгі жас аралығындағы кәмелетке толмағандар және 17-ден 21-ге дейінгі жас балалар мүлдем қылмыстық жауаптылыққа тартылмауы тиіс [13, 66 б.].

Алайда, XIX ғасырдың соңында қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қатысты қатаң түрде жазалар қолданылатын еді. Нақтылағанда 1891-1893 жылдары 17 жасқа дейінгі қылмыскерлердің 81,9% түрмеге қамауға алынса, ал

түзеу баспанасына тек 5,9 % ғана жіберілген (қалғандары жазалаудың басқа түрлеріне кесілген немесе туыстарына түзетуге берілген) [14, 393 б.].

XIX ғасырдың соңында кеңестік елдерде кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық жазаны орындау тәртібін құқықтық реттеу қажеттілігі пайда болды. Кеңес елдерінде ұзақ уақыт бойы арнайы қылмыстық-құқықтық нормалар ғана емес, сонымен қатар кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды ұстауға арналған жекелеген түзеу мекемелері жоқ екенін атап өткен жөн. Балалар ересектермен бірге ұсталынды, сәйкесінше оларға бір типті режим қолданылатын еді, олармен қатар кезеңдік партияларға кірді, сонымен бірге сынаққа да ұшырады. Яғни, қылмыскерлердің жас шамалары мен физиологиялық даму ерекшеліктері назардан тыс қалған.

Құқық бұзушы кәмелетке толмағандардың жағдайына назар аударудың алғашқы әрекеттерінің бірі ретінде 1838 жылы кәмелетке толмағандарға арналған паналарды ұйымдастыру бағдарламасы аясында ұсынылған балалар баспаналары туралы ереже екендігін атап өту қажет.

1864 жылға дейін Ресей империясының заңнамасында кәмелетке толмағандарды түзеу мекемелеріне жіберу сияқты жазалау шараларын қолдану көзделмеген. Тек жеке және мемлекеттің юрисдикциясына жатпайтын адамгершілік жағынан бұзылған, яғни қоғамдық пікірмен санаспайтын, мемлекет тәрбиесін қажет ететін балалар үшін тәрбиелеу орындарына жіберу мүмкіндігі қарастырылған.

Дегенмен, қоғамның дамуы мен кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстардың ауырлығы жыл санап артып, қылмыспен келетін зиянның мөлшері де ұлғайды, осыған байланысты оларды қоғамнан оқшаулау арқылы түзеу қажеттігі туындаған. Осыған орай 1866 жылы «Балаларға арналған түзеу баспаналары туралы» Заң қабылданып, оған сәйкес аймақтарда түзеу баспаналары ашылып, жас қылмыскерлерді аталған мекемеге жіберу негіздері айқындалды. Бұл заңға сәйкес баспаналарға қылмыс жасап, сотпен кінәлі деп танылып, тәрбиелеуді қажет ететін 10-17 жас аралығындағы жасөспірімдер жіберілетін еді.

Аталған заңның маңызды ерекшеліктерінің бірі кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды сотпен тағайындалған жазадан шартты түрде босату ұғымын енгізгені және тәрбиеленушілермен жұмысты ұйымдастырудағы талаптардың жалпы минимумын баяндаған.

Осылайша, Ресей империясының құқықтық дамуы кезеңінде құқық нормалары мен оларды қолдану тәжірибесінде өзгерістер орын алып отырды. Қылмысқа қарсы күрес саласындағы қызмет әрқашан заң жүзінде регламенттелген, бұл регламенттеу қоғамдық-экономикалық жағдайлармен бірге дамып, өзгеріп отырған [15, 47 б.].

Кәмелетке толмағандарға қатысты заңнаманың дамуының келесі кезеңі 1903 жылы қолданысқа енгізілген қылмыстық жаза болды, ол басталған реформаларды жалғастыра отырып, кәмелетке толмағандарға арналған мекемелердің сипатын анықтады, оларды тәрбиелеу - түзеу деп атады, түзелуге жататын кәмелетке толмағандардың жасын 21 жасқа дейін ұлғайтты, яғни түзеу баспаналарында балалар 21 жасқа дейін ұсталатын болды [12].

Ресей империясында 1909 жылы 19 сәуірде қабылданған «Кәмелетке толмағандарға арналған тәрбиелеу - түзеу мекемелері туралы» Заңымен кәмелетке толмағандарды мәжбүрлеп тәрбиелеу саласындағы жаңа кезең басталды. Ереже тек тәрбиелеу мен түзету ғана емес, сонымен қатар ескерту сипатында болды.

Ресей империясының қылмыстық заңнамасы кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты қорғау және тәрбиелік функцияларды күшейту үрдісімен дамып отырды.

Тәрбиелеу - түзеу мекемелеріне 10 мен 17 жас аралығындағы төменде көрсетілген кәмелетке толмағандар жіберілетін болды:

1) сот ұйғарымдары мен үкімдері бойынша қандай да бір қылмыстық іс-әрекет жасауға кінәлі деп танылғандар;

2) тергеуден және соттан жалтару тәсілдерінің жолын кесу шараларын қолдану үшін кәмелетке толмаған айыпталушылар мен сотталушылар, оларды қамауға алу тергеу немесе сот билігінің қаулылары бойынша;

3) үйі жоқ және қаңғыбастыққа салынған кәмелетке толмағандарға қатысты қауымдастықтар комитеттерінің, басқармаларының немесе кеңестерінің қаулылары, тәрбие - түзеу орындары меңгерушілерінің актілері бойынша;

4) ата-аналардың тәрбиеленуіне берілген кәмелетке толмағандар.

Бұл тізім ғалымдар мен жасөспірімдердің тәрбиесімен айналысатын мемлекеттік органдардың талқылауынан өтіп, оған қоса қоғамдық қатынастар мен қылмыстылық деңгейі ескеріліп түзелген болатын.

Заң жекелеген мекемелердің жарғыларына қабылдауға жататын кәмелетке толмағандардың шекті жасын және олардың мекемелерде болу ұзақтығын анықтауға құқық берді [16, 54 б.].

Осылайша, Ресейде қылмыс жасаған және оны жасамаған балалар да бір типтік тәрбиелік - түзеу мекемелеріне жіберілетін еді, бұл батыстық елдерге қарағанда негізгі ерекшеліктердің бірі болды. Бұл түзеу мекемелері кәмелетке толмағандардың адамгершілік түзелуіне және «адал еңбек өміріне дайындауға» арналған мекемелер ретінде қарастырылды. Яғни, кәмелетке толмағандарды еңбекпен тәрбиелеу басты шарт еді.

Дегенмен тәрбиелеу – түзеу мекемелерінің әлсіз жерлері де көрініс тапты. Оның ең бастысы - бұл мекемелерде тиісті жұмыс істеу жүйесінің болмауы. Айта кету керек, бұл жағдайды жақсарту мақсатында жұмыстар жасалып, барлық

мекемелерге міндетті «үлгі жарғы» қабылданды. Алайда, бұл үлгі жарғы да ешқандай оң нәтиже берген жоқ.

Кәмелетке толмағандарға арналған мекемелерде казармалық, сыныптық, отбасылық, аралас тәрбие жүйелері қабылданып, оларды тәрбиелеу осы бағыттарда жүзеге асырылды.

Казармалық жүйеге сәйкес тәрбиеленушілер сыртқы физиологиялық белгілері бойынша секцияларға, роталар мен бөлімшелерге 50-80 адамнан (сайланбалы қадағалаушылардың басшылығымен) бөлінген.

Сондықтан бұл жүйенің негізгі қасиеті әскери режим болды: әскери командалар, саптық дайындық, барабандық ұрыс және т.б. Үздік тәрбиеленушілер взводтық командирлер болып тағайындалатын.

Казармалық тәрбие жүйесінің өз жақтастары мен қарсыластары болды. Алғашқылары оны жасөспірімдерді бостандықта қатал өмірге дайындау шарттарының артықшылығы деп санады. Екіншілері, мұндай жүйе сырт көзге үлгілі тәртіпті көрсеткенімен, бірақ кәмелетке толмағандарды нақты тәрбиелеуге әсер етпейді деп атап өткен [17, 19 б.].

Отбасы тәрбиесінің негізіне тәрбиешінің жеке басының абыройы, оның тәрбиеленушілерге келтіретін әсері салынған. Осы тәрбие жүйесінің мақсаттарын іске асыру үшін жасөспірімдер шағын үйлерде оқшауланып және әрбір «отбасында» 12-15 адамнан орналастырылған.

Өзін-өзі басқару тұжырымдамасына негізделген отбасылық жүйенің негізгі мүліктік элементтері бар тәрбие жүйесі XIX ғасырдың соңында Америка Құрама Штаттарында қалыптасқан. Барлық үй-жайларды балалардың өздері ересек шеберлердің бақылауымен салған, онда бір ересектермен 10-15 адамнан, кей жерлерде 20 адамнан тұратын топтар орналастырылған. Әр топтың өздерінің ас үйілері болған. Одан бөлек, демалысқа арналған ортақ бөлмелерінде тәрбиеленушілер бос уақыттарын өткізген.

Сол кезеңде тағы бір жаза ретінде қылмыскерлерді монастырға жолдау арқылы, сол жерде оларды тәрбиелеумен айналысу мүмкіндігі қарастырылған. Алайда, сот тәжірибесінде бұл жазаны қолдану өте сирек кездесетін еді. Себебі монастыр әкімшілігі кәмелетке толмаған қылмыскерлерді қалай тәрбиелеу керектігін білмейтін және өздеріне қандай міндеттер жүктелгенін, сәйкесінше қылмыскер оларға жолданған жағдайда олармен қандай жұмыстар жүргізу керектігін білмейтін.

XIX ғасырдың басында Ресей империясында кәмелеттік жасқа толмаған балаларға арналған мекемелердің екі түрі болған: қолөнер баспаналары мен егіншілік колониялары. Олар көбінесе қолөнер-егіншілік колонияларын немесе бау-бақша, омарта шаруашылығы және т.б. мектептерімен қосылып, аралас колониялар да құрылған. Тек жоғарыда аталып өткен 1909 жылы 19 сәуірде

қабылданған «Кәмелетке толмағандарға арналған тәрбиелеу - түзеу мекемелері туралы» Заңмен ғана мемлекетте кәмелетке толмағандарға арналған түзеу мекемелері салына бастады.

Бұл мекемелер енді тәрбие - түзету деп аталғандықтан, олардың негізгі мақсаты кәмелетке толмағандарды қайта тәрбиелеу болды. Осылайша, бұл мекемелердің қызметінде тәрбиенің басымдылығы атап өтілді. Іс жүзінде кейбір мекемелер атауына қарамастан, жазасын өтеушілерге өте қатал шаралар қолданып, сәйкесінше сотталғандар тарапынан кері байланыс орнап, олармен көтерілістер мен құқық бұзушылықтар жасалып, мекеменің қалыпты жұмыс жасауына кедергі келтіретін [18].

XX ғасырдың басында кәмелетке толмағандарға арналған барлық түзеу мекемелеріндегі орындар саны 1950 құрады, ал жыл сайын сотталған кәмелетке толмағандардың саны 15000-ға жететін, ал түзеу мекемелері арқылы жылына 4300-ге жуық кәмелетке толмағандар өтетін.

Аталған статистика сол замандағы кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазалардың көптеп қолданатындығын және жазалардың қатандығын көрсетеді.

Кәмелетке толмағандарға қатысты жазалардың қатаң болуын сол уақыттағы кейбір ғалымдар түсіндіруге тырысқан. Мысалы, профессор П.П.Пионтковский былай деп жазды: «... 12 жастан бастап бірқатар қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік белгілеу кәмелетке толмағандарға Кеңес үкіметі өзінің өсіп келе жатқан азаматтарына елеулі талаптар қоятынын көрсету ниетінен туындады» [19].

1922 жылғы Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы Қылмыстық кодексінде 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға жаза қолданбау туралы ережені 18-бабында қарастырды. Одан әрі осы кодекстің 25-бабында кәмелетке толмағандарға жас шамасына қарай (16 жастан 18 жасқа дейін, 14 жастан 16 жасқа дейін, 14 жасқа дейін) жазалау шараларын анықтауға ықпал ету туралы ереже болды. Сонымен қатар 14 жастан 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға медициналық-педагогикалық ықпал ету шаралары қолдану қажеттігі аталып өтті. Бұл жас шамаларына қарай қылмыс жасағандарды бөлу бекер емес еді. Олардың психологиялық даму жағдайлары ескеріліп, мейлінше көмек көрсету мақсатында жасалған болатын.

Жоғарыда аталған Қылмыстық кодекстің 25-бабында кәмелетке толмаған адамға жазалау шараларын таңдау туралы шешім қабылдауда кәмелетке толмағандар туралы істер жөніндегі комиссиялардың басымдығын бекітті. Комиссия медициналық-педагогикалық ықпал ету шараларын қолданумен шектелуі мүмкін еді.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен одақтас республикаларында кәмелетке толмағандар сотталушыларға қатысты жаңа

бастама ретінде 1924 жылы қолданысқа енгізілген «жасөспірім және кәмелетке толмаған» ұғымдарын атап өтуге болады.

Аталған мерзімнен бастап Кеңес мемлекетінде кәмелетке толмаған қылмыскерге ересек қылмыскерлерге қолданылатын жазалардан басқа ерекше шараларды қолдану принципі қарастырылды.

Жасөспірім және кәмелетке толмаған бала ұғымдарына байланысты жас мөлшерін анықтау, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тартудың міндетті жағдайлары одақтас республикалардың құзыретіне жатқызылды. Алайда, 1926 жылы Қылмыстық кодексте қылмыстық жауаптылықтың нақты жасын көрсетпеді. Жасөспірімдер мен кәмелетке толмағандарды бөлу тек теориялық тұрғыдан жүргізілді, заңда бұл ұғымдар анықталмаған еді.

Бұл олқылық кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық жаза қолдану барысында кері әсерін тигізді. Мәселен, «Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрес шаралары туралы» 1935 жылғы 5 сәуірдегі орталық кеңес үкіметінің қаулысымен 12 жастан бастап адам өлтіру, ұрлық, зорлық-зомбылық, дене жарақаттары, мертігуі үшін адамдардың қылмыстық жауаптылығы белгіленген және Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен одақтас республикалардың қылмыстық заңнамаларында кәмелетке толмағандарға медициналық-педагогикалық сипаттағы шараларды қолдану құқығын берген. Яғни, жекелеген нормативтік құқықтық актілерде кәмелетке толмағандарға қатысты жаза қолдану барысында нақты жас шамалары көрсетілсе, жекелеген актілерде жалпылама түрде кәмелетке толмағандар деген атаумен берілген.

Дегенмен, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігіне қатысты нормативтік актілердің мазмұны 1938-1941 жылдар аралығында жазалау шараларын көптеп қолдануға бағытталған еді. Яғни, қылмыс жасаған балаларға қатаң жаза қолдану тәжірибесі қолданыла бастады.

Мәселен, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1940 жылғы 10 желтоқсандағы «Поездардың апатқа ұшырауы мүмкін іс-әрекеттер үшін кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі туралы» Жарлығына сәйкес осы аталған құқық бұзушылық іс-әрекеттерді жасап (рельстерді бұрып тастау, түрлі заттарды рельстерге қою және т.б.) ұсталған кәмелетке толмағандар 12 жастан бастап қылмыстық жазалаудың барлық шараларын қолдана отырып, қылмыстық жауапкершілікке тартуға рұқсат берілді. Бұл норманың ерекшелігі сол замандағы темір жол тасымалының экономикалық маңыздылығы мен халықтың негізгі құралы болуында еді, экономикалық тұрғыдан да үлкен шығындарға әкеп соғатын.

Жыл өте келе кәмелетке толмағандарға қатысты заңнамаларды ізгілендіру басталып, кейбір қылмыстар үшін жаза мөлшері төмендетілсе, жекелеген қылмыстар бойынша жаза өтеу режимдері жеңілдетілді.

Бұл кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айырумен байланысты шараларды қолданудан бас тарту идеялары дәйекті іске асырылған кезең болды. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істерді саралаған органдар қызметінің тұжырымдамасында да белгілі бір өзгерістер болды. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияларды құрушылар - бұл органдардың міндеті қоғамды кәмелетке толмағаннан емес, құқық бұзушы баланың мүдделерін қорғаудан тұрады деп санады. Баланың құқық бұзушылық жасауы баланың жеке басын сипаттайтын белгілердің бірі ғана болып табылатын еді. Одан бөлек, оның тәрбиесі, қоршаған ортасы, білім беру ұйымы, туыстары мен жақындарының атқаратын рөлдері де орасан зор.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Соты Пленумының 1948 жылғы 17 ақпандағы «Кәмелетке толмағандарға қатысты 1947 жылғы 4 маусымдағы жарлықтарды қолдану туралы» Қаулысымен сот органдарына 12 жастан 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар аз мөлшерде ұрлық жасаған жағдайда істі қылмыстық тәртіпте қысқарту және айыпталушыларды еңбек тәрбиелеу колонияларына жіберу туралы мәселе қою ұсынылған болатын.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының қылмыстық заңнамасының негіздері және 1959-1961 жылдары қабылданған одақтас республикалардың қылмыстық кодекстерінде қылмыс жасалғанға дейін 16 жасқа толмаған адамдарға жауапкершілік көзделмейтіндігі, оларға қылмыстық жаза қолданылмайтындығы айқындалған.

Кісі өлтіргені, денсаулыққа зиян келтірген, қасақана ауыр зақым келтіргені, зорлағаны, қарақшылық шабуыл жасағаны, ұрлық жасағаны, қасақана немесе аса қасақана бұзақылық жасағаны, ауыр зардаптарға әкеп соққан азаматтардың мемлекеттік, қоғамдық мүлкін немесе жеке мүлкін қасақана жою немесе зақымдағаны, сондай - ақ поездың қирауына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерді қасақана жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталған. Кәмелетке толмағандарға түрмеде қамау түрінде және бас бостандығынан айыру қолданылмады.

Дегенмен, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмыстардың нақты құрамдары көрсетілмеген, тек қана бірнеше құрамдарды қамтитын қылмыстардың тізімі берілген. Мысалы, адам өлтіргені үшін қылмыс жасаған кезде 14 жасқа толған адамдар қылмыстық жауапқа тартылатыны, бірақ бұл жерде олар қасақана адам өлтірумен қатар абайсызда кісі

өлтiргенi үшiн де, денсаулықтың бұзылуына әкеп соққан дене жарақаттарын келтiргенi үшiн де жауапқа тартылатыны көрсетiлмеген [20].

Қазақ Кеңестiк Социалистiк Республикасының Қылмыстық кодексiне сәйкес тәрбиелiк сипаттағы мәжбүрлеу шараларының бiрi ретiнде кәмелетке толмағанды еңбек ұжымының, қоғамдық ұйымның немесе жеке азаматтың бақылауына беру немесе кәмелетке толмағандардың қоғамдық тәрбиешiлерi туралы Ережеге сәйкес қоғамдық тәрбиешiнi тағайындау көзделген.

Үш жылға дейiн бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындаған кезде сот жасалған қылмыстың қоғамдық қауiптiлiгiнiң сипаты мен дәрежесiн, кiнәлi адамның жеке басын және iстiң өзге де мән-жайларын, сондай-ақ оны қоғамнан оқшауламай түзеу мен қайта тәрбиелеу мүмкiндiгiн ескере отырып, мұндай адамға қатысты бас бостандығынан айыруға үкiмдi орындау 6 айдан 2 жылға дейiнгi мерзiмге кейiнге қалдырылуы мүмкiн болатын.

Жалпы, қылмыстық жаза жүйесiн және оларды орындау шарттарын жетiлдiру Александр II реформаларымен байланысты. Оның 1863 жылғы 17 сәуiрдегi «Қазiргi қылмыстық және түзеу жазаларының жүйесiндегi кейбiр өзгерiстер туралы» Жарлығымен қылмыстық жазалау шарасы ретiнде кәмелетке толмағандарға қатысты бұрын қолданылған дене жазаларының күшi жойылды.

Ауыр қылмыс жасағаны үшiн жазаларға келетiн болсақ, 1866 жылдан бастап қылмыстық және түзеу жазалары туралы ұсыныс енгiзiлiп, онда кәмелетке толмағандарға өлiм жазасын қолдануды және айдалу (айдауға жiберу) жұмыстарына сiлтеменi қарастырды.

Сонымен, кәмелетке толмағандардың жауапкершiлiгi туралы заңнаманың даму жолын қарастырсақ, ол Кеңестiк Социалистiк Республикалар Одағының Қылмыстық кодексiнен бастап Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексiмен аяқталатындығы байқалады. Тарихтың әрбiр жаңа кезеңiнде заңнама өз ерекшелiгiне ие болғанын атап өту қажет, бiрақ кәмелетке толмағандарға ересек қылмыскерлерге қарағанда қолданылатын жазалар жеңiлiрек және тәрбие сипатындағы шараларға бағытталған жазаларды неғұрлым қатаң қолдану шарттары заңнамада өзгерiссiз қалдырылғандығы көрiнiс тапты.

Нақтылағанда, Қазақ Советтiк Социалистiк Республикасының 1959 жылғы 22 шiлдедегi Қылмыстық кодексiнiң 10-бабына сәйкес қылмыс жасалғанға дейiн он алты жасқа толған адамдар қылмыстық жауаптылыққа жатады. Он төрт жастан он алты жасқа дейiнгi қылмыс жасаған адамдар адам өлтiргенi, денсаулығына зиян келтiрген қасақана дене жарақаттарын келтiргенi, зорлағаны, қарақшылық шабуыл жасағаны, тонағаны, ұрлық жасағаны, қасақана немесе аса қасақана бұзақылығы, ауыр зардаптарға әкеп соққан азаматтардың мемлекеттiк, қоғамдық мүлкiн немесе жеке мүлкiн қасақана құртқаны немесе бүлдiргенi, атыс қаруын, оқ-дәрiнi немесе

жарылғыш заттарды ұрлағаны, есірткі заттарын ұрлағаны үшін, сондай-ақ қасақана жасалған іс-әрекеттер жасағаны, келтірген шығыны пойыздың апатқа ұшырау мүмкіндігімен ұштасқан әрекеттер [20].

Бұл кодекстің Қазақстанда кейіннен қабылданған кодекстерден басты ерекшелігі кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылыққа тартылатын қылмыстар нақты санамалап аталып өткендігі.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдесіндегі Қылмыстық кодексінің 78-бабында «осы бөлімнің күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп қылмыс жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады» делінген.

Сондай-ақ, 79-бапта «кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру он жылдан аспайтын, ал ауырлататын мән-жайларда кісі өлтіргені үшін немесе қылмыстардың жиынтығы бойынша қылмыстардың біреуі ауырлататын мән-жайларда кісі өлтіргені үшін - он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін» екендігі аталып өткен [21].

Қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 1997 жылғы кодекстен ең басты ерекшелігі кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қолдану мүмкін қылмыстық құқық бұзушылықтар тізіміне терроризм актісі және терроризм болып табылатын қылмыстар енгізілген. Бұл норма кодекстің 81-бабында белгіленген [22]. Яғни, кәмелетке толмағанға бас бостандығынан айыру түріндегі жаза кісі өлтіру қылмысымен қатар террористік қылмыстар үшін де қолданылатындығын атап өткен жөн.

Бұл норманың енгізілуін еліміздің терроризммен күресу бағытындағы шараларының бір көрінісі деп түсінуіміз қажет. Бұл өзгерістен басқа аталып өткен үш кодексте де кәмелетке толмағандар ерекше санаттағы тұлғалар ретінде айқындала отырып, қолданылатын жаза түрлері мейлінше жеңілдетілген деген тұжырымды айтуға болады.

1.2. Кәмелетке толмағандарға қатысты жаза тағайындаудың Қазақстан Республикасындағы ерекшеліктері

Кез-келген орын алған қылмыстық құқық бұзушылыққа тиісті жаза тағайындау қарастырылған. Бұл ең жеңіл жазадан - айыппұлдан бастау алып, ең ауыр – өлім жазасына дейінгі ықпал ету шаралары қолданылады. Жазаның мөлшері жасалған қылмыстың сипаты мен түріне қарай айқындалады. Жаза қолдану барысында басты талаптардың бірі - адамның жас шамасы.

Қылмыстық жазалау принциптерінің жүйесі ересектер мен кәмелетке толмаған құқық бұзушылар үшін бірдей. Ол заңдылық, ізгілік, әділеттілік және жазаның жасалған қылмысқа сәйкес болу қағидаттарын қамтиды. Алайда,

кәмелетке толмағандарға жекелеген принциптерді қолдану барысында өзіне тән ерекшеліктері бар.

Кәмелетке толмағандар өздерінің физиологиялық, әлеуметтік жағдайлары ескеріліп ерекше санаттағы тұлғалар ретінде қарастырылады. Бұл санаттағы тұлғаларға қолданылатын жаза түрлері де барынша ізгілендірілген.

Алайда, қолданыстағы қылмыстық заңнама кәмелетке толмағандарға қатысты жаза қолдану барысында ол тек жасалған қылмыстың ғана емес, қылмыскердің өзіне де баға беруге арналған. Сондықтан жаза тек қылмыстың ауырлығына ғана емес, сонымен қатар қылмыскердің жеке басын сипаттайтын деректерге де тәуелді. Соттар кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау барысында олардың жеке бастарының қаншалықты қоғамнан оқшаулау қажет деген сұраққа жауап алулары тиіс.

Тәжірибе көрсеткендей, кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстардың басым көпшілігі қоғамдағы өз орнын табуға тырысып, достары мен араласатын ортасының алдында өзін биік әрі мықты адам ретінде көрсету мақсатында немесе білместіктен, үшінші жақтың арбауына түсу нәтижесінде орын алуда. Сәйкесінше, бұл мән-жәйлар оларға қатысты жаза қолдану барысында ескерілуі тиіс.

Зерттеуші Н.Стручковтың ойынша: «сотталған адамға тағайындалған жаза жәбірленушінің қылмыс нәтижесінде келтірілген азабына сәйкес болуға тиіс. Мұндай балама кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты қолдануға болмайды. Қылмыскерлердің осы санатына жаза тағайындай отырып, ізгілендіру, мақсаттылық және тиімділік принциптерін назарға алған жөн» [23, 154 б.].

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттердің алдын алу мен профилактикасы қылмыстық жаза қолданумен ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің өсіп келе жатқан ұрпағын құқықтық тәрбиелеудің жалпы деңгейіне байланысты. Бұл ретте жасөспірімдер тек өз құқықтары мен бостандықтарын құрметтеп ғана қоймай, басқа азаматтардың құқықтарын құрметтеуге, қоғамды сыйлауға және әлеуметтік жауаптылыққа деген тәрбиенің маңызы зор.

Осыған байланысты кәмелетке толмағандарға жаза тағайындаудың кейбір ерекшеліктерін атап өткен жөн.

Біріншіден, қылмыстық істі қарау жөніндегі сот процесі баланың психикасына өте ауыр және тиімсіз, кей жағдайларда кері әсер етеп, психикасының бұзылу қаупі туындайды. Зерттеушілер балалар мен жасөспірімдер «жазалауға жататын кінәлілер ретінде емес, емдеуге жататын науқастар ретінде әрекет етуі тиіс» деп атап өткен.

Екіншіден, сот процесінде кәмелетке толмағанның ерекше статусы қағидаты басшылыққа алынады. Кәмелетке толмағандардың жас ерекшеліктері мен

қоғамдағы рөлін ескерсек, олардың басым көпшілігі өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерінен хабарсыз, кейбіреулері құқықтық қатынастарға мүлдем түсіп көрмеген. Сондықтан кәмелетке толмағандардың істері бойынша сот талқылауы барысында этикалық пен мораль нормалары, балалардың психологиялық дәрежесін ескеру үлкен маңызға ие.

Үшіншіден, жазаны қолдану және оның сипаты туралы мәселені шешу барысында кәмелетке толмағанға тәрбиелік ықпал етудің неғұрлым қолайлы режимін, оны зиянды әсерден үзуді және тәрбие жұмысының нәтижелерін бекітуді қамтамасыз етуі тиіс [24, 118 б.].

Осы мән-жайларды ескере отырып, оның қайта тәрбиеленуіне барынша ықпал ететін тиісті жаза түрін тағайындау қажет. Еліміздің ізгілендіру бағытындағы саясатының негізінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға көп жағдайда бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалар, басым көпшілігі бас бостандығынан шектеу түріндегі қылмыстық жаза тағайындалады.

Дегенмен, тәрбиелік шараларға құлақ аспай, заң шекарасынан асып ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған немесе қылмыстың қайталануына жол берген кәмелетке толмағандарға қылмыспен келтірген залал және оның ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, бас бостандығынан айыру жазалары тағайындалатындығы белгілі.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық істерін қарау кезінде сот алдында тұрған ең өткір және негізгі мәселелердің бірі жасөспірімді бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қолданып, қылмыстық-атқару жүйесінің жаза өтеу орындарына жіберу немесе шартты жазалау шараларын қолдану арқылы қоғамнан оқшауламау. Алдын ала тергеу барысында прокурордың алдында әрдайым айыпталушы – кәмелетке толмағанға қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу тұрады. Жасөспірімнің болашақ тағдыры мен өмір сүру салтын анықтайтын адамдар үнемі процессуалды ғана емес, психологиялық дилемма алдында да болады.

Жалпы жазалаудың негізгі мақсаты - қылмысты алдын алу. Заң шығарушының міндеті - қоғамдық қауіптілік пен жазаның түрі мен мөлшерін көздейтін санкция арасындағы дұрыс қатынасын орнату.

Заң әдебиетінде «қылмыстың алдын алу» терминімен қатар «қылмыстың профилактикасы» терминін жиі кездестіруге болады. Жекелеген ғалымдардың пікірлері бойынша аталған терминдер қылмысқа жол бермеу мақсатында әр түрлі қызмет түрлерін білдіреді [25, 105 б.], басқалары оларды синонимдер ретінде қарастыруда [26, 8 б.].

Кәмелетке толмағанға жаза тағайындау барысында сот тек жеке тұлға туралы ғана емес, сонымен қатар кәмелетке толмағанның ортасы туралы, оның

қоғамдық көзқарасы мен отбасындағы жағдайлары жөніндегі толық, талданған, жан-жақты және шынайы ақпаратты басшылыққа алуы тиіс. Аталған ақпаратты жан-жақты қарау мен талдау ғана жасөспірімге өмір бойы «қылмыскер» деген қара мөрдің басылмауына және оның қоғамға қайта тәрбиеленген тұлға ретінде қосылуына, ең бастысы жасалған қылмысқа тепе-тең және сай келетін жаза қолдануға кепіл бола алады.

Халықаралық шарттарда кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға сын көзбен қарайды. Аталған тұлғаларға мейлінше қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза қолдануды ұсынады.

Атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 1989 жылғы 20 қарашадағы резолюциясымен бекітілген Бала құқықтары жөніндегі Конвенцияның 37-бабына сәйкес бірде-бір бала заңсыз немесе ерікті түрде бас бостандығынан айырылмауы тиіс. Баланы қамауға алу, ұстау немесе түрмеге қамауға алу заңға сәйкес жүзеге асырылады және тек соңғы шара ретінде, сондай-ақ мүмкіндігінше қысқа уақыт кезеңінде ғана пайдаланылуы қажет [27].

Бұдан басқа Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 жылы 10 желтоқсанында қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты» Ережелерінің 17-тармағында кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін жүргізу барысында, яғни қылмыс жасаған жасөспірімдерге ықпалшара қолдану кезінде басшылыққа алынатын негізгі принциптер айқындалған.

Нақтылағанда: а) ықпалшаралар құқық бұзушылықтың шарттарымен, оның ауырлығымен ғана емес, сонымен қатар кәмелетке толмаған құқық бұзушының жағдайымен, мұқтаждарымен және қоғамның мүдделерімен байланыста тағайындалуы керек;

б) кәмелетке толмаған құқық бұзушының жеке бостандығын шектеу туралы шешім мәселені мұқият қарастырғаннан соң ғана қабылдануы керек және ондай шектеулер барынша қолданылмағаны жөн;

с) кәмелетке толмаған құқық бұзушыны басқа тұлғаға зорлық жасап немесе бірнеше мәрте ауыр құқық бұзушылық жасаған болмаса және басқа ықпалшара түрі табылмаған болмаса, жеке бостандығынан айырмаған дұрыс;

д) кәмелетке толмаған құқық бұзушының ісін қарау кезінде оның игілігі негізгі фактор ретінде алыну керек [2].

Бұл халықаралық шарттардың негізгі ұстанымы кәмелетке толмағандар ауыр қылмыс жасамаса олар абақтыға қамалуға жатпайды, оларға кез-келген жаза тағайындау барысында тек жан-жақты зерттеу мен талдау нәтижесінде оның түзелуіне қажетті ықпалшара қолданған жөн.

Еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бастап жыл санап ұлттық заңнамаларды ізгілендіру бағытындағы саясат жүргізілуде. Әсіресе қылмыс жасаған кәмелетке толмағандар мен әйелдерге қатысты бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды қолдану тәжірибесі қолға алынған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында: «қылмыстық құқықты одан әрі дамыту, бұрынғыдай қылмыстық саясаттың қос векторлығын ескере отырып жүргізілуге тиіс. Ізгілендіру - ең бастысы, алғаш рет ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдарға, сондай-ақ халықтың әлеуметтік әлсіз топтары - жүкті және асырауында кәмелетке толмаған балалары бар жалғызбасты әйелдерге, кәмелетке толмағандарға, жасы ұлғайған адамдарға қатысты болуға тиіс» делінген.

Сонымен бірге, қылмыстық құқықты дамытудың маңызды бағыты, ең алдымен аса қоғамдық қауіп тудырмайтын адамдарға (абайсызда қылмыс жасаған кәмелеттік жасқа толмаған адамдар, өзге де адамдарға - жазаны жеңілдететін мән-жайлар) қатысты қылмыстық жазалаудан босатудың шарттарын кеңейту арқылы қылмыстық қуғын-сүргінді қолдану аясын кезең-кезеңмен қысқарту мүмкіндігін айқындау болып табылады [28].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 81-бабының 1-бөлігіне сәйкес кәмелетке толмағандарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру түріндегі жазалар тағайындалады [22].

Біздің елде кәмелетке толмағанға жаза қолдану барысында оның жас шамасына ғана қарап қоймай, оның жасаған әрекетінің қоғамға қауіптілік дәрежесі де негізге алынады. Яғни, жасалған құқық бұзушылықтың қауіптілігі ауыр болмаса, оларға қатысты бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза қолданылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» 2002 жылғы 11 сәуірдегі №6 Нормативтік қаулысына сәйкес егер адамның өліміне немесе денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмыстық құқық бұзушылықты бірінші рет жасаған кәмелетке толмаған адам жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянның орнын толтырса, тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылып, қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін екендігін соттар ескеруі қажет [29].

Сонымен бірге қылмыс жасаған кәмелетке толмағанға жаза қолдану барысында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 82-бабының талабына сай осы Кодекстің 52-бабында көзделген мән-жайлардан басқа, оның өмірі мен тәрбиесінің жағдайлары, психикалық даму деңгейі, жеке басының өзге де ерекшеліктері, сондай-ақ оған жасы жағынан үлкен адамдардың ықпалы ескеріледі [22].

Бас бостандығынан айыру - сотталған адамды қоғамнан оқшаулау және жазаның мақсаттарына қол жеткізу үшін оны заңда белгіленген ұстау орындарына орналастыру болып табылады. Қылмыстық жазаның ауырлығы тек мерзімге ғана емес, сондай-ақ ол өтелетін шарттармен де анықталатыны белгілі.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, соңғы 7 жыл көлемінде бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандар саны 4 есеге азайған (2011 ж. – 216, 2012 ж. – 178, 2013 ж. – 188, 2014 ж. – 109, 2015 ж. – 63, 2016 ж. – 86, 2017 ж. – 82, 2018 ж. - 58) [30].

Бүгінгі таңда кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемеде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларын 44 кәмелетке толмағандар өтеуде. Бұл тұлғалармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарға талдау нәтижесі, олардың 95 % (42 бала) жеке адамға қарсы қылмыстар жасаса, тек бұрын сотты болған 2 кәмелетке толмаған жеке меншікке қарсы қайта қылмыс жасап, бас бостандықтарынан айрылған.

Бұл кәмелетке толмағандармен жеке адамға қарсы жасалған 20 қылмыстар адам өлтіру мен денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірумен және 22 қылмыс зорлау мен сексуалдық сипаттағы зорлық – зомбылық көрсетумен байланысты. Демек, бұл қылмыстардың басым көпшілігі ауыр және аса ауыр қылмыстар болып табылады.

Жасөспірімдердің мұндай ауыр қылмыстарды жасау қабілеті мен дайындығы олардың бойларында қылмыстық нормадан едәуір ауытқулары бар екендігін сипаттайды және бұндай кәмелетке толмағандарда қоғамдық теріс мінез-құлық пен психологиялық проблема, әлеуметтік және отбасылық теріс ықпалдардың орын алғандығын білдіреді.

Жалпы пенитенциарлық жүйеге түскен кәмелетке толмағандар қоғамда қандай да бір әлеуметтік немесе психологиялық теріс ойлар қалыптасқан, келенсіз жағдайға душар болғандар немесе ересектердің, достарының және араласатын ортасының теріс пиғылдарын жүзеге асыруға тырысқандар ретінде қарастыруға болады.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның басты элементі сотталғанды қоғамнан, белгілі бір ортадан оқшаулау арқылы қайта түзету болып табылады, соның нәтижесінде адам еркін жүріп-тұру, тұрғылықты жерін таңдау, жұмыс,

адамдармен және туыстарымен қарым-қатынас жасау, өзіне билік ету және т.б. құқығынан айрылады.

Ғылыми әдебиеттерде қылмыстық жауапкершілікті ізгілендіру жөнінде ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Кейбір авторлар кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру қажет деп санайды [31, 95 б.]. Өз кезегінде, Ресей ғалымы В.С. Устинов бұл мәселені әрі қарай қарастырып: «жиырма бірінші ғасырдағы саясаттың іргелі ұстанымы жас қылмыскерлердің қолайсыз тенденциялары мен жасаруына қарамастан, Ресейдің Қылмыстық кодексінде көзделген әлеуметтік қауіпті әрекеттерге балаларды қудалаудан бас тартуы тиіс» деп атап өткен. Автор кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігін тек жас ерекшеліктеріне байланысты, яғни: 14 жастан бастап 7 жылға дейін, 16-18 жастан 10 жылға дейін түрмеге қамау туралы үкім шығаруды ұсынады [32, 14 б.].

Көптеген ғылыми еңбектерде осы тақырыпта зерттеу жүргізген ғалымдар мен зерттеушілер бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрестің негізгі құралы ретінде пайдалануға болмайтындығын атап өткен. Бұл жазаның түрі тек ауыр немесе аса ауыр қылмыстар үшін ғана және бұрын қылмыс жасаған жасөспірімдерге, яғни рецидивистерге қатысты қолданған жөн.

В.С. Орловтың көзқарасы бойынша: «кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрестің басты шарасы болмаса да, кейбір жағдайларда осы уақытқа дейін кәмелетке толмаған қылмыскерлердің белгілі бір санатына барынша пәрменді әсер ететін құралы болып табылады» [33, 38 б.].

М.М. Бабаевтың пікірінше: «жоғары қоғамдық қауіп қатермен ерекшеленетін кәмелетке толмаған қылмыскерлерге бас бостандығынан айыру жазасы оларға қатысты әсер етудің өте пәрменді құралы. Сонымен қатар, қоғамнан оқшаулау - мемлекеттік мәжбүрлеудің аса өткір және қатал нысаны және кәмелетке толмағандарға қатысты тек соңғы ғана емес, айрықша ретінде қарастырылуы тиіс» [34, 41 б.]. Қазіргі уақытта көптеген мамандар бас бостандығынан айыру түріндегі жаза кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігін іске асырудың негізгі нысаны ретінде қарастырылмауы тиіс және осы жазаны тағайындауды барынша азайту қажет деген пікірге бейім [35, 42 б.].

Жалпы білім беруді, кәсіпті меңгеруді, тәрбиелеуді, спорттық, қоғамдық-бұқаралық және өзге де жұмыстары қарастырылған түзеу мекемелерінің өзі қоғамнан оқшаулаумен байланысты кәмелетке толмағанның адамгершілік-психикалық санасына кері әсер етпей қоймайды. Мұндай әсер сөзсіз, өйткені ол оқшаулауға байланысты жазаның кері жағын білдіреді [36, 192 б.].

Біз көрсетілген көзқараспен келісеміз. Тек кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау олардың жас және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескере

отырып, қатаң және терең сараланып, жекеленуі, яғни индивидуалды түрде қолданылуы тиіс. Осыған байланысты кәмелетке толмаған адамға бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындауға оны қоғамнан оқшауламай түзеу мүмкін болмаған кезде немесе оның жасаған қылмысына басқа тепе-тең келетін жаза түрі болмаған жағдайда ғана жол берілуі қажет деп ойлаймыз.

Жалпы, кез-келген сот қарауындағы қылмыстық істер бойынша жаза белгілейтін сот болғандықтан, сотталушы кәмелетке толмағанның жасаған әрекетін жан-жақты саралау арқылы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 83-бабының талаптарын негізге ала отырып, мүмкіндігінше бас бостандығына альтернативті жаза қолдану қажет.

Аталған бап талаптарына сәйкес қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс жасаған не ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ түзеуге болады деп белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл ретте оған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

Бұдан басқа, қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін бірінші рет сотталған кәмелетке толмаған адамды, егер оны түзеуге тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы қол жеткізуге болады деп танылса, сот жазадан босатуы мүмкін.

Сондай-ақ, қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды осы Кодекстің 68-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін [22].

Дегенменде, кей жағдайларда кәмелетке толмағандардың мүдделерін қорғай отырып, олар жасаған кейбір қылмыстық әрекеттер қоғамға, адамдарға үлкен залал келтіретінін ескерсек, оларға ықпал ету шараларын қолданбау арқылы кәмелетке толмағанның бойында болашақ қылмыскер мен қоғамға қарсы мінез-құлық қалыптасатындығын ұмытпаған жөн.

Алайда бас бостандығынан айыру бірқатар теріс салдарларға ие. Олар жасөспірімді қоғамнан оқшаулау тек әлеуметтік зиянды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік пайдалы байланыстар мен ықпалдарға да нұқсан келтірумен байланысты. Оң әсерден басқа бас бостандығынан айыру орындарында кәмелетке толмаған адам да түзелу жолына тұрғысы келмейтін, түрме субмәдениетін ұстанған, қоғамға қарсы пиғылды адамдар тарапынан теріс ықпалға да ұшырайды.

Кейбір авторлар қылмыстық статистиканың мәліметтеріне сәйкес бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеген адамдардың екінші рет қылмыскер болу ықтималдығы жоғары екенін атап өткен. Демек, халықтың көп бөлігі бас бостандығынан айыру орындарынан өткен сайын, қылмыстың қайталануы соғұрлым көбейеді [37, 40 б.].

Аталып өткен ғалымдардың пікірлерін, қазіргі уақытта орын алып отырған тәжірибені ескере отырып кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық жаза қолдану мәселесі қылмыстық заңнамада өзектілігін ешқашан жоғалтпайтындығын және заман ағымына қарай өзгерістерге ұшырап отыратындығын атап өту қажет. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылық мәселелері Қылмыстық кодексте арнайы тарау ретінде қарастыру, бұл санаттағы тұлғаларға ерекше нормалар белгіленгендігін байқатады, сондай-ақ олардың әлеуметтік және психологиялық өзгешеліктерін көрсетеді. Сондықтан, жасөспірімдердің қылмыстылығын алдын алу жұмыстарын одан әрі күшейту қажет.

Кәмелетке толмағандар арасында топтық күш көрсетулер, нашақорлық, алкогольдік еліктеу секілді теріс әсерлер қылмысқа алып баратын айрықша жолдар болып есептеледі. Бұл келенсіздіктерді алдын алу үшін білім беру ұйымдарында профилактикалық шараларды үнемі жүргізіп, балалардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатқан абзал.

Тәжірибеде 14 пен 18 жас аралығындағы адамдар психологиялық тұрақсыз, сенгіш, адамдардың сөздеріне еріп, қоғамда өз орындарын таппаған тұлғалар ретінде сипатталады.

Зерттеуші Қ.Бегалиев: «14-18 жас аралығында жасөспірімдердің қоршаған ортаға саналы қатынасы өнегелік принциптері, мақсаты мен армандары қалыптасады. Бұл мерзімде кәмелетке толмаған бойында, атап айтқанда оның психикасында күрделі өзгерістер орын алады. Жасөспірімдердің бойында физикалық, жыныстық дамуы жүретін балалықтан ересектікке өту кезеңінде оның моральдық және интеллектуалдық, өнегелік көзқарастары мен түсініктері қалыптасады» деген [38, 15 б.].

Біздің ойымызша жасалған қылмыстық әрекетіне сай жаза қолдану принципін жүзеге асыру кезінде қылмыстың ауырлығы мен кінәлінің жеке басының арақатынасы кәмелетке толмағандардың жас ерекшеліктеріне байланысты қаралуы тиіс. Яғни, он алты жасқа толмаған адамдарға қатысты өздеріне тән ерекшеліктерін ескере отырып, он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдарға қарағанда оларға қатысты мейлінше ізгілендірілген, жеңіл жаза қолданған жөн.

Сол себепті, оларға қатысты қолданылатын қылмыстық жазалар ерекше сипатқа ие. Ізгілендіруді басты талап ретінде басшылыққа ала отырып, сот органдарының тәжірибесі кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды тағайындауға бағытталған.

1.3. Кәмелетке толмағандарға қатысты жаза тағайындаудың шетелдік тәжірибесі

Әлемнің әр елінде кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылыққа тартудың жас шамалары әртүрлі және олар бірқатар факторларға негізделген өзінің ерекшеліктеріне ие. Бүгінгі уақытта әлемнің барлық елдерінде кәмелетке толмағандардың қылмыстық - құқықтық режимі қандай да бір дәрежеде ересек құқық бұзушылардың қылмыстық - құқықтық режимінен ерекшеленеді.

Біріншіден, кәмелетке толмаған адамдардың жас және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері, екіншіден, қылмыстардың криминологиялық сипаттамасы. Аталған факторлар ескеріле отырып, Ресейдің, Австрияның, Германияның, Жапонияның қылмыстық заңдарында кәмелетке толмағандар он төрт жастан жауаптылыққа тартылса, Нидерландыда, Португалияда он екі, Жаңа Зеландияда он, Ирландия құқығында жеті жас деп көрсетілген.

Францияның Қылмыстық кодексінде қылмыстық жауаптылықтың жасы туралы және кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды жазаның ерекшеліктері туралы норма қарастырылмаған, алайда онда 13 жастан асқан адамдарға тағайындалуы мүмкін жазалар мен қылмыстардың түрлері анықталғаны туралы ереже қарастырылған. Бұл ереже кәмелетке толмаған құқық бұзушылар туралы №45-174 Ордонанс нормативтік акт ретінде айқындалған. Онда кәмелетке толмағандар жауапкершілігінің арнайы құқықтық режимі, оның негізінде 18 жасқа толмаған адамдардың қылмыстық жауаптылығы презумпциясы көзделген.

Нақтылағанда, Ордонанстың 8 бабына сәйкес кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі судья ақиқатқа қол жеткізу және оны алу үшін тергеудің барлық ықтимал тәсілдерін қабылдайды. Оның ішінде, кәмелетке толмағанның жеке басы туралы мәліметтерді толығымен жинақтау үшін отбасындағы материалдық және адамгершілік жағдай туралы, кәмелетке толмағанның мінез-құлқы мен өткен өмірі, мектептегі оқуы, мектептегі мінез-құлықтары, оқыған жағдайлары туралы ақпарат алу үшін «қоғамдық сауалнама» жүргізеді. Судья жасөспірімді медициналық не медициналық-психологиялық тексеру туралы, оны қабылдау орталығына немесе бақылау орталығына орналастыру туралы шешім шығара алады. Кәмелетке толмағандар туралы мәліметтер жиналғаннан кейін судья арнайы қаулы шығару арқылы не істі қысқарту туралы хабарлауы не соңғысын кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі трибуналға немесе тергеу судьясына беруі тиіс.

Францияда қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігі және жаза сипаты кәмелетке толмағанның жас тобына байланысты. Францияның қылмыстық құқығында осындай үш топ қарастырылған.

Бірінші топ 13 жасқа толмаған тұлғаларды біріктіреді. Аталған топтың адамдарына жаза тағайындалмайды. Осы жас тобындағы кәмелетке толмаған

адамның құқық бұзушылық туралы ісін қарау кезінде судья істі тоқтатуға не оны кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі трибуналға немесе тергеу судьясына беруге құқылы. Өз кезегінде судья тәлім беруге немесе тәрбие шараларын қолдануға құқылы.

Екінші топқа 13 жастан 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар кіреді. Оларға қатысты тәрбие шараларын тағайындау арқылы қылмыстық жазаға тартпау приумпциясы қолданылуы мүмкін. Кей жағдайларда олармен жасалған қылмыстардың ауырлық дәрежелеріне қарай нақты қылмыстық жазалар тағайындалуы да мүмкін. Бұл ретте, ересектерге көзделген жазалар осы топтағы кәмелетке толмағандарға тағайындалған жағдайда, олар тек қысқартылған түрде болады. Бұдан басқа, ересектер үшін көзделген жазалаулар, оларды осы топтағы кәмелетке толмағандар тағайындаған жағдайда, тек қысқартылған түрде тағайындалады. Мысалыға, егер заңда өмір бойы бас бостандығынан айыру көзделген болса, кәмелетке толмаған адамға 20 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру тағайындала алмайды. Айыппұл түріндегі жаза баптың санкциясында көзделген айыппұл мөлшерінің жартысынан асатын сомаға немесе 50 мың франктен асатын сомаға тағайындалмайды.

Үшінші топқа 16 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар кіреді. Олар екінші топтағы жасөспірімдер секілді қылмыстық жазадан босатылуы немесе сотталуы да мүмкін. Бірақ жаза тағайындау барысында жас мөлшеріне қарай өзіне тән ерекшеліктері қарастырылған [39].

Жалпы, зерттеу нәтижесінде Францияның қылмыстық заңнамасы бойынша кәмелетке толмаған құқық бұзушының жеке басын зерттеу маңызды орын алады. Әр құқық бұзушы балаға қатысты әлеуметтік зерттеу жүргізіледі. Бұл зерттеуді сот өзі жүргізе алады, бірақ тәжірибеде оны «қадағаланатын еркіндік» қызметінің мамандары жүргізеді, олар өз кезегінде психологтардың, психиатрлардың, білім беру саласындағы мамандардың көмегін пайдаланады.

Нидерландыда қылмыстық баптардың санкциялары кәмелетке толмағандарға арналған жазалау жүйесімен алмастырылады. Кәмелетке толмағандар үшін қолданылып жүрген жекелеген қылмыстық жазалар қолданылмайды немесе қылмыстық құқық бұзушылардың осы санаты ересектерге қарағанда төмендетілген жаза тағайындалады, немесе жазаның арнайы, неғұрлым жеңіл түрлері көзделеді.

Бұл орайда, Нидерландыда кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау ерекшеліктері ретінде жазалау жүйесінде әртүрлі ықпал ету шараларының жеткілікті саны көзделгендігін, ал осы шараларды тағайындау және орындау кезінде сот органдарынан басқа, көптеген мемлекеттік ұйымдар белсенді түрде қатысатындығын атап өту қажет.

Швейцарияның Қылмыстық кодексі әртүрлі жас топтарына қатысты түрлі ықпал ету шараларын көздейді. 7-ден 15 жасқа дейінгі жастағы балаларға тәрбиелік шаралар, ерекше қадағалау немесе тәртіптік жазалар қолданылады. 15 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерге тәрбие шаралары, ерекше қадағалау және қылмыстық жаза қолданылады. Швейцарияның Қылмыстық кодексі бойынша жазалау түрлеріне: сөгіс, жұмысты орындау міндеті, айыппұл немесе қорытынды жатқызылған. 18-ден 25 жасқа дейінгі балалардың тәртібі мен мінезінде елеулі ақаулар болса, оның ішінде баспанасыз қалған, бірнеше рет тәртіптік жазаларға тартылған, оқу орындары мен отбасынан жағымсыз мінездеме алынса, оның іс-әрекетіне байланысты оқу-еңбек мекемелеріне жолдануы мүмкін [40].

Швецияның Қылмыстық кодексі бойынша адам тек 21 жасқа жеткенде ғана толық қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін, ал 15-18 жас аралығындағы кәмелетке толмағандар үшін жаза тағайындаудың ерекше либералдық ережелері қарастырылған. [41].

Яғни, Швецияның Қылмыстық кодексінде 18 жасқа толмаған адам түрмеге қамауға алынбайды, оның орнына «кәмелетке толмаған баланы 14 тәуліктен 4 жылға дейін жабық түрде ұстау түріндегі» санкция қолданылады. Яғни, қылмыстың ауырлығына байланысты сот жасөспірімді 14 күннен 4 жылға дейінгі мерзімге әлеуметтік-оңалту орталығына (түрмеге балама) жібереді және оны оқшаулау мерзімі өзгертілмейді. Егер 18 жастан асқан жас адам аса ауыр қылмысты бірнеше рет жасады деп айыпталған болса және санкцияға сәйкес қамау мерзімі 4 жылдан асса ғана, сирек жағдайларда бұндай тұлғалар түрмеге қамауға алынады.

Болгарияның Қылмыстық кодексінде кәмелетке толмағандарды жазаның ерекше мақсаттары туралы ережелері қамтылған. Кәмелетке толмағандарға қолданылуы мүмкін жазалардың үш түрі бар: бас бостандығынан айыру, қоғамдық сынға алу және белгілі бір кәсіппен немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру. Кәмелетке толмағандарды жазалау мақсаты ретінде Болгарияның Қылмыстық кодексі қайта тәрбиелеу мен қоғамдық-пайдалы еңбекке дайындықты қарастырады [42].

Англиядағы жазалау жүйесінде негізгі жаза ретінде – бас бостандығынан айыру, пробация және айыппұлды қамтиды. Қосымша жаза ретінде автокөлік жүргізуге, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, белгілі бір мерзімге қоғамдық жұмыстарды орындау қарастырылған. Бұнымен қоса Англия заңнамасында кәмелетке толмағандар үшін арнайы жазалау шаралары көзделген.

Кәмелетке толмаған қылмыскерлермен қарым-қатынасты реттейтін Англияның қылмыстық заңнамаларындағы ең маңызды заңдар 1933 ж., 1963 ж., 1969 ж., 1973 ж. қылмыстық соттардың өкілеттіктері туралы Заңдар, 1980 ж. магистратура Соттары туралы Заң, 1988 ж. қылмыстық Әділет туралы заң, 1998 ж.

Қылмыс және өзге де тәртіпті бұзу туралы Заң [43, 97 б.]. Ағылшын заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандар ретінде 17 жасқа толмағандар танылады, 21 жасқа дейінгі жастарға жаза тағайындау кезінде олар кәмелетке толмағандарға теңестіріледі.

1988 жылғы қылмыстық Әділет туралы заң кәмелетке толмағандардың бостандығын шектеуге байланысты жаза жүйесін айтарлықтай жеңілдетті. Жастарды бас бостандығынан айыру және ұстау орталығына орналастыру түріндегі жазалар - бір жазалау шарасына, яғни жас қылмыскерлерге арналған мекемеге орналастыру түріндегі жазаға ауыстырылды.

Осы мекемеге сот бұйрығы бойынша 15-тен 21-ге дейін жастар жіберілуі мүмкін, олар тек ғана ересек қылмыскер түрмеге қамау түрінде жазалауға жататын қылмыстар жасағаны үшін жас қылмыскерлерге арналған мекемеге жолдануы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 80-бабында кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады делінген [22]. Яғни, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын ең төменгі жас шамасы он төрт жасты құрайды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 81-бабының 7-бөлігінде кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру – он жылдан аспайтын, ал ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіргені немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіру немесе терроризм болып табылатын олардың жиынтығы бойынша он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін.

Елімізде он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға өмір бойынан бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы тағайындалмайды. Яғни, кәмелетке толмағандарға жаза қолдану мәселесін қарастыра келе, белгіленген мерзімге бас бостандығынан айыру кәмелетке толмағандар үшін ең ауыр жаза болып табылатындығын атап өткен жөн.

Кәмелетке толмағандарға қылмыстық жаза тағайындаудың шетелдік тәжірибесін зерделеу нәтижесімен бас бостандығынан айыру жазасы әр елдің ұлттық заңнамасына сәйкес әртүрлі негіздермен тағайындалатындығы көрініс тауып отыр. Мысалы, Болгария, Түркменстан Қылмыстық кодекстері кәмелетке толмағандар үшін жазаның тек 3 түрін ғана қарастырады; Армения, Венгрия, Қырғызстан, Латвия, Литва, Өзбекстан - 4; Тәжікстан, Украина - 5; Беларусь, Ресей - 6; Грузия - 7 түрі. Бұл өзгешеліктер әр елдегі ювиналды саясаттың көрінісін сипаттайды.

Халықаралық тәжірибе, әсіресе Еуропа елдерінде жасалған қылмыстық әрекеттер үшін қатаң жаза тағайындауға негізделмеген, керісінше құқыққа қарсы әрекет жасаған жасөспірімді тәрбиелеудегі кемшіліктерді жоюға баса назар аударған. Еуропа елдерінде кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру жазасы оның жасаған қылмысының ауырлық дәрежесіне қарай емес, оның қаншалықты мемлекетпен қайта тәрбиеленуін қажет ететіндігіне байланысты тағайындалады.

Көптеген мемлекеттерде оның ішінде Қазақстанда аталып өткендей кәмелетке толмағандарға өлім жазасы қолданылмайды. Дегенменде, жекелеген мемлекеттер (Конго Демократиялық Республикасы, Иран, Нигерия, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Судан) қылмыс жасаған жасөспірім адамдарға қатысты өлім жазасын қолдануға жол береді.

Америка Құрама Штаттарында ювеналды жүйе қамқорлық пен қайта тәрбиелеуге негізделген. Қылмыс жасаған кәмелетке толмағанға қатысты істі сотқа беруді пробація қызметі мен прокурор шешеді. Олар балалардың жасаған қылмысын кешіріп, онымен түзеу мен қайта тәрбиелеу жұмыстарын бейресми түрде жүзеге асыру немесе істі ювеналды сотқа беру мәселесін айқындайды. Тәжірибеде кәмелетке толмағандарға қатысты сотта қаралуға жататын істердің жартысына жуығы бейресми түрде қаралады (сотқа дейін қаралып, тұрғылықты жері бойынша тәрбие жұмыстарын жүргізу тағайындалады). Егер кәмелетке толмаған жасаған қылмыстық әрекетіне байланысты мәселені бейресми шешу барысында оған қойылған талаптарды орындаса, онда қылмыстық іс қысқартылады. Егер мемлекетпен қойылған талаптар орындалмаса, онда іс сотқа беріледі. Сонымен қатар қылмыскер жасөспірімдердің қылмыстық істерін қарау барысында «кінә туралы мәміле жасау» іс жүргізу жүйесі белсенді іске асырылып отырылады.

Норвегия мемлекетінде 18 жасқа толмай қылмыс жасаған адамдар үшін екі жыл «сынақ қадағалау» қарастырылған. Яғни, осы мерзім аралығында оның қайта түзеу жолына түсуіне мемлекет тарапынан кешенді шаралар қабылданады. Бұл жастағы құқық бұзушылар тек өте ауыр қылмыстар үшін ғана түрмеге жіберілуі мүмкін, бірақ оларға жаза әрдайым ересектерге қарағанда жұмсақ болады.

Германия, Франция мен Испанияның Қылмыстық кодекстерінде кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың жауапкершілігі туралы нормаларды көздемейді. Балаларды жазалау мәселелерін реттейтін ережелер 1953 жылғы 4 тамыздағы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот төрелігін іске асыру туралы заңда көзделген. Аталған Заң кәмелетке толмаған қылмыскерлер үшін тәрбиелік, түзеу және ерекше жағдайларда жазалау шаралары көзделген.

Аталған мысалдардан қорытынды шығарсақ, бірқатар шетелдердің қылмыстық заңнамасы белгілі бір ауыр санаттағы немесе белгілі бір жаста

қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарды қысқа мерзімді бас бостандығынан айыру тәжірибесін нәтижелі пайдаланады. Көп жағдайларда ізгілендірілген жаза нормаларын пайдалану арқылы тәрбиелік мәнді көздейтін қысқа мерзімге абақтыға жабу тәжірибесі іске асырылуда.

Біздің заңнамаға бұл мерзімдерді енгізуді мақсат ретінде қарастырмасақ та, дегенмен олардың ұлттық заңнамаларда болуы немесе бас бостандығынан айырудың қолданыстағы ең төменгі мерзімінің белгіленген шектеріне дейін қысқартылуы көп дәрежеде халықаралық құқық нормаларына сәйкес келетінін атап өту қажет.

Жоғарыдағыларды негізге ала отырып, біздің ойымызша, аталып өткен халықаралық тәжірибелерден еліміздің құқықтық саясатына негізделген және сәйкес келетін оңды бағыттарын мемлекетімізде қолдануға мүмкіндіктер бар деп есептейміз.

Бұл ретте, Норвегия елінің тәжірибесіне ерекше назар аудару қажет. Бұл елде қылмыс деңгейі өте төмен. Қазіргі уақытта 2900 жуық адам жазасын абақтыда өтеуде, дүниежүзілік түрме тізімінде 222 мемлекеттің қатарында 137 орында (анықтама ретінде: мемлекетте түрме халқы азайған сайын, тізімде төменгі орынға ие болады). Өз кезегінде Қазақстан Республикасында Норвегиядан 10 есе көп адам (29 100 сотталған) түрмеде жазаларын өтеуде.

Әрине, біздің елмен салыстырғанда Норвегия елінде халықтың экономикалық және әлеуметтік дәрежелері жоғары, дегенменде осы елде кәмелетке толмаған қылмыскерлерге қатысты қолданылып жатқан мемлекеттік саясатты оңды тәжірибе ретінде алған жөн деген пікірдеміз.

Бүгінгі күнде Норвегия үкіметі ауыр немесе қайталап қылмыс жасаған 15 жастан 18 жасқа дейінгі адамдарға тағайындалатын жазаның жаңа түрін (кәмелетке толмағандар үшін жаза) әзірлеуде. Осы бастамаға сәйкес түрме режимі қатаң қадағалау нысанында қатаң әлеуметтік бақылаумен ауыстырылуы тиіс. Жазаның бұл түрі қалпына келтіру (ресторативтік) сот төрелігі практикасында белгілі процестерге негізделетін болады. Оның басты мәселесі - ресурстық мүмкіндіктерді нығайту және жас адамдардың іс-әрекетін сезінуге, өкінуге, жаңа қылмыстардың жасалуының алдын алуға бағытталған өне бойындағы моральдық жауаптылығын арттыру. Норвегиялық криминологтар жаңа жазаны өте тиімді деп санайды, ол жасөспірімді өзінің өмірлік ахуалына, өз бетінше таңдау жасауға мүмкіндік береді [44].

Норвегия еленің тәжірибесіне негіздеп адам өлімімен, терроризммен және экстермизммен байланысты емес ауыр қылмыстар үшін кәмелетке толмағандарға екі жыл «сынақ қадағалау» жазасын қарастыру қажеттігі жөнінде мәселе көтерілген жөн деп санаймыз.

Сонымен қатар, Франция елінің тәжірибесі негізінде кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қолданар алдында олардың қоғамнан оқшаулануы қажет ететіндігі жөнінде міндетті түрде арнайы мамандардың – сарапшылардың терең зерделеу нәтижесімен жасаған қорытындысы алынуы тиіс деп пайымдаймыз.

Бұл шаралар кәмелетке толмағандарға дұрыс әрі әділетті жаза қолдануға мүмкіндік беріп ғана қоймай, олардың қайта қылмыс жасауын алдын алуға септігін тигізетіні сөзсіз.

Бұдан бөлек кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылатын бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның ең төменгі шегін өзгерту мәселесін қарастырған жөн деп санаймыз.

Жоғарыда аталып өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 1989 жылы 20 қарашадағы резолюциясымен бекітілген Бала құқықтары жөніндегі Конвенцияға сәйкес жекелеген мемлекеттердің ұлттық заңнамаларына бірқатар талаптар қойылады, соның ішінде кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қолдануды шектеуге байланысты талаптар да бар. Әрине, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сай ересектер мен кәмелетке толмағандарға қатысты қарастырылған жаза түрін құқықтық регламенттелуі әртүрлі. Алайда бұл бас бостандығынан айыруды өтеудің ең жоғары мерзімі мен режиміне ғана қатысты, бірақ оның төменгі шегіне қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабына сәйкес осы Кодексте көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыру – алты айдан он бес жылға дейінгі, ал аса ауыр қылмыстары үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір бойына белгіленеді. Абайсызда жасалған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру мерзімі он жылдан аспайды. Айыппұл салуды, түзеу жұмыстарын, қоғамдық жұмыстарға тартуды немесе бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстырған жағдайда ол алты айға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін.

Сонымен қатар, өмір бойына бас бостандығынан айыру – аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде белгіленуі мүмкін. Өмір бойына бас бостандығынан айыру он сегіз жасқа дейін қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге тағайындалмайды. Өмір бойына бас бостандығынан айыру кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін [22].

Осы нормадан көрінетіндей, бүгінде ересек қылмыскерлер үшін де, кәмелетке толмағандар үшін де бас бостандығынан айырудың ең төменгі шегі алты айға тең. Демек, сол бір қылмыс үшін он сегіз жасқа дейінгі және одан ересек адамдарға алты немесе одан да көп ай бас бостандығынан айыру түріндегі

бір жаза тағайындалуы әбден мүмкін. Яғни, кәмелетке толмаған адамға тағайындалған жаза шын мәнінде оны өтеу режимі бойынша ғана ерекшеленетін болады.

Швеция елінің тәжірибесіне сүйенсек, бұл елде кәмелетке толмағандар қолданылатын бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегі 14 күннен басталады.

Осы ретте, еліміздің қылмыстық заңнамасын халықаралық ережелерге сәйкестендіру кәмелетке толмағандар үшін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның ең төменгі шегін қысқарту арқылы жүзеге асырылуы тиіс деп ойлаймыз.

Жазалау ықпалының деңгейін төмендету кәмелетке толмағандарға қатысты жазалау мақсаттарына қол жеткізуге де оң әсер етуі тиіс. Егер бас бостандығынан айыруды екі айға дейін қысқарту туралы сөз қозғасақ, онда бас бостандығынан айыру орындарында болған мерзім ішінде кәмелетке толмаған біріншіден, оған мемлекет жүктеген барлық ауыртпалықтар мен айыруларды сезіне алады, ең бастысы жазаның әсерін сезінеді, екіншіден, ол жазаны өтеу орындарының кез келгенін сипаттайтын сол дағдыларға, әдеттерге және басқа да субмәдениеттік элементтерге еніп үлгере алмайды.

Мұның барлығы кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның ең төменгі шегі екі айға тең болуы тиіс деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді, бұл заңдылық пен гуманизм принциптерін қамтамасыз етуге ықпал етеді, яғни бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның ең жоғарғы шегін ғана емес, сонымен қатар ең төменгі шегін қысқарту арқылы аталған принциптердің толығымен орындалуына қол жеткізуге болады.

Кәмелетке толмағандарға қылмыстық жаза тағайындау мәселесін қорытындылай келе, бұл санаттағы тұлғаларды жауапқа тарту тарихын зерделеу мерзімі Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қылмыстық кодексінен бастау алып, еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бастап қабылданған қылмыстық заңнамалармен аяқталатындығын атап өту қажет. Бұл аралықтарды қылмыстық заңнамалар әртүрлі даму сатысынан өтіп, көптеген өзгерістерге ұшырағанымен кәмелетке толмағандар ерекше контингент ретінде қарастырылып, оларға тағайындалатын жазалар да барынша ізгілендірілген.

Қазақстан Республикасында қабылданған Қылмыстық кодекстерге зерделеу жүргізіліп, еліміздегі ювиналды саясат кәмелетке толмағандарға қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар қолдануға бағытталғандығы көрініс тапты.

Әрдайым өзекті мәселе ретінде қарастырылатын жасөспірімдер қылмысы тек жаза тағайындаумен емес, ең бастысы профилактикалық шаралармен байланысты екендігі белгілі. Осы ретте, шетел тәжірибесі көрсеткендей, қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарды абақтыға қамау арқылы тәрбие жұмыстарын

жүргізу және қоғамнан оқшауламай тәрбие жұмыстарын жүргізу екі түрлі нәтиже беретіндігін байқатады. Көптеген шетелдік қылмыстық заңнамаларда кәмелетке толмағандарды бас бостандығынан айыру жазасының төменгі шектері бөлек айқындалған. Яғни, ересек қылмыскерлермен салыстырғанда оларды түзеу мекемесіне жіберудің төменгі шектері ізгілендірілген. Біздің заңнамадан айырмашылығы да осы болып қала береді.

2. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖАЗА ОРЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ОЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТӘРБИЕЛІК ШАРАЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2.1. Кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындаудың Қазақстан Республикасындағы ерекшеліктері

Жасалған іс-әрекетке тағайындалатын жазаның негізділігі мен мөлшері сот жаза түрін анықтағанда ғана емес, тағайындалған жазаны орындаған кезде де болуға тиіс екені анық. Осыған байланысты қылмыстық-атқару жүйесі қаншалықты әділеттік принципін жүзеге асыруға негізделгендігін анықтау қажет. Қылмыстық заңнамада жазаның дербес мақсаты ретінде бірінші орынға әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсаты қойылған, содан кейін сотталғанды түзетудің және жаңа қылмыстардың жасалуының алдын алу қағидаты жүзеге асырылады.

Біздің пікірімізше, сот кәмелетке толмағанға жаза тағайындау барысында оған бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны анықтай отырып, бұл жазаның кәмелетке толмағанның қоғамға қайта оралуына және оның қайта тәрбиеленуіне қаншалықты әсер ететіндігін анықтаған жөн. Яғни, сот тек ғана жасалған қылмыстың ауырлық дәрежесіне мән бермей, кәмелетке толмағанның психологиялық және әлеуметтік байланыстарын ескерген жөн болар еді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Бұрыштамасымен 1985 жылы 10 желтоқсанда қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандарты» Ережелерінде (Пекин ережелері) тұлғаны түзеу мекемелеріне орналастырудан болатын көптеген жағымсыз салдарлар әлбетте түзеу жұмыстары арқылы өтелмейтіні айдан анық. Бұдан өзге де, кәмелетке толмаған құқық бұзушының еркіндіктен айырумен және қоғамнан оқшаулаудың себебінен болатын теріс нәтижелер ересек адамға тигізетін кері әсерден де жоғары болады, себебі бұл кәмелетке толмаған құқық бұзушының бастапқы даму кезінде орын алып отыр деп көрсетілген [45].

Осы ереженің 26.2-тармағына сәйкес түзеу мекемелерінде ұсталатын кәмелетке толмағандармен тәрбие жұмысының мақсаты қоғамдағы әлеуметтік-пайдалы және жемісті рөлді орындау үшін оларға көмек көрсету мақсатында қорғаншылықты, қорғауды, білім беруді және кәсіби даярлықты қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің талаптарына сәйкес жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету

шараларын орындау тән зардабын шектіруді немесе адами қадір-қасиетті қорлауды мақсат етпейді [46].

Тарих беттеріне жүгінсек, патша дәуірінің түрмесі балалар үшін нағыз сынақ болған, кәмелетке толмағандар ересек адамдармен бір түрмеде жазаларын өтеп, олардың ұсталу жағдайлары да бірдей болатын. Жаза өтеу орнынан бала рецидивист емес, түзелген және оның қоғамға оң көзқарасы қалыптасқан тұлға ретінде шығу мәселесі қарастырылмаған. Сол уақытта қылмыс жасаған адам жазасын түрмеде өтеу қажет деген ұстаным болған.

Тек 1864 жылы жүргізілген сот реформасының нәтижесінде кәмелетке толмағандарға арналған арнайы мекемелер ашылды. Алайда, барлық мекемелерге тән бір сипаттағы тәрбиелеу нормалары болмауына байланысты, әр мекеме тәрбиелеу жүйесін өздері қалыптастырды, бір мекемелерде ең ауыр жаза ретінде туыстарымен кездесуден айыру болса, екіншісінде ұрып - соғу жазасы қолданылатын.

1956 жылы балалар тәрбиелеу колониялары мен балалар еңбек колониялары туралы жаңа ережелер әзірленіп, еңбек-тәрбиелеу колонияларын басқарудың үйлесімді жүйесі қалыптасты. Оларда кәсіптік-техникалық училищелер, оқу-өндірістік шеберханалар, орта білім беру мектептері, мәдени-бұқаралық, саяси-тәрбие, дене шынықтыру, спорт жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалды [47, 77 б.].

Бас бостандығынан айырудың тиімділігі мәселелерін зерттеушілердің айтуынша, бұл жаза түрін орындау өкінішке орай, бірқатар теріс салдарларға ие. Қазіргі заманғы қылмыстық-атқару жүйесі сотталғандардың мінез-құлқын өзгерту бойынша функцияны орындайды, бірақ әлеуметтіндіру жағына емес, қылмыстық мінез-құлықты кәсібилендіру, ойына сіндіру, қоғамдық теріс пиғылды одан әрі дамыту жағына қарай, яғни керісінше дәлдікпен, «минус» белгісімен өзіндік теріс тиімділік беруі мүмкін.

Бұл тұжырымның сәйкестігіне қазіргі уақытта бас бостандығынан айыру орындарында жаза бас бостандығынан айыруда емес, сотталғандардың базалық физиологиялық қажеттіліктерін шектеудің іске асырылуымен түсіндіруге болады.

Зерттеушілер А.В. Пищелко мен Д.В. Сочивко түзеу мекемелерінде болып жатқан бірқатар процестер сотталғандарды қайта тәрбиелеуге ықпал етеді, басқалары оған кедергі келтіреді деп атап өткен [48, 116 б.]. Ал, Ю.В. Баранов болса өзінің еңбектерінде бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан сотталғандардың қоғамға қайта бейімделуін үш этапқа бөліп қарастырған, оның ішінде біріншісі қоғамға қайта бейімделу, екіншісі өз-өзін тану және үшіншісі қоғамның адамды қабылдауы [49, 175 б.].

Осыған байланысты сотталған кәмелетке толмағандардың жаза өтеу орындарында дұрыс тәрбие алуы, қылмыстық мәдениетті бойына сіндірмеу,

қоғамға және құқықтық саясатқа дұрыс көзқарас қалыптастыру мен мейірімділік секілді мінездерді қалыптастыру арқылы оларды қайта әлеуметтендіру бағытында жүргізілетін шаралардың тиімділігі басты назарға алынуы тиіс.

Біздің пікірімізше, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде жазасын өтейтін сотталған тұлғаларды қайта тәрбиелеу мен әлеуметтендіру мерзімі шектеулі болғандықтан, яғни олар он сегіз жасқа толғанға дейін осы мекемеде жазаларын өтеп, кейін ересектерге арналған мекемелерге ауыстырылуына байланысты, жаза өтеу орындарының қызметкерлері бұл жұмыстарды қарқынды әрі нәтижелі жүргізуге тырыспайды. Тек кәмелетке толмағандарды уақытша ұстап отырып, кейін кәмелеттік жасқа жеткеннен соң оларды басқа мекемеге ауыстыруға жұмыстар жасаумен айналысатын секілді.

Сондықтан, ең бастысы кәмелетке толмағандардың жазаларын толығымен бір мекемеде өтеуіне қатысты нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізген жөн.

Халықаралық құжаттарды талдау барысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі халықаралық шарттарда бекітілген сотталғандармен қарым-қатынас принциптеріне негізделіп қабылданғанын көрсетті. Өз кезегінде халықаралық ұйымдардың жекелеген ұсынымдық сипаттағы нормалары қажетті экономикалық және әлеуметтік мүмкіндіктер болған кезде еліміздегі қылмыстық-атқару заңнамасында ескеріліп, жүзеге асырылатындығы анықталды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 81-бабына сәйкес кәмелетке толмаған сотталғандар бас бостандығынан айыруды кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтейді [22].

Жалпы жазаны орындаудың негізгі мақсаты сотталғандарды түзеу болып табылады, яғни адам бойындағы қылмыс жасауға итермелейтін қасиеттер мен ойларын жою. Кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындауда өзіне тән ерекшеліктерге ие. Қылмыстық-атқару жүйесінде қылмыскердің жас шамасы, қылмыс жасау себеп-салдары, оның психологиялық және әлеуметтік жағдайлары ескеріле отырып, арнайы түзеу механизмдері айқындалған.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қолданудың тиімділігі мен жалпы орындылығына әсер ететін маңызды фактор - жазаны орындауды ұйымдастыруда орын алған проблемалар болып табылады. Өйткені, 18 жасқа дейінгі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты түзету әсерін ұйымдастыру көптеген ерекше факторлар мен жағдайларды ескеруді талап етеді, олар кәмелетке толмағандардың психикалық, дене ерекшеліктерімен, олардың ақыл-ой дамуы мен сана-сезімінің деңгейімен

байланысты. Сондай-ақ кәмелетке толмағанның жас ерекшеліктеріне ерекше назар аударылуы тиіс [50, 297 б.].

Алайда, қазіргі заманда кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көптеп қолдану тиімсіз де болуы мүмкін, кей жағдайларда адамның психологиясына және әлеуметтік ортасына байланысты күтілетін оңды нәтижеге қарама-қарсы теріс нәтиже беруі де мүмкін. Яғни олардың түзелуінің орнына әлеуметтік сипаттамалары нашарлайды. Сондықтан, жасөспірімдердің басым көпшілігі қоғамға қарсы тәжірибе алатын және кейбір жағдайларда дайын қылмыскерлер болып шығатын түзеу колониясында қылмыстық жазаны орындау тәртібі де ерекше назар аударуға тұрарлық. Осы бағыттағы маңызды міндет қарастырылатын органдардың жұмыс сапасын арттыру болып табылады.

Кейбір ғалымардың пікірінше, тәрбиелеу колонияларына түскен кәмелетке толмағандардың криминалды ортада қоғамдық теріс тәжірибе алмасуы орын алады, олардың бойында қылмыстық мінез-құлықтың теріс сипаты көрініс тауып, болашақта осы ойын жүзеге асыруы мүмкін [51, 158 б.].

Еліміздің қылмыстық-атқару жүйесінде жүргізілген реформалардың нәтижесінде түзеу мекемелерінде сотталғандарды ұстау жағдайы әлемдік стандарттарға сәйкестендірілуде, онда лагерлік атрибутика алынып тасталып, тәртіптік изоляторлардың жабдықтаулары ізгілендірілді, қысқа мерзімге кездесу беру тәжірибесі қайта қарастырылды, туысқандармен кездесу өткізу барысындағы кабиналық және телефондық жүйе жойылды, тәрбиеленушілерге қысқа шаш өсіруге рұқсат етілді [52, 223 б.].

Бұдан басқа, ересектер ұсталатын мекемелерге қарағанда кәмелетке толмағандар ұсталатын мекемелерде салыстармалы түрде құқықтық шектеулер мен орындауға тиіс міндеттері аз, керісінше оларды ұстау жағдайы барынша ізгілендірілген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексі талаптарына сәйкес кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде мекемеден тыс жерде тұрумен ұзақтығы бес тәулікке дейін ұзақ мерзімді кездесулер беріледі, қосымша көтермелеу шаралары ретінде қызметкерлердің еріп жүруімен мекеменің шегінен тыс жердегі мәдени ойын-сауық және спорттық іс-шараларға бару құқығын беру, ата-аналарының немесе жақын туыстарының еріп жүруімен мекеменің шегінен тыс жерге шығу құқығы берілуі мүмкін, ал ең қатаң жазалау шарасы ретінде жетпіс екі сағатқа дейінгі мерзімге уақытша оқшаулау, үй-жайына жабу қолданылады.

Сотталғандардың қайта тәрбиеленуіне және түзелуіне негізгі стимул беретін шаралардың бірі – туыстары және отбасы мүшелерімен кездесулер ұйымдастыру немесе кездесу беру құқығын жүзеге асыру. Бұл құқықты жүзеге

асыру кәмелетке толмағандарда барынша ізгілендірілген. Жалпы сотталғандарға: сәлемдеме алу құқығымен ұзақтығы екі сағат қысқа мерзімді, ұзақтығы 2 тәулік ұзақ мерзімді мекеме аумағында кездесулер беріледі. Кәмелетке толмаған сотталғандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде сотталғандарға бұдан басқа ұзақтығы 5 тәулікке дейін мекеме аумағынан тыс жерде тұрумен ұзақ мерзімді кездесу беріледі. Сотталғанның немесе кездесуге келген адамның жазбаша өтініші бойынша кездесу бір тәулікке немесе кездесу ұзақтығы қысқаруы мүмкін. Бұл ретте, кездесу толықтай пайдаланылған болып саналады.

Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемеге жаңадан келген барлық сотталғандар олардың жеке басын және денсаулық жағдайын зерделеу мақсатында ұзақтығы 15 тәулікке дейін карантиннен өтеді. Сотталғандарды Қылмыстық - атқару кодексінің, мекеменің ішкі тәртіп ережелерінің негізгі ережелерімен таныстырады.

Карантин бөлімшесінде болған кезде тәрбиеленушілер жазаны өтеудің дағдылы жағдайларында болады. Карантин бөлімшесі мекемедегі басқа үй-жайлардан, тұрғын және өндірістік аймақтарынан оқшауланады. Онда тәрбие жұмыстарына, тамақ ішуге арналған бөлмелер және жатын бөлмелері қарастырылған.

Жаза өтеу орнына түскен кәмелетке толмағанмен психологтар жұмыс жасайды. Психологтың бақылаулары және әрбір кәмелетке толмағанның жеке ерекшеліктері туралы тұжырымдар, жинақталған басқа да деректер жеке жұмыс күнделігіне енгізіледі. Осы кезеңде кәмелетке толмағанның психологиялық портреті құралады, ол кейіннен жаза өтеу мерзімі ішінде толықтырылып, нақтыланады. Психологиялық портрет ең негізгі және маңызды шаралардың бірі, себебі осы портретті жасау арқылы сотталғанға қажетті тәрбие жұмыстарының тізімі мен түрі айқындалуы тиіс. Бұл орайда, психолог маманның тәжірибесі мен өз қызметіне деген сүйіспеншілігі, оның сапасы аса маңызды.

Жаза өтеу орындарында тыйым салынған жалпы шектеулерден басқа кәмелетке толмаған сотталғандарға темекі өнімдерін тұтынуға және сақтауға, жалпы білім беретін ұйымдарда, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында өткізілетін сабақтарды, жалпыға міндетті іс-шараларды дәлелсіз себептермен жіберіп алуға тыйым салынады.

Халықаралық тәжірибеде әр мемлекетте сотталған кәмелетке толмағандарды ұстау мен қайта тәрбиелеудің өздеріне тән ерекшеліктері бар. Кейбір елдерде қылмыс жасаған жасөспірімдер ересектермен тең жағдайда ұсталса, екіншісінде жасөспірімдер ерекше контингент ретінде барынша ізгілендірілген жағдайда ұсталады.

Америка Құрама Штаттарында кәмелетке толмағандарға қатысты жазаны орындайтын мекемелер жастар реформаториялары мен тәрбие мектептері болып

табылады. Оларда ұстаудың салыстырмалы жұмсақ және мейлінше ізгілендірілген жағдайлары белгіленеді. Кейбір штаттарда пенитенциарийлер немесе күндізгі ұстау орталықтары қарастырылған. Кәмелетке толмаған сотталғандар бұл мекемелерде күндізгі мерзімде болып (жұмыс істейді, оқиды), ал кешке өздерінің тұрғылықты жерлеріне барады.

Мұндай тәртіп бас бостандығынан айырудың теріс салдарын айтарлықтай төмендетеді, жасөспірімнің пайдалы әлеуметтік байланыстарын үзбейді және қылмыстың қайталануына қарсы әрекет етеді.

Жалпы Америка Құрама Штаттарында диагностикалық орталықтар, сотталғандарды босатуға даярлау орталықтары сияқты пенитенциарлық мекемелер бар, олар баланың қайта тәрбиеленуі бағытында жақсы нәтижелер беріп келеді.

Қазіргі уақытта бұл елдің пенитенциарлық жүйесіне «бас бостандығынан айыру орындарынан босату» деп аталатын жаңа әдіс енгізілуде. Бұл әдіс әртүрлі екі бағытты жүзеге асырылады.

Бірінші бағыты (барынша толығы) – бас бостандығынан айыру орындарын неғұрлым көптеп жабу және жекелеген қауіпті қылмыскерлерді қысқа мерзімге түрмеге қамау арқылы оларды тез емдеу үшін психиатриялық мекемелерге жолдау.

Екіншісі – бас бостандығынан айыру орындарын тек қауіпті қылмыскерлер үшін ғана пайдалану. Яғни, аса ауыр қылмыс жасаған сотталғандарды ғана қамаққа алу.

Бұл екі бағыт бас бостандығынан айыру орындарының қоғам өміріндегі орны - қылмыстылықпен күрес және сотталғандарды қайта тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу мәселелерін екі тәсілмен қарастырады.

Америка Құрама Штаттарында құқық бұзушы кәмелетке толмағандардың едәуір бөлігі ювеналды соттың орбитасына түспейді. Оларды «оңалту бағдарламалары» арқылы қайта тәрбиелеуге, теріс мінезден арылуға жұмыстар жүргізіледі. Осындай бағдарламалардың мақсаты - жасөспірімдерді әлеуметтік бағытталған сабақтарға, қоғамға қайта бейімдеуге, салуатты өмір салтын ұстануға тарту.

Италия, Англия, Америка Құрама Штаттары, Португалия сияқты елдерде жасөспірімдерді оқытуға ерекше көңіл бөлінеді, ол сотталғандарды түзетудің дербес көрсеткіші ретінде бағаланады. Бас бостандығынан айыру орындарында кәмелетке толмағандар босатылғаннан кейін қоғамда әлеуметтік пайдалы функцияларды орындауға дайындау жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған бағыттардан басқа, бірқатар елдердің заңнамасы кәмелетке толмағандарға арналған пенитенциарлық мекемелерде әлеуметтік тәрбиенің міндетті болуын көздейді, ол саяси, құқықтық және адамгершілік-

этикалық сана қалыптастыру арқылы іске асырылады. Атап айтсақ, Германияның, Швецияның және Нидерланданың қылмыстық заңнамалары жазаның негізгі мақсаттарының бірі ретінде жазасын өтеген сотталған адамның тарапынан қылмыстың қайталануының болмауын анықтайды.

Біздің пайымдауымызша, қылмыстың қайталануын алдын алу ең негізгі және орынды көрсеткіш. Себебі, кәмелетке толмағанның бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан соң қайта қылмыс жасамауы оның қоғамға қайта бейімделгендігін және түзу жолға түскендігін, сәйкесінше қылмыстық жазаның мақсаты орындалғандығының дәлелі. Дегенменде, бұл көрсеткішті негізге алу барысында бірнеше адами, субъективті факторларды ескерген жөн. Бұл ретте, сотталған жаза өтеу орнынан шын мәнісінде түзеліп шығып, алайда қоғам тарапынан орын алуы мүмкін теріс факторлардан, оның ішінде жұмыссыздық, достары мен араласатын ортасының түсініспеушілігі, оны қабылдамауы, отбасындағы кикілжін, психологиялық жағдайларының әсерінен қайта қылмыстық құқық бұзушылыққа жол беріп, бас бостандығынан айыру мекемесі әкімшілігімен жүргізілген жұмыстарды жоққа шығаруы мүмкіндігін атап өту қажет.

Жалпы, жоғарыда аталған мысалдардан әр елде құқық бұзушы жасөспірімдерге ықпал ету әдістерінің жүйесі әртүрлі екендігі көрініс табады. Аталып өткен тәжірибелерден, әсіресе Еуропа елдеріндегі бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандардың оқуға ерекше көңіл бөлінетіні және түзеу мекемесінің дербес көрсеткіші ретінде қаралатындығы назар аударуға тұрарлық. Яғни, жасөспірімді оқыту арқылы оның білімін дамытып ғана қоймай, уақытын тиімді өткізіп және қайта түзелуіне қол жеткізуге болады.

Сонымен қатар біздің ойымызша, Америка Құрама Штаттарының тәжірибесі және тұжырымдамасы негізінде еліміздегі бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандардың әлуметтік пайдалы байланыстарына ерекше көңіл бөлінуі қажет.

Бұл орайда, біздің елде аталып өткен алпауыт мемлекеттегідей жастар реформаториялары мен тәрбие мектептерін ашуды ұсынбаймыз, бұл экономикалық тұрғыдан тиімсіз, елімізде сотталған балалар саны да едәуір аз. Яғни, кәмелетке толмаған сотталғандар бұл мекемелерде күндізгі мерзімде болып (жұмыс істейді, оқиды), ал кешке өздерінің тұрғылықты жерлеріне баруды көздеп отырған жоқпыз. Тек осы мемлекеттегідей пайдалы әлеуметтік байланыстарға ерекше көңіл бөлу арқылы жаза өтеудің альтернативті жолын қарастыруымыз тиіс.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 46-бабының 2-бөлігіне сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталған, үкім шығару кезінде он сегіз жасқа

толмаған адамдар кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелеріне орналастырылады [24].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 88-бабына сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталғандар оларды түзеу, әлеуметтік тұрғыдан пайдалы байланыстарын ұстап тұру, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін қажетті жағдайлар ескеріле отырып мекемеге жіберіледі.

Біріккен Ұлттар Ұйымының түрменің Европалық ережелерінде мүмкіндігінше қамаудағылар жазаны өтеу үшін үйден немесе әлеуметтік оңалту орындарына жақын орналасқан пенитенциарлық мекемелерге жіберілуі тиіс делінген [53].

Дегенмен, елімізде бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекеме Алматы қаласында болуына байланысты барлық қылмыс жасаған жасөспірімдер осы қалада жазаларын өтейді. Бұл талап жоғарыда аталған кодекстің 88-бабының 5-бөлігінде ерекше жағдай ретінде қарастырылған.

Демек, бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандар өздерінің тұрғылықты мекен-жайларына қарамастан барлық жағдайда жазаларын Алматы қаласында өтеуге мәжбүр.

Тағы бір аталып өтілетін мәселе сотталғандарды тасымалдау. Түзеу мекемесі Алматы қаласында орналасқандықтан, оларды бір өңірден екіншісіне тасымалдау үшін бюджеттен арнайы қаражат бөлініп, сотталғандарды түзеу мекемесіне жеткізу мақсатында құқық қорғау органдарының қызметкерлері жұмылдырылады.

Сотталғанның әлеуметтік пайдалы қызметке қызығушылығы, ынталандырылуы, депрессиялық жағдайларды еңсеруі кәмелетке толмағанның ең жақын ортасын онымен жұмыс істеу процесіне қосу арқылы жүргізу қажет, бұл ретте мұндай орта ретінде оның туыстары болуы тиіс, ал олар болмаған жағдайда (немесе тарту мүмкін болмаған жағдайда) кәмелетке толмаған адам бұрын өмір сүрген және тәрбиеленген мекеме (білім беру, әлеуметтік қызмет көрсету, балалар үйі және т.б.) болғаны абзал. Бір сөзбен айтқанда – әлеуметтік пайдалы байланыстарын үзбеген жөн деп санаймыз.

Жағымды әлеуметтік байланыстарды сақтап тұру сотталғандарды түзетудің негізгі құралдарының бірі ретінде қарастыралатындығы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 7-бабының 1-бөлігінде көрсетілген.

Бұдан басқа бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан кәмелетке толмағандардың туыстарымен жұмыс мәселесі заңнамалық тұрғыдан реттелмеген. Яғни, нақты жүргізілетін жұмыстар, бекітілген міндеттер мен

атқарылуға тиісті іс-шаралар қандайда бір құқықтық актілерде белгіленбеген. Бұл ретте, кәмелетке толмаған шартты түрде сотталған жағдайда, ол бір мезгілде бірнеше органның тізіміне (жергілікті атқарушы және ішкі істер органдары, үкіметтік емес ұйымдар) алынып, оны тәрбиелеуге қатысты нақты жұмыстар жүргізілсе, кәмелетке толмаған түзеу мекемесіне түскеннен соң оған жауапты тек түзеу мекемесі болып қала береді. Ал, сотталғанның ата-аналары мен туыстары білгісіз себептермен тәрбиелеу жұмыстарын жүргізуден шеттеліп қалады.

Тәжірибеде мұндай жұмыс түзеу мекемесі жанындағы ата-аналар комитетінің іс-шараларымен шектеледі (оған көбінесе әлеуметтік белсенді ата-аналар кіреді) және «ашық есік күндерін» өткізу арқылы жүзеге асырылады.

А.Д. Глоточкин мен В.Ф. Пирожков былай дейді: «сотталғанның өте күрделі көңіл-күйінің бірі – фрустрация, онда сағыныш, үрей, үміт үзгендік, селқостық, жабырқау бірігіп келеді. Фрустрация әр сотталғанда әртүрлі көрініс табады» [54, 32 б.].

Бұдан шығатын қорытынды кәмелетке толмаған сотталғандардың қайта тәрбиеленуіне әсер ететін бірден бір фактор – пайдалы әлеуметтік байланыстарды үзбеу, сотталғанның ата-анасы мен туыстарының мейлінше қасында болуы. Алайда, жоғарыда аталып өткен себептерге байланысты кәмелетке толмаған ер жынысты балалар бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын Алматы қаласында орналасқан мекемеде өтеуде.

Сонымен қатар Алматы қаласында орналасқан кәмелетке толмағандарға арналған жаз өтеу орыны 1955 жылы салынған. Яғни, мекеме ғимараты өте ескі. Бұл мекемеде қазіргі уақытта (2020 жылдың ақпан айында) бас бостандығынан айрылған 44 кәмелетке толмаған жазасын өтесе, мекеменің кадрлық құрамы 100 қызметкерді құрайды. Мекеменің жылдық бюджеті 2019 жылы шамамен 280 млн., 2020 жылы шамамен 300 млн. теңгені құраған.

Демек, 44 баланы ұстауға жылына орта есеппен 300 млн. теңге бөлінеді. Осы ретте бұл қаншалықты экономикалық тұрғыдан негізді деген орынды сұрақ туындайды.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуші кәмелетке толмағандар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде өзге өңірлерден келген 34 сотталғанның (7 кәмелетке толмаған Алматы қаласының тұрғындары) 85% (30 бала) ата-аналары мен туыстарының жиі кездесуге келуіне материалдық жағдайы және жаза өтеу мекемесінің қашық орналасуы кері әсер ететіндігін көрсетсе, олардың жартысына жуығы тұрғылықты мекен-жайлары бойынша жазаларын өтеуге қарсы еместіктерін көрсеткен.

Бүгінгі таңда бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмаған қыз балалар жазаларын Алматы облысы Жауғашты елді мекенінде орналасқан әйелдерді

ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз ЛА-155\4 мекемесінде арнайы бөлек локальді учаскеде ұсталады.

Яғни, кәмелетке толмаған қыз балалар әйелдерден бөлек, бірақ бір мекеменің ішінде арнайы локальді учаскеде жазаларын өтейді. Олар қылмыскер әйелдермен ешқандай байланыста болмайды, жатын, жұмыс, оқу және тамақтану орындары бөлек болады.

Осыған байланысты, аталған тәжірибе негізінде (кәмелетке толмаған қыздарды ұстау жағдайларына ұқсас) бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмаған ұл балалардың әлеуметтік пайдалы байланыстарын үзбеу, яғни отбасынан алыс аймаққа жолдамау мақсатында және бюджет қаражатын үнемдеу үшін республикамыздың әр облысында орналасқан ересектерге арналған мекемелердің ішінен кәмелетке толмаған сотталғандарды ұстайтын арнайы локальді учаскелер (жергілікті учаске) ашу қажет деп ойлаймыз.

Бұл ұсынымыздың негізділігі ретінде жыл санап түрме халқының азайып келе жатқандығын, сәйкесінше қылмыстық – атқару жүйесі мекемелерінде бос орындар саны артқандығын атап өтуге болады.

Атап айтқанда, Қазақстан 25 жылда 8 рақымшылық жасады, Елбасының тапсырмасы негізінде қылмыстық саясат ізгілендірілді, Бас прокуратурамен «Түрме халқын азайтуға 10 шара» жобасы жүзеге асырылды, нәтижесінде 2012 жылы Қазақстан Республикасының халықаралық түрме индексі 222 елдің ішінен 35 орынға дейін жақсартылса, 2019 жылдың қорытындысымен Қазақстан 39 219 жазасын өтеушілермен 95 орынға тұрақтаған. 2014 жылдан бүгінгі күнге дейін 9 жаза өтеу орындары жабылып, мемлекетке 12 млрд. тенге үнемделген.

Егер ересектерге арналған мекемелердің ішінде арнайы локальді учаскелерде сотталған кәмелетке толмағандарды бөлек ұстайтын болсақ, оларға арнайы педагог немесе психологтар, мұғалімдер мен медициналық қызметкерлерді жұмысқа алуды қажет етпейді, себебі осы мекемеде қызмет атқаратын аталған кәсіп иелері ересектермен бірге кәмелетке толмағандарға да қызмет көрсетер еді.

Аталып өткен ұсыныс тек бюджет қаражатын үнемдеп, пайдалы әлеуметтік байланыстарды сақтауға мүмкіндік беріп ғана қоймай, кәмелетке толмағандар арасында түрме субмәдениетінің қалыптасуына тосқауыл бола алады. Себебі, қазіргі уақытта кәмелетке толмағандарға арналған мекемеде сотталғандар санының жалпы қысқаруы аясында онда тек неғұрлым ауыр қылмыс жасаған және криминалдық ортаға жақын жасөспірімдер жазаларын өтейді. Осы ретте, алғаш рет қылмыс жасаған кәмелетке толмаған аталған топтың арбауына түсіп, оның бойында криминалдық мінез-құлық қалыптасу мүмкіндігі жоғары болады.

Біздің бұл пікіріміз зерттеуші С.Рябыхтың көзқарасымен сәйкес келеді. Ол өзінің зерттеулерінде атап өткендей: «ірі қалалардағы кәмелетке толмағандарға

арналған түзеу мекемелерін тәрбие орталықтарына қайта бейімдеу неғұрлым тиімді болар еді» [55, 141 б.].

Сотталған кәмелетке толмағанның қайта тәрбиеленуіне әсер ететін тағы бір негізгі фактор – уақыт ресурстарының шектеулі болуы. Яғни, кәмелетке толмағандарға арналған түзеу мекемесінде жаза өтеу мерзімінің шектеулі болуы.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 156-бабына сәйкес он сегіз жасқа толған сотталғандар өздерінің келісімімен, сондай-ақ жиырма бір жасқа толған сотталғандар Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен сот шешімі бойынша жазасын одан әрі өтеу үшін орташа қауіпсіз мекемеге ауыстырылады.

Тек ерекше жағдайда, яғни осы кодекстің 155-бабына сәйкес он сегіз жасқа толған, бас бостандығынан айыруға сотталғандар өздерінің келісімімен, бірақ көп дегенде олар жиырма бір жасқа толғанға дейін мекемеде қалдырылуы мүмкін. Мекемеде қалдыру туралы шешімді сот мекеме бастығының ұсынуының негізінде қабылдайды [46].

Дегенмен, бұл процесс нормативтік құқықтық актілермен реттелмеген. Бұлай дейтініміз, мекеме бастығы қандай талаптар мен негіздерге сүйене отырып ұсыныс енгізетіні құқықтық актілермен бекітілмеген. Әрине, жақсы жағынан мінезделетін және ортасына жағымды әсер ететін кәмелетке толмағандарды жиырма бір жасқа дейін мекемеде қалдыру жөнінде ұсыныс енгізілетіні айқын. Алайда, статистикалық мәліметтерге сүйенсек 2019 жылы сотталған кәмелетке толмағандармен жаза өтеу барысында бірде-бір теріс қылықтар жасалмаған, сәйкесінше олар тәртіптік жазаларға тартылмаған.

Осы негіздерге сүйенсек, он сегіз жасқа толған барлық кәмелетке толмағандар мекемеде қалдырылуы тиіс емес пе? Бірақ, белгісіз себептермен тек жекелеген он сегіз жасқа толған сотталғандарға ғана ұсыныс енгізіліп, қалғандары ересектерге арналған қауіпсіздігі орташа мекемеге ауыстырылды.

Зерттеу жүргізу барысында кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемеден алынған мәліметтерге сәйкес 2018 жылы он сегіз жасқа толған 12 бала кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде жазаларын жиырма бір жасқа толғанға дейін өтеу үшін қалдырылса, 25 бала он сегіз жасқа толып, ересектерге арналған мекемелерге жіберілген, 2019 жылы 12 бала жиырма бір жасқа дейін қалдырылып, 26 бала жазаларын әрі қарай өтеу үшін ересектерге арналған мекемеге жолданды.

Бұл мәліметтерге қарағанда мекемеде жыл сайын он сегіз жасқа толған балалардың шамамен тек 30% мекемеде қалдырылып, қалғандары ересектерге арналған мекемелерге жолданатыны байқалады. Дегенмен, мекемеге қалдырылған балалар қандай негіздер бойынша іріктеліп алынғандығы беймәлім.

Біздің ойымызша, бұл сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын норма болып табылады. Сол себепті, тәртіп бұзбаған, яғни жазалау шаралары жоқ барлық сотталғандар жиырма бір жасқа толғанға дейін кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде қалдырылуы қажет. Яғни, мекеме бастығының ұсынысы негізінде сот шешімімен мекемеде қалдырылуға тиіс.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 155-бабын 1-бөлігіне келесідей толықтырулар мен өзгерістер енгізген жөн деп санаймыз: «он сегіз жасқа толған, бас бостандығынан айыруға сотталғандар» деген сөзден кейін «жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзбаған жағдайда» сөзімен толықтырып, «қалдырылуы мүмкін» деген сөзді «қалдырылады» деген сөзбен ауыстыру қажет.

Яғни, біздің ұсынған мәтінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 155-бабын 1-бөлігі: он сегіз жасқа толған, бас бостандығынан айыруға сотталғандар жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзбаған жағдайда, өздерінің келісімімен, бірақ көп дегенде олар жиырма бір жасқа толғанға дейін мекемеде қалдырылады.

Бұл өзгерістер арқылы сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын негіздерді жоя отырып, мекеме басшысын ұсыныс енгізуге, ал сотты оң шешім қабылдауға міндеттеуге болады.

Қазіргі уақытта сотталғандар кәмелетке толмағандарға арналған қауіпсіздігі орташа мекемеде орта есеппен екі жылдан артық емес уақыт болады (яғни, қылмыс жасап, кәмелетке толмағандарға арналған мекемеге келген уақытта жастары шамамен 16 немесе 18 жаста болады, бүгінгі күнде осындай жастағы 27 кәмелетке толмаған жазаларын өтеуде, бұл барлық жаза өтеуші кәмелетке толмағандардың 64% құрайды). Өкінішке орай, осындай қысқа мерзім ішінде сотталғандармен тәрбие, әлеуметтік жұмыстарды тиімді және нәтижелі ұйымдастыру, оны оқыту, әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіру, өзге де мәселелерді шешу мүмкін еместігін мойындау қажет.

Кәмелетке толмағандарға арналған жаза өтеу орыны ересектерге арналған түзеу мекемесінің алдындағы «ауыстырып тиеу» немесе «уақытша баспана» базасына айналғандай. Кәмелетке толмағандарға арналған түзеу мекемесі қызметкерлерінің де негізгі қызметі кәмелетке толмағандарды он сегіз жасқа толғанға дейін ұстап отырып, кейіннен ересектерге арналған түзеу мекемесіне жолдаумен шектелетіндей көрінеді.

Осыған байланысты, біздің пікірімізше, сотталған кәмелетке толмағанды кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелеріне қалдырудың жоғарғы жас шегін 21 жасқа дейін көтеру қажет немесе кәмелетке толмаған жаста сотталған адамдарға осы мекемеде

мерзімінің соңына дейін болуға мүмкіндік беретін тиісті нормаларды қабылдау қажет (кәмелетке толмаған жаспен бөлек ұстау мәселесін шешумен).

Мысалы, кәмелетке толмаған тұлға 16 жасында қылмыс жасап, сот оған 5 жыл бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындаған жағдайда, бұндай кәмелетке толмағандар жазасының соңына дейін, яғни 21 жасқа толғанға дейін кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде ұсталуы қажет.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 155-бабын 4-бөлікпен толықтырып, келесі мәтінде жазылуы қажет деген пікірдеміз: «Егер кәмелетке толмағанға сотпен тағайындалған бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының мерзімі оның жиырма бір жасқа толғанына дейін толығымен өтелетін болса, сотталған кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде жазасын өтеу мерзімінің соңына дейін қалдырылады».

Осы талаптар негізінде бүгінгі кезде жазасын өтеп отырған 17 сотталған кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде қалдыруға мүмкіндік болар еді (барлығы жиырма бір жасқа дейін жазаларын толық өтеп шығады).

Сонымен, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде сотталған кәмелетке толмағандарды жиырма бір жасқа толғанға дейін қалдырудың екі тәсілін қарастырған жөн деп санаймыз. Біріншісі, егер кәмелетке толмаған жаза өтеу барысында тәртіп бұзбаса, екіншісі оған сотпен тағайындалаған жаза мерзімі оның жиырма бір жасқа толғанға дейін сол мекемеде жазасын толық өтеуге мүмкіндік берсе.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуге арналған мекемелердің ең жеңілдетілген және сотталғандарға көптеген құқықтар берілген мекемесі – қауіпсіздігі барынша төмен мекеме (бұрынғы атауы - қоныс колониясы) болып табылады.

Басқа бас бостандығынан айыру жазасын орындайтын мекемелермен салыстырғанда, аталған мекемеде сотталғандар белгіленген үлгідегі нысанды киімдер кимейді, күзетсіз, бірақ мекеме әкімшілігінің бақылауымен және қадағалауымен ұсталады, жазасын дағдылы жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар жатақханаларда немесе камераларда тұрады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 143-бабының 4-бөлігінде сотталғандар:

1) мекеменің ішкі тәртіптеме қағидаларымен ұйықтауға бөлінген уақыттан басқа кезде, мекеме аумағының шегінде еркін жүріп-тұруға,

2) мекеме әкімшілігінің рұқсатымен, егер бұл олардың орындайтын жұмысының сипаты бойынша, оқуына байланысты, бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алу, моншаға немесе шаштаразға бару үшін қажет болса, мекемеге іргелес жатқан аумақтың шекарасы шегінде айына төрт рет сағат тоғыздан он сегізге дейін қадағалаусыз жүріп-тұруға;

3) азаматтық киім киіп жүруге;

4) өзімен бірге ақша мен бағалы заттар алып жүруге;

5) ақшаны шектеусіз пайдалануға;

6) ай сайын бір қысқа мерзімді және бір ұзақ мерзімді кездесу алуға құқылы.

Бұдан бөлек сотталғанның тәртібі дұрыс және жүріс-тұрысы оң болса, аталған кодекспен қосымша жеңілдіктер белгіленген [46].

Жалпы қылмыстық-атқару жүйесінің жазаларды орындаудағы және адамды қайта тәрбиелеудегі негізгі идеологиясы қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде қоғамға қауіпті емес қылмыстар жасаған және тәртібі түзелген сотталғандар жазаларын өтеу қажет.

Жаза өтеу орнының бұл түрін ұзақ уақыт бойы бас бостандығынан айыру орындарының қатарына енгізу немесе енгізбеу жөнінде пікір таластар болған, себебі бұл мекемеде адамдар бас бостандығынан айрылмайды тек шектеледі [56, 14 б.]. Ғалымдардың осы пікірлерін ескерсек, аталып өткен қауіпсіздігі барынша төмен мекемені жаза өтеу орындарының мейлінше ізгілендірілген түріне жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 46-бабының 5-бөлігінде айқындалғандай, қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде: абайсызда жасаған қылмыстары үшін сотталған адамдарға; осы Кодекстің 7, 8, 9, 12 және 13-тарауларында көзделген, күш қолданумен байланысты емес қылмыстар үшін сотталған адамдарға; қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген жағдайда, осы Кодекстің 15-тарауында көзделген қылмыстар үшін сотталған адамдарға; қасақана қылмыс жасағаны үшін екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалған, алғаш рет сотталған адамдарға өтеу тағайындалады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 96-бабының 1-бөлігінде өзге мекемелерден қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге сотталғандарды ауыстыру талаптары көрсетілген. Яғни, дәрежесі екінші немесе үшінші оң мінез-құлықты сотталғандар сот алдында мекеменің түрін жазаны өтеудің жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларындағы сотталғандар онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмыстары үшін – жаза мерзімінің кемінде үштен бірін, ал бұрын бас бостандығын айыруды өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар

мен жазаның қалған өтелмеген бөлігі кезеңінде жаңа қылмыстар жасағандар – жаза мерзімінің кемінде үштен екісін өтегеннен кейін – орташа қауіпсіз немесе қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерден қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерге өзгерту туралы өтінішхат беруге құқылы [46].

Алайда, бұл қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге ауыстырылуы мүмкін сотталғандар тізімінде кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемеде жазасын өтейтіндер енгізілмеген.

Зерттеуші С.Рябыхтың пікірінше: «сотталғандарды түзеу үшін сотталғандарды түзеу колонияларынан қоныс-колонияларына ауыстыруды көздейтін қылмыстық-атқару заңнамасының ынталандырушы нормасы маңызды болып табылады» [57].

Біздің ойымызша, мұндай ауыстыруды кәмелетке толмағандарға арналған қауіпсіздігі орташа мекемеден де жүзеге асыру керек. Яғни, дәрежесі екінші немесе үшінші оң мінез-құлықты кәмелетке толмаған жазасын өтеу барысында он сегіз жасқа толғаннан соң немесе сот шешімімен аталған мекемеде жиырма бір жасқа толғанға дейін қалдырылған сотталған жиырма бір жасқа толғаннан кейін, оның қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге жіберу құқығы қарастырылуы қажет. Бұл жас баланың одан әрі әлеуметтік бейімделуі үшін де үлкен маңызы бар (жоғарыда аталып өткендей қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде көптеген жеңілдіктер қарастырылған).

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандарға арналған мекемеден қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге ауыстыру барысында: сотталғанның ауыстыруға келісіміне, мамандығының (білімінің) дәрежесіне, қауіпсіздігі барынша төмен мекеме әкімшілігінің жұмыс орындарын беру мүмкіндігіне, сотталғанның еңбек ету ниетіне және сотталғанның ауруының болмауына ерекше назар аударылуы тиіс деп есептейміз.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 96-бабының 1-бөлігін 3-тармақпен толықтырып, ол мынадай мәтінде жазылуы қажет: «он сегіз жасқа толғаннан кейін немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 155-бабын 1-бөлігіне сәйкес кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде жиырма бір жасқа дейін қалдырылған сотталған жиырма бір жасқа толғаннан соң – кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінен қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерге өзгерту туралы өтінішхат беруге құқылы».

Біздің ойымызша, жазаларын өтеп жатқан кәмелетке толмағандарға қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге ауысу құқығын бере отырып, олардың түзелуіне деген ынтасын арттырып қана қоймай, жаза өтеп жүріп жұмыс істеуге,

сәйкесінше сот үкімімен белгіленетін материалдық және моральдық шығындарды өтеуге мүмкіндік береміз.

Ең негізгісі, бұл құқықты бере отырып қоғамға қайта әлеуметтендіру процесін жеңілдетуге болады. Себебі, қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жазаларын өтеп жүріп мекеме аумағынан шығу, азаматтық киімдер кию, ұялы байланыс құралдарын пайдалану секілді құқықтар беріліп, қоғаммен қайта қалыпты байланыс орнатуға мүмкіндік алады.

Бұл өзгерістерді енгізу арқылы Қылмыстық-атқару кодексін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Бұрыштамасымен 1985 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандарты» ережелерінің (Пекин ережелері) 3.3-бабының талаптарына (яғни, Ережелердегі принциптердің кәмелетке толған жас құқық бұзушыларға жүруіне де күш салған жөн) сәйкестендіре аламыз.

2.2. Бас бостандығынан айыру орындарында кәмелетке толмағандармен жүргізілетін тәрбиелік шаралар мен білім беру мәселелері

Бас бостандығынан айыру орындарында кәмелетке толмағандарға сапалы білім беру, қоғамға қайта әлеуметтендіру бағытында кешенді шаралар қабылдау - сотталғанның бостандыққа шыққан уақытта адаспайтындығының, ешбір қиындықсыз қоғамға қайта оралуының кепілі.

Тәрбиелік шаралардың кешенді жүргізілуі, оған барлық бағыттағы көмектер, оның ішінде психологиялық, әлеуметтік, моральдық ынталандырулар сотталғанның ішкі істер органдарына деген оң көзқарас қалыптасуына да әсер етеді. Ал, керісінше қинау мен азаптауға бағытталған тәрбиелік шаралар қылмыс жасаған тұлғаның одан әрі қылмысқа баруына ызаландырып, бостандыққа шыққан уақыттағы іске асыратын шараларын жазалау орнында отырып-ақ жоспарлайды. Сондықтан, сапалы әрі дұрыс тәрбиелік шаралардың маңыздылығы орасан зор.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Бұрыштамасымен 1985 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандарты» ережелерінің (Пекин ережелері) 26.1-тармағында түзеу мекемелеріндегі кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен тәрбиелік жұмыстардың мақсаты олардың әлеуметтік-пайдалы және жемісті рөлін атқару мақсатында, қамқорлықпен, қорғанышпен, біліммен және кәсіби дайындықпен қамтамасыз ету болып табылады деп көрсетілген.

Осы Ереженің 26.2-тармағында түзеу мекемелерінде кәмелетке толмағандарға күтім жасау, қорғау және барлық қажетті көмек — әлеуметтік, психологиялық, медициналық, дене шынықтыру, сондай - ақ олардың толыққанды дамуына оң әсер ету мүмкіндігін ескере отырып, олардың жасын, жынысын және

жеке басына байланысты білім беру және кәсіптік даярлау саласындағы көмекпен қамтамасыз етілуі тиіс делінген [2].

«Кәмелетке жетпей сотталғандарды жабық типтегі арнайы режимді мекеме жағдайында тәрбиелеудің және түзеудің қиындығы сонда, бұл – қарама-қайшылықты процесс», – дейді С.Х. Жадбаев [58, 67 б.]. Ал, К.А. Бегалиевтің пікірінше: «кәмелетке толмаған бірінші бас бостандығынан айыру мерзімін неғұрлым ерте алса, солғұрлым оның қылмысты ары қарай жалғастыру мүмкіндігі жоғары болады» [59, 14 б.].

Өз уақытында пенитенциарлық педагогикада кәмелетке толмағандар тәрбиелік ықпалға оңай берілетіндігі туралы тезис басым болған, себебі жеке тұлғаның теріс белгілері олардың санасында әлі терең енбеген. Алайда, бүгінгі күнде бұл пікірмен келіспеуге болады. Дамыған заманда ғаламтор және өзге де техникалардың құралдарымен аморальдық және қатыгездік сипаттағы материалдарды, адам теріс ой қалыптастыратын фильмдер мен бейнематериалдарды көріп өскен балалардың мінезінде қоғамға деген тұрақты теріс пікірлер қалыптасып, оны өзгертуге үлкен күш жігер қажет.

Қылмыстық-атқару құқығының нормалары кәмелетке толмаған сотталғандарды түзеу мақсатында педагогикалық іс-шараларды қолдануға кеңінен мүмкіндік берген, жазалау шаралары мейлінше азайтылған. Педагогикалық шараларды қолдану үшін жаза өтеу орындарында педагогикалық процестерді ұйымдастыру, егер психология-педагогика ғылымының жетістіктері, басқа оқу-тәрбие мекемелерінің озық тәжірибесі кең пайдаланылса көп жеңілдейді.

Бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны тағайындау арқылы кәмелетке толмағандарды түзеу мақсатында ықпал етудің көптеген тәсілдері қолданылады, олардың негізіне педагогикалық сендіру және мәжбүрлеу принциптерінің жиынтығы алынады.

Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемеде сотталғандарды түзеу және оларды дербес өмірге дайындау мақсатында бірыңғай оқу-тәрбие процесі ұйымдастырылады. Ол тәрбиеленушілерде заңға мойынсұнушылық мінез-құлықтың қалыптасуына, еңбек пен оқуға адал қарым-қатынастың, бастауыш кәсіптік білім алудың, жоғары білім беру мен мәдени деңгейдің кәсіби даярлығының қалыптасуына ықпал етеді.

Түзеу мекемелеріндегі кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға күтім, қорғаныш және басқа да қажетті көмекті олардың жас ерекшеліктерін, жыныстық, психологиялық және тұлғалық ерекшеліктерін және олардың толыққанды дамуына керекті мүдделерді ескеріле отырып қамтамасыз ету керек. Айрықша әлеуметтік, психологиялық, медициналық, физикалық, сондай-ақ білім

беру және кәсіби дайындық салаларындағы қажет болып қалуы мүмкін жәрдемдерді беру керек [45].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 7-бабының 1-бөлігіне сәйкес сотталғандарды түзетудің негізгі құралдары ретінде жазаны өтеу режимі, тәрбиелік ықпал ету, жағымды әлеуметтік байланыстарды сақтап тұру, қоғамға пайдалы еңбек, бастауыш, негізі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алу, қоғамдық ықпал ету қарастырылады.

Зерттеуші Ю.Кашубаның айтуынша: «кәмелетке толмағандарға қатысты жалпы және арнайы превенцияның оңтайлы арақатынасы арқылы жазалау мақсаттарына қол жеткізуге мүмкін болады. Бұл тек заңның мемлекет тарапынан ізгілендірілуімен ғана емес, жасөспірімдердің жазаны қабылдауына да байланысты болады. Кәмелетке толмағанның ересек адамға қарағанда құқықтық мәдениетінің төмен деңгейде болуы және оны жеткіліксіз білуі жазаның мақсатына жету мен оның қайта тәрбиеленуіне үлкен кедергі ретінде қарастырылуы қажет» дейді [60, 34 б.].

Кәмелетке толмаған сотталғандардың бас бостандығынан айыру орындарындағы режим талаптарын дәл және бұлжытпай орындауы түзеу мекемелеріндегі тәртіпті, әкімшілік пен сотталған арасындағы дұрыс қатынасты қалыптастыруға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен қатар қылмыстық жазаның негізгі мақсатына – сотталғандарды түзеуге де ықпал ететіндігі белгілі.

Керісінше түзеу мекемелерінде жазаны орындау және өтеу процесінің тиісті дәрежеде жүргізілмеуі теріс әлеуметтік салдарларға әкеп соқтырады. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеген адамдар қоғамға қайта орала отырып, халық арасында, әсіресе жастар арасында криминалдық дәстүрлер мен салттарды насихаттайды, бұл көбінесе кәмелетке толмағандар мен басқа да психологиялық тұрақсыз және әлсіз азаматтар арасындағы қылмыстың өсуіне, қоғамның криминогендік әлеуетінің артуына ықпал етеді.

Бас бостандығынан айырудың тиімділігі көбінесе осы жазаны регламенттелуіне, оның мерзімдеріне, заңнамада орындалу тәртібі мен шарттарына емес, нақты түзеу мекемесінде осы жазаны орындау процесін ұйымдастыруға, нақты қызметкерлердің іскерлігі мен тәжірибесіне, қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органы мен жергілікті атқарушы органның өзара іс-қимылының мүдделілігі мен деңгейіне байланысты болады.

Сотталғандармен бас бостандығынан айыру орындарында жүргізілетін тәрбиелік шаралардың тиісті деңгейде жүргізілуі, сәйкесінше олардың әлеуметтік функцияларды дұрыс игеру деңгейі сотталғанның бостандыққа шыққаннан соң қоғамға қайта бейімделуінің қажетті шарты болып табылады.

Ал, бұл жұмыстарды оңтайландыру, әрбір сотталғанға оның әлеуметтік-демографиялық, қылмыстық-құқықтық және жеке-психологиялық сипаттамасын ескере отырып, атаулы әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін жұмыстың жаңа жеке нысандарын іздеуді және енгізуді талап етеді.

Зерттеушілер Е.Берлейн мен А.Краснощековтың ойларынша: «ең оңтайлы механизм ретінде айқын және цифрдан құралған айқын және нақты жеке бағдарлама: түзу жолға түсуге бағытталған шаралар немесе керісінше күшейту режимін орнату қажет» дейді [61, 28 б.].

Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу шаралары «Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 13 тамыздағы бұйрығымен реттеледі.

Осы бұйрыққа сәйкес сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізі:

1) сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы жеке бөлім болып жоспарланатын мекеменің тоқсанға арналған жұмыс жоспары. Осы бөлімге ұсыныстарды сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы бөлімінің (бөлімше, топ) бастығы жасайды, ол мекеме бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен келісіледі;

2) жасақ бастығы жасайтын және сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы бөлімінің (бөлімше, топ) бастығымен келісілген және мекеме бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары бекітетін жасақтағы тәрбие жұмысының кешенді жоспары болып табылады.

Жоспарларда тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы, оларды жалпы, техникалық немесе кәсіптік оқыту, сотталғандардың ерікті ұйымдарының жұмысын бақылау, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізу, діни және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу мәселелері көрсетіледі [62].

Кәмелетке толмағандарға арналған түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жүрген сотталғандар ересек сотталғандарға қарағанда тәрбиелеуді, білім мен мамандық алуды ерекше қажет етеді. Сондықтан жаза өтеу орнына келген сәттен бастап және босатылғанға дейін мекеме қызметкерлері оларды әлеуметтік оңалтуға дайындайды, сәйкесінше жасалатын жоспарлар аталған негіздерге сүйене отырып әзірленеді.

Жалпы оқу-тәрбиелік процестер жаза қолданудың міндеттері мен мақсаттарына, қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларына сәйкес жүргізіледі. Сотталған баланы қайта тәрбиелеуде психологиялық және педагогикалық ғылымның орыны ерекше. Сондықтан, мекемеде білімді әрі

тәжірибелі психологтар мен педагогтардың білім беруі сотталғанның түзелуіне үлкен септігін тигізеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 125-бабының 1-бөлігіне сәйкес мекемелердің әкімшілігі сотталғандармен жеке тәртіппен олардың қажеттіліктеріне сәйкес, әлеуметтік бейімдеу жөніндегі жұмыстар мен психологиялық жұмыс жүргізеді.

Зерттеуші А.Т.Акажановамен Алматы қаласында орналасқан бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемеде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесімен «Пенитенциарлық мекемелерде кәмелетке толмаған тәрбиеленушілерімен әлеуметтік-психологиялық жұмыс бағдарламасы» әзірленген [63].

Бұл бағдарлама балалармен жүргізілетін психологиялық жұмыстарды бір жүйеге келтіруге бағытталған. Сондай-ақ, кәмелетке толмағанның психологиялық портретін және оның мінездемесін жасауды жеңілдетеді.

Зерттеу барысында А.Т.Акажанова Ресей елінің ғалымдары Ю.Дмитриев пен Б.Казактың «Пенитенциарлық психология» атты еңбегін басшылыққа алып, аталған бағдарламаның қолдану аясын үш бағытта қарастырған:

- 1) карантиндегі кәмелетке толмағандар;
- 2) арнайы зерттеуді қажет ететін сотталғандар;
- 3) бостандыққа шығуға дайындалып жүрген балалар [64, 154 б.].

Байқағанымыздай, бұл бағыттарды бөліп қарастыру бекер емес. Осы мерзім аралықтарында балалардың психологиясы өзгеріске ұшырап, оларға көрсетілетін көмек түрлері де әртүрлі болуы тиіс.

Бағдарламаның мақсаты - еркін жағдайда өмірге қайта бейімдеу және тәрбиелеу барысында кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлқын түзету. Онда қоғам алдындағы толық құндылық пен жауапкершілік сезімін дамыту, өмірдің жаңа жағдайларына бейімделуге көмектесетін мінез-құлық пен ұстанымды көтермелеу.

Кәмелетке толмағандарды оңалту және қайта әлеуметтендіру жөніндегі бұл бағдарлама әкімшілік жазалау шараларынан жаза өтеушілердің этникалық менталитетін ескере отырып, жан-жақты әлеуметтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық көмекке көшуді көздейді. Яғни, бұл бағдарлама кәмелетке толмағандармен психологиялық жұмыс жасауды қадам қадаммен нақты айқындап береді.

Біздің пікірімізше, аталған бағдарламаны еліміздегі кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған жаза өтеу орындарында қолданған жағдайда, осы мекеменің психолог пен педагог мамандарына нәтижелі әрі сапалы жұмыс атқаруға үлкен септігін тигізеді.

Кәмелетке толмағандарға арналған мекемелерде негізгі тәрбиелік және профилактикалық жұмыстар тәрбиешілер ұжымының, оның ішінде қадағалаушы қызметкерлерден бастап сотталғандардың жүріс-тұрысына ықпал ете алатын барлық тұлғалардың педагогикалық әсерінің және мекемедегі кәсіби-техникалық мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін кешенді іс-шаралардың нәтижесінде қалыптасады. Кәмелетке толмағандармен ауыр қылмыстардың жасалғандығын ескерсек, оларға қатысты арнайы тәртіптік және марапаттау шараларын қолдану қажеттігі туындайды.

Сотталған кәмелетке толмағандардың түзелуіне қол жеткізу үшін мекеме қызметкерлерінің (тәрбиешілердің) күш-жігері жазасын өтеушілердің қоғамға қарсы көзқарастарын еңсеруге, сотталғанның бойындағы теріс қылық деңгейін төмендетуге, дұрыс мінез-құлық нормаларын және еңбек пен оқуға адал көзқарасты қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Кәмелетке толмағандармен жүргізілетін тәрбиелік шаралар жоғарыда көрсетілген ведомстволық бұйрықта арнайы тарау ретінде бөлек көрсетіліп, тәрбиелік жұмыстардың ерекшелігі аталып өткен [62].

Атап айтқанда, мекемеде сотталғандар ұжымының құрылымдық бөлінісінің негізі психологиялық біртұтас қағидаты бойынша қалыптасқан жиырма-отыз адамнан тұратын бөлімше болып табылады. Жасақ жазаны өтеу жағдайларының түрлері бойынша бірнеше бөлімшені біріктіреді. Бөлімшені тәрбиеші, жасақты жасақ бастығы немесе аға тәрбиеші басқарады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 14 қарашадағы «Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптемесі қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сотталғандарды жасақтар (бөлімшелер) және камералар бойынша бөлу туралы шешімді олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін, олардың еңбекке тартылуын, жалпы және кәсіптік білім беру жүйесінде оқуын ескере отырып, мекеме бастығы басқаратын мекеме комиссиясы қабылдайды. Комиссияның құрамына мекеме бастығының орынбасарлары, күзет, жедел, режим, тәрбие, арнайы, медициналық, психологиялық, өндірістік қызметтердің өкілдері кіреді. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде комиссия құрамына, бұдан басқа, жалпы білім беретін мектептің және өндірістік-техникалық училищенің қызметкерлері кіреді. Комиссия талқылауының нәтижесі бойынша мекеме бастығының бұйрығы шығарылады. Террористік немесе экстремистік қылмыстар үшін сотталғандарды қоспағанда күш қолданумен байланысты емес қылмыстар үшін сотталғандар бөлек ұсталады. [65].

Бұл ретте, сотталған кәмелетке толмағандарды жасақтарға бөлу барысында Біріккен Ұлттар Ұйымы Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсанындағы «Біріккен Ұлттар Ұйымының бас бостандығынан айрылған кәмелетке

толмағандарға қатысты Ережелері туралы» 45/113 Қарарының талаптары басшылыққа алынған жөн.

Аталған Қарардың 28-тармағына сәйкес кәмелетке толмағандар олардың ерекше қажеттіліктерін, мәртебесін және олардың жас ерекшеліктеріне байланысты, тұлғалық және жыныстық ерекшеліктеріне байланысты, сондай-ақ құқық бұзушылық түріне, олардың психикалық және физикалық ахуалына және оларды барынша теріс ықпалдан және қауіпті жағдайларға ұшырауынан алдын алатын шараларға байланысты талаптарды толық қарастыратын жағдайларда орналасуы керек. Бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандарды категория бойынша бөлуге негіз болатын өлшем ретінде нақты бір құқық бұзушының қажеттіліктеріне мүмкіндігінше жауап беретін және оның физикалық, психикалық және ар-намысының бүтіндігін қорғауды қамтамасыз ететін күтім қарастырылуы тиіс [66].

Бүгінгі күні (2020 жылдың ақпан айына) еліміздегі кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемеде жазасын өтеп жатқан 44 бала бір жасаққа біріктірілген. Бұған себеп ретінде балалардың жас шамалары мен олардың санының аз болуы ескерілген. Біздің ойымызша, қабылданған бұл шешім негізді. Себебі 44 кәмелетке толмағанды 2 жасаққа бөлген жағдайда, олардың араларында бәсекелестік пен араздық туындауы мүмкін, сәйкесінше мекемеде режим бұзылып, олардың дұрыс тәрбиеленуіне кері әсер етуі ықтимал.

Дегенменде, болашақта сотталғандар саны көбейген жағдайда бұл бөлімшелерді құру барысында алғышарт ретінде кәмелетке толмағандардың психологиялық деңгейлері, олардың жасаған қылмыстарының ауырлығы мен түрлері ескерілуі қажет.

Себебі, адамның денсаулығы мен өміріне қарсы қылмыс жасаған баланың криминалдық көзқарасы (көп жағдайларда бұл қылмыстар қатыгездікпен жасалады) мен мүлікке қарсы қылмыс жасаған баланың көзқарасы (тәжірибеде жасырын ұрлау немесе алып қою қылмыстары) әртүрлі болатындығы белгілі, сәйкесінше олардың әлеуметтік ортаға бейімделу жағдайлары да әртүрлі болады.

Өз кезегінде зерттеуші А.Б. Сахаров қылмыскерлерді қоғамға қарсы теріс қылықтарының тұрақтылығына және тереңдігіне қарай үш топқа бөледі:

- 1) қоғамның дұрыс талаптарын ашық ұнатпайтын, теріс пікірлі қылмыскерлер;
- 2) абайсызда не аса қолайсыз жағдайларда қылмыс жасаған кездейсоқ қылмыскерлер;
- 3) осы екі санаттың ортасынан орын алатын қылмыскерлер [67, 21 б.].

Бұл топтарға бөлу арқылы А.Б.Сахаров қылмыс жасаған балалардың мінезі мен өмірлік ұстанымдарын сипаттағандай тәріздес. Себебі, қоғамды

ашық ұнатпайтын адам мен абайсызда, белгілі бір адамның арбауына түсіп қылмыс жасаған адамдардың өмірлік ұстанымдары екі түлі болады.

Диссертациялық зерттеу жұмыстары барысында кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемедегі сотталғандар арасында жүргізілген сауалнама және өзімізбен әзірленген жеке қабылдаулар әдіснамасына сүйеніп жүргізілген жеке қабылдау нәтижесімен кәмелетке толмағандардың басым көпшілігі қылмысты абайсызда жасағандықтарын, оған себеп ретінде араласатын ортасы, достары мен материалдық қажеттіліктердің нәтижесінде қылмысқа қалай барғандықтарын түсінбей қалу жағдайы болғандығын көрсеткен.

Сол себепті бұл сотталғандардың жасаған әрекеттерінен қаншалықты қорытынды шығаруға әзір екендіктерін анықтау арқылы оларды қайта тәрбиелеуге жұмыстар жасалуы тиіс.

Зерттеуші С.А. Тарарухин адамдардың қылмыстық іс-әрекетін болжау арқылы кәмелетке толмаған қылмыскерлерді үш топқа бөліп қарастыруды жөн деп санаған:

1) өзін әдепті ұстауға қабілеті барлар, олар қалыптасқан жағдайда дұрыс қорытынды жасағанымен өзі таңдаған іс-әрекеттің салдарын ойластырмайды, қылмыс олар үшін кездейсоқтық;

2) өзін әдепті ұстауға қабілеті барлар, бірақ олардың бірінші топтан айырмашылығы сол – жасалған қылмыстың салдарын болжай алады және де жазасыз қаламын деп үміттенеді, бұлардың өнегелік қасиеті біріншілерге қарағанда төмен;

3) әдептілік сақтауға қабілеті жоқ жастар, олардың ой-өрісі тар, қоғамдағы пайдалы байланыстарды үзген, құқық нормаларын бұзу олар үшін әдетке айналған, өз әрекетіне дұрыс баға бере алмайды [68, 42 б.].

Адамды жаңа әлеуметтік ортаға бейімдеудің негізгі функциялары ретінде оның еркін және жан-жақты дамуы үшін мекеме әкімшілігімен тиісті жағдай жасауды қарастыруға болады.

Сотталғанның ортаға бейімделу қабілетін қарастырғанда олардың кейбіреулерінің шағын топтарға ғана, ал екіншілерінің кез-келген топтарға тез бейімделіп кететіндігін ескеру керек. Жекелеген сотталғандар өздеріне оң ықпал ететін жағдайларға (мектепке оқуға түсу, сотталғандардың ұйымына кіру), оның ішінде түзу жолға бағытталған шараларға тез бейімделеді немесе бейімделуге тырысады, теріс факторларға мойынсынбайды, ал кейбіреулері керісінше, түрме субмәдениетін ұстанып, соны үнемі таратып жүретін теріс пікірлі, қылмыстық ойдан арылмаған, қайта қылмыс жасауға бейім сотталғандардың ықпалына тез бейімделеді.

Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекеме әкімшілігімен жүргізілетін шаралары режимді сақтауға, тәрбиелеуге, білім беруге және

қоғамға қайта оралуы мен әлеуметтендіруге бағытталған жалпы шаралардан құралатындығын ескерсек, сотталғанның әрқайсысымен жеке дара жұмыс істеу қажеттігі туындайды, себебі олардың әрқайсысында өздеріне тән психологиялық, физиологиялық, әлеуметтік, рухани ерекшеліктері бар. Сондықтан, ең алдымен тәрбие жұмыстарын жүргізбес бұрын оларды жеке дара зерттеген жөн.

Осыған орай, ең алдымен қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандардың өмірлік көзқарастары мен жасаған теріс әрекеттерінің ниеттілігін және себебін анықтаған жөн, басқаша айтқанда кәмелетке толмағанның типологиясын анықтау қажет.

Қазіргі уақытта кәмелетке толмаған қылмыскерлердің ғылыми әдебиеттерде типологиясы жеткілікті дәрежеде зерделенген.

Кейбір авторлар, мысалы, зерттеуші Ю.А. Воронин қылмыскерлер типологиясының жалпы жүйесінің болатындығын, оған көрсетілген топтастырулар құрылымша ретінде кіре алмайтындығын теріске шығармайды [69, 10 б.].

Бірақ бұл мәселе әзірге теориялық зерттеудің бастапқы сатысында. «Криминология үшін адамның қылмыстық, өнегелік және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері бойынша ғана типологиясы жеткіліксіз» – дейді Ю.М. Антонян [70, 17 б.].

Қылмыскер тұлғасының рөлдік және әлеуметтік-демографиялық белгілер бойынша типологиясының да маңыздылығы орасан зор. Кәмелеттік жасқа толмаған және ересек, әйел немесе ер, шетел азаматы немесе еліміздің азаматы секілді өзгешеліктерді, сондай-ақ оның тұрғылықты мекенжайлары, отбасы мен қоғаммен қарым – қатынастарына ерекше көңіл бөлген жөн. Осы негіздерге сәйкес қылмыскерлерді бөліп, олардың типологиясын жасап, сәйкесінше тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

Осы ретте кәмелетке толмаған сотталғандардың типологиясын анықтау барысында біздің көзқарасымыз Ресей ғалымы Л.Г. Татьянамен әзірленген қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың сыныптамасымен (классификация) дәлме-дәл келді. Бұл сыныптама тек судьялар ғана емес, сонымен қатар жаза өтеу орындарының қызметкерлеріне кәмелетке толмағандарға қатысты тәрбие процесін жүргізу барысында пайдалануға мүмкіндік береді.

Л.Г. Татьяна қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарды 4 топқа бөлген:

1) абайсызда қылмыс жасаған кәмелетке толмаған қылмыскерлер. Осы топқа жататын адамдар негізінен абайсызда бір қылмыс жасайды, оларда қылмыстық бейімділік болмайды, жасаған әрекеттеріне шын мәнінде өкінеді;

2) ситуациялық қылмыскерлер. Олардың қылмыстық әрекеттері қандай да бір криминогендік жағдайға байланысты болады, орын алған қылмыстық оқиға

барысында олар іс-әрекетті дұрыс бағалай алмаған, не жәбірленушінің қарсы мінез-құлқына төзе алмай, не алкогольдік мас болу жағдайына қылмыстық әрекеттер жасауын айтуға болады. Кәмелетке толмағандардың бұл түрі әлсіз сипатпен, жоғары эмоциялық қозумен сипатталады;

3) құқыққа қарсы бағыттағы мінезқұлқы басым кәмелетке толмағандар. Бұл жасөспірімдер отбасында тиісті тәрбиенің болмауымен сипатталады, олар өзінің сипаты бойынша икемделіп, олардың қандай да бір материалдық игіліктерге қол жеткізу және қоғамда өз орындарын табу ниеттері ересектердің криминалды мысалдарына негізделеді. Даму деңгейі орта, әдетте олар отбасында жеткілікті тәрбиені алмай, мектепте орташа оқушылар болған, осыған байланысты оларда қақтығыстар пайда болады;

4) тұрақты құқыққа қарсы мінез-құлқы бар кәмелетке толмағандар – бұл тұлғалар интелекттері өте дамыған, бірақ анық криминалдық ұстанымға ие. Бұл адамдар жиі ұйымдастырушылық қабілеттері жоғары, бірақ өздерін дұрыс жағынан көрсете алмаған кәмелетке толмағандар болады. Жеке тұлға ретінде орнығу, материалдық және моральдық игіліктерге қол жеткізу ниеті оларды құқыққа қарсы жолға итермелеген [71, 9 б.].

Бұл топтастыру жоғарыда аталып өткен зерттеуші С.Тарарухиннің топтастыруына ұқсас, дегенменде зерттеуші Л.Татьянина әр топтағы тұлғалардың мінездерін сипаттай отырып, криминологиялық бағытта қылмыскерлердің портреттерімен ұштастырып топтарға бөлген.

Баланың қандай дәрежеде қылмыстық ықпалға ұшырағанын, оны қылмыстық жолға итермелеген себептер қандай екенін түпкілікті анықтау өте маңызды, себебі баланың жаза өтеу орнына келгенге дейін қандай болғанын, қылмыс жасауға нақты себебін анықтап ғана, оған қатысты тәрбие шараларының тәсілі мен түрін қалыптастыруға болады.

Ғалым К.Қайыржанов: «құқыққа қарсы іс-әрекетті когнитивтік те, уәждік те факторлар анықтайды деп айтуға болады. Адамның құқыққа қарсы мінез-құлқын әлеуметтік тұрғыдан талдағанда ақыл-ес және құмарлық сияқты тетіктер де қатысады» - дейді [72, 218 б.].

Бұл ретте кәмелетке толмағандарға жоғарыда аталып өткен типологияға сәйкес жеке оқыту әдісін анықтап, оларды педагогикалық бақылау өте маңызды. Бақылау жүргізу барысында педагогтармен қатар тәрбиешілер, яғни түзеу мекемесінің офицер қызметкерлері, теологтар, психологтар кәмелетке толмағанның қылмыс жасауына итермелеген теріс құбылыстарды анықтау қажет және олардың бойларында анықталған құбылыстардың түп тамырын, себептерін ашу, оларды түсіну, жасөспірімдердің дамуындағы өзгерістерді қадағалауы тиіс. Жеке зерттеу кәмелетке толмағанның колонияға келген күннен босағанға дейін барлық уақыты ішінде жүргізілуі тиіс. Әрбір сотталғанға оның мінез-құлқына

талдау жасалған күнделік жүргізіледі. Күнделікті зерттеу нәтижелері жеке зерттеу карточкаларына енгізіледі және әр жарты жыл сайын педагогикалық сипаттамалар түрінде қорытындыланды.

Біздің ойымызша, сараланған бағдарламаны іске асыру сотталғанның түзеу мекемесінде болған алғашқы күннен бастап жүзеге асырылғаны және жеке сипатқа ие болғаны маңызды.

Жалпы, аталып өткен қылмыскерлердің типологиясын барлық кәметке толмағандарды талдау үшін қолдануға болады.

Алайда, кез келген типология салыстырмалы болып келетіндігін есте сақтаған жөн, себебі құқық бұзушыларды, әсіресе кәметке толмаған қылмыскерлерді топтастырғанда зерттеушінің қолданған әдісін, мақсатын, топтастыру үшін қандай талаптарды негізге алғандығын білу қажет. Типологияның басты мақсаты – алдын алудың және жазалаудың жеке дара шараларын таңдауға мүмкіндік беру. Бұл ретте, типологияны анықтау жүргізген қызметкердің тәжірибесі мен жұмысының сапасы басты рөлді атқарады.

Жаза өтеу мекемесінде әлеуметтік жұмыстың әлсіздігі кәметке толмағандардың девиантты мінезқұлқының қалыптасуының немесе қалыптасқан бұл мінезден арылмауының себептерінің бірі болып табылатыны белгілі. Сондықтан жазалау мақсаттарына қол жеткізу тәсілдерінің бірі - кәметке толмағандардың бас бостандығынан айыру орындарында әлеуметтік және тәрбие жұмыстарын күшейту. Әрине, жаза өтеу мекемесі бұл үшін ең жақсы орын емес, дегенмен сотталғандарға тәрбиелік ықпал етуді қалыптастыруға жаңа, дәстүрлі емес тәсілдерді іздеуге бағыттайды. Қызметкерлер сотталғандарға өз міндеттерін орындауға ғана емес, оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, туындаған өмірлік проблемаларды шешуге практикалық көмек көрсетуге бағыттайтын сотталғандармен әлеуметтік жұмыс нысандарын жүргізу қажет.

Ең бастысы кәметке толмағанға жағымды әлеуметтік орта қалыптастыру қажет, бұл дегеніміз сотталған өзін мейлінше жағымды сезініп, түзелуге деген құштарлығын қалыптастыратын атмосфера орнату. Біздің ойымызша, бұндай ортаға жаза өтеу мекемесінің және білім саласының қызметкерлерімен емес, мемлекеттік құрылымдарға тәуелді емес адамдармен - заңгерлермен, психологтармен, үйірмелер мен секциялар жетекшілерімен, құқық қорғаушылармен, түрлі діни конфессиялардың өкілдерімен және басқалармен жүйелі түрде бейресми кездесулерін ұйымдастыру арқылы қол жеткізуге болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 жылы 10 желтоқсанында қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының кәметке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты» Ережелерінің 25-тармағына сәйкес кәметке толмаған құқық бұзушылардың ұйым аясында және мүмкіндігінше отбасы аясында тәрбиесіне айтулы үлес

енгізуі ерікті жанашырларды, ерікті жанашыр ұйымдарды, жергілікті мекемелерді және басқа да ұйымдық қызметтерді үшін жұмылдыру керек.

Бұл қағида кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен барлық жұмыстардың қайта тәрбиелеуге бағытталуының қажеттілігі көрсетілген. Құзыретті органдардың нұсқауларын нәтижелі орындау мақсатында, ұйымдармен ынтымақтастық аса маңызды. Айрықша, ерікті жанашырлар мен ерікті жанашыр қызметтер айтарлықтай құнды қызмет атқарады, алайда қазіргі уақытта олардың мүмкіндіктері толықтай пайдаланылмауда. Кейбір жағдайларда, бұрынғы құқық бұзушылар ересен қызмет атқарады [2].

Халықаралық шартта аталып өткен мәселенің негізгі мақсаты қылмыс жасаған кәмелетке толмағанның тәрбиесіне, қоғамдық оң пікір қалыптастыру бағытында мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарды көптеп тарту қажет. Солардың көмегімен теріс көзқарасты өзгертуге ұмтылу.

Бұл жұмыстардан бөлек тәрбиелеу барысында қажетті және маңызды факторлардың бірі – сотталғанның жаза өтеу кезінде өзінің қалауындағы, көңіліне жағымды және жаза өтеп, бостандыққа шыққаннан соң өзін әлеуметтік және материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кәсіби мамандық иесі атану.

Сотталған кәмелетке толмағандарды жаза өтеу барысында жұмыспен қамту олардың уақыттарын тиімді өткізіп ғана қоймай, табыс табуға және тәрбиеленуіне үлкен септігін тигізеді.

Сотталғандардың еңбек саласындағы ынталандыру бүгінде екі аспектіде қарастыруға болады. Нақтыласақ, біріншіден, адал еңбек еткен жағдайда көтермелеу шараларын қолдану, оның ішінде мадақтама беру, режимді өзгерту, мерзімінен бұрын босату, жазасын неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру. Екіншіден, бас бостандығынан айыру орындарында жұмыс істеу арқылы уақыттарын тиімді өткізуге болады.

Зерттеуші В.Елеонский: «бас бостадығынан айрылған уақытқа дейін бостандықта жұмыс істегендер үшін жаза өтеу жағдайында да еңбекке қатысуы үлкен қиындық тудырмайды» - деп көрсеткен [73, 60 б.].

Сотталған кәмелетке толмағандардың көпшілігі физиологиялық және әлеуметтік жағдайларға байланысты ешқашан еңбек қызметімен айналыспаған және ешқандай мамандықтары жоқ, сондықтанда олардың білім деңгейі мен кәсіби дайындығы туралы мәселе өзекті болып табылады.

Біздің пікірімізше, колонияда алған білім мен кәсіби дағдылар босаған кәмелетке толмағандарға жұмыс күші нарығында басқа жасөспірімдермен еркін бәсекелесуге мүмкіндік беруі тиіс.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсанындағы «Біріккен Ұлттар Ұйымының бас бостандығынан айрылған кәмелетке

толмағандарға қатысты Ережелері туралы» 45/113 Қарарының 46-тармағына сәйкес кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың және олардың кәсіби дайындығының мүдделері ол орналасқан түзеу мекемесінің немесе басқа да үшінші тұлғаның тарапынан пайда табу мүдделерінен төмен тұрмауы керек. Кәмелетке толмаған құқық бұзушының тапқан табысының белгілі бір бөлігі ол босап шыққан кезде берілу мақсатында жинақ ретінде жиналуы керек. Кәмелетке толмаған құқық бұзушы жалақысының қалған бөлігін өзі қолданатын тауарларды алуына немесе өзі жасаған құқық бұзушылығынан зардап шеккен жәбірленушіге залалды өтеуге жолдауына немесе өзінің отбасына, түзеу мекемесінің сыртындағы басқа да азаматтарға жолдауына құқылы болуы тиіс [66].

Осы себептерге байланысты сотталғандарды еңбек арқылы тәрбиелеудің маңызы зор. Еңбекке көзқарас адам құндылығының басты өлшемі. Ал, еңбекке баулудың, жасөспірімнің бойында еңбекке деген сүйіспеншілігі оятудың негізгі құралы оның тартымды болуы, яғни кәмелетке толмағандарға ыңғайлы, төлемдері жоғары, еңбек жағдайлары қолайлы болуы тиіс.

Бүгінгі күнде кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемеде бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп отырған 44 сотталғанның тек 10-ы ғана 0,5 бірлікпен мекемеде әртүрлі жұмыс атқарса, 6-ы қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жұмысқа орналасқан, қалған 28 сотталған жұмыссыздар тізіміне енгізілген.

Мекеме аумағында орналасқан өндіріс аумағы бірнеше жыл бойы бос қалуда. Оның ішіндегі техникалар мен құрылғылар жұмысқа жарамды болғанымен, онымен жұмыс істейтін кәсіпкерлер ынта танытпауда. Оның негізгі себебі мекемедегі сотталғандардың жаза өтеу мерзімдерінің қысқа болуы. Яғни, кәсіпкер өз жұмысын бастап, сотталған кәмелетке толмағанды үйретіп, тиісті пайда түсе бастаған уақытта, жұмыскерінің жаза өтеу мерзімі аяқталып қалуы немесе ересектерге арналған мекемеге ауыстырылуы, шартты түрде босап кетуі секілді себептер оның жұмысына кері әсер етуі мүмкін. Бұған қоса, еңбек заңнамаларына сәйкес кәмелетке толмағандарды күніне 4 сағаттан артық жұмысқа тартуға тыйым салу нормасы кәсіпкерлердің мекемеде жұмыс жасау құштарлығын одан әрі басады.

Кәмелетке толмағандарды еңбекпен тәрбиелеу, егер жаза өтеу мекемесінің өз өндірістік базасында жүргізілсе, анағұрлым тиімді болар еді.

Жалпы, сотталғандарды еңбекпен қамту, оларға жұмыс орындарын ашу тек қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің міндеті емес, оған тікелей жауапты органдардың бірі – жергілікті атқарушы мемлекеттік органдар, яғни жергілікті әкімдіктер.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы

Заңының 27-бабының 17-6-тармағына сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес: қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың жұмыспен қамтылуына, оның ішінде:

қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындары мен мекемелері өндіретін тауарларға, орындайтын жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге тапсырыстарды орналастыру;

қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аумағында сотталғандардың еңбегін пайдаланатын өндірістер ашу, оларды кеңейту және жаңғырту үшін кәсіпкерлік субъектілерін тарту арқылы жәрдемдеседі [74].

Бұл ретте, жергілікті әкімдіктер қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерімен тығыз байланыс орнатып, үнемі зерттеу жүргізіп, қажетті жұмыс орындарын ашуға және соған сәйкес тапсырыстар беріп отырулары қажет.

Сотталғандарды еңбекпен тәрбиелеу мәселесін оларды босап шыққаннан кейінгі өмірге және еңбек етуге психологиялық және ұйымдастырушылық тұрғысынан қарастырған жөн. Кеңес үкіметі кезеңінде барлық сотталғандарды еңбекпен түзеу негізгі құрал болып қарастырылғандығын атап өткен жөн. Сотталғанның шын мәнісінде еңбекпен айналысуы оның қайта түзелуіне әсер ететін маңызды фактор, босанғаннан кейін қоғамға ешбір қауіп-қатерсіз, қиындықсыз бейімделуінің және қайта қылмыс жасамауының алғышарты.

Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемеде сотталғандарға сапалы білім беру мәселесі де өте өзекті.

С.Бабаева пен Ж.Оналбек: «қазіргі өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту - қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Білім беру - бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудық үздіксіз процесі» - деп атап өткен [75, 105 б].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 7-бабында сотталғандарды түзеудің негізгі құралдарының бірі ретінде бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуы көрсетілген. Осы кодекстің 127-бабында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуды ұйымдастыру негіздері айқындалған [46].

Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекеме аумағында «№2 кәсіптік мектеп» мемлекеттік білім беру мекемесі мен Алматы қаласының №3 жалпы білім беру мектебі жұмыс істейді.

Орта білімі жоқ немесе аяқталмаған сотталғандардың барлығы мекемедегі орта білім беру мектебінде білім алуда. Олар 6 сыныпқа бөлініп, қазақ және орыс

тілдерінде оқуда, 11 мұғалім сабақ жүргізеді, мектепте информатика және математика кабинеттері қарастырылған.

Кәсіптік білім беру 3 бағыт бойынша жүргізіледі: токарь, ағаш ұстасы-құрылыс, слесарь-механикалық жинау жұмыстары. Оқу мерзімі 6 айды құрайды. 2019 жылы 55 сотталған мемлекеттік үлгідегі куәлік алған.

Бұл ретте, сотталған кәмелетке толмағандармен жеке сұхбат жүргізу барысында кәсіптік мектептің деңгейі мен оқу сапасына қанағаттанарлық деген баға беріп, алған білімдерін болашақта қажет екендігін білдірді.

Дегенмен, жоғары білім алу мәселесін зерттеу барысында ешқандай нормативтік құқықтық актілерде сотталғандардың жоғары білім алу, жоғары оқу орындарына түсу мен оқу мәселелері қарастырылмағандығы анықталды.

Тек Қылмыстық-атқару кодексінің 127-бабының 5-бөлігінде бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ұмтылыс көтермеленеді және сотталғандардың мінез-құлық дәрежесін айқындау және мінездемелерін жасау кезінде ескерілетіндігі аталып өткен. Яғни, сотталғанның жоғары білім алуға ұмтылысы қолдау табатындығы көрсетіліп, оны ұйымдастыру және оған мекеме әкімшілігі тарапынан көрсетілетін көмек мәселелері қарастырылмаған [46].

Өз кезегінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабына сәйкес азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Жеке меншік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 35-бабына сәйкес жоғары білімді жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар азаматтар алады. Азаматтың конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар [4].

Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған ЛА-155/6 мекемесінің мәліметіне сәйкес 2019 жылы 7 кәмелетке толмаған сотталған он бірінші сыныпты бітірсе, 3 сотталған тоғызыншы сыныпты бітіріп арнайы аттестаттарын алған.

Әрі қарай он бірінші сыныпты бітірген кәмелетке толмағандар өздерінің конституциялық құқықтарын пайдаланып, жоғарғы оқу орындарына түсу мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Өкінішке орай, сотталғандар бұл құқықтарын жүзеге асыра алмайды, себебі бұл құқықты жүзеге асыру нормативтік құқықтық актілермен қарастырылмаған.

Тек ғана қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жазаларын өтеп жүргендер сырттай оқуға мүмкіндіктері бар. Нақтылағанда, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 14 қарашадағы «Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптемесі қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 47-тармағына сәйкес қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын өтейтін

сотталғандар сырттай оқуға ақша төлеп, жоғары және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқи алады.

Бұл ретте біздің ойымызша, бас бостандығынан айрылған сотталғандар арасында білім алуға деген құқықтарын жүзеге асыруда тепе-теңдік қағидасы бұзылып отыр. Бұлай дейтініміз, қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге де қауіпсіздігі орташа мекемеге де бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандар жолданады, бірақ тек қауіпсіздігі барынша төмен мекемедегілер жоғары оқу орындарына түсуге құқылы.

Сотталған кәмелетке толмағандар арасында жүргізілген сауалнама негізінде жазаларын өтеп жатқан сотталғандардың 95% (44 баланың ішінен 42-сі) аталған мекемеде жазаларын өтеп жүріп жоғары білім алуға ынталы екендіктерін білдірді. Жүргізілген жеке қабылдау барысында да сотталған кәмелетке толмағандар жоғары білім алуға мүмкіндік болған жағдайда оқуға түсіп, білім алатындықтарын көрсетті.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 27-бабына сәйкес жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, білім берудің әрбір деңгейін алуға қол жеткізу жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндізгі, кешкі, сырттай оқу, **экстернат** және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар (балалар) үшін **қашықтықтан оқыту** нысанында жүзеге асырылады [4].

Қашықтықтан білім беру технологиясы - білім алушы мен педагогтің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

Экстернат – білім алушы сабаққа үнемі қатыспай-ақ тиісті білім беру бағдарламасының оқу пәндерін өз бетімен оқитын оқыту нысандарының бірі.

Қазіргі дамыған технологиялар заманында қашықтықтан оқыту немесе экстернат нысандары негізінде сотталғанмен жоғары оқу орындарына түсу мен білім алуына ешқандай кедергі болмауы тиіс.

Оған дәлел ретінде 2019 жылы кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған ЛА-155/6 мекемесімен жүргізілген пилоттық жоба негізінде мекемеде жоғары сыныпта оқитын сотталғандар «қашықтықтан оқыту» нысанымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ұйымдастыруымен «Жалпы білім беру ұйымдарында оқитын жоғары сыныптарға арналған қаржы» курсы өтіп, арнайы сертификаттар берілгендігін атап өту қажет. Демек, мекемеде қашықтықтан оқытуға барлық техникалық мүмкіндіктер қарастырылған.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 127-бабының атауын «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, **жоғары білім** алуды ұйымдастыру» деп өзгертіп, жаңадан 1-1-бөлігімен

толықтырып: «Мекемелерде жазасын өтеу барысында сотталған білім беру саласындағы заңнамаларға сәйкес жоғары оқу орындарынан білім алуға құқығы бар. Сотталған осы құқығын жүзеге асыру жөнінде жазбаша өтініш берген жағдайда, мекеме әкімшілігі оны ұйымдастыруы тиіс».

Біздің ойымызша, тек кәмелетке толмаған сотталғандардың ғана емес, жалпы сотталғандардың конституциялық құқықтарының бұзылмауын болдырмау мақсатында оларға жоғары оқу орындарына түсу құқығын Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде бекіткен жөн.

Жаза өтеу орындарында білім алуға ынта таныту - сотталғандардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға ұмтылумен ұштастыруға болады. Бұл орайда олардың заман ағымынан қалып қоймау, ата-аналары мен туыстарына дәлелдеу, отбасына аландатушылық таныту секілді сезімдері мен ойларын жүзеге асыруға мүмкіндік беру қажет.

Аталып өткен мәселені жүзеге асыруға мемлекетіміздің толық мүмкіндігі бар екендігі зерттеу барысында анықталды. Ғаламтор желілері мен техникалардың жаза өтеу орындарында орнатылғандығы бұған дәлел бола алады. Сол себепті, бас бостандығынан айрылған сотталғандарға жоғары білім алуға мүмкіндіктер қарастыру қажет.

2.3. Қылмыстық атқару мекемелерінен босап шыққан кәмелетке толмағандарды қоғамға қайта бейімдеу мен әлеуметтендіру шаралары

Бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандармен жүргізілген тәрбиелік шаралардың нәтижесін сотталғандардың бостандыққа шыққан уақыттағы жүріс-тұрысының көрінісі ретінде сипаттауға болады. Түзеу мекемесімен сотталғанды қоғамға қайта бейімдеу, әлеуметтендіру, қылмыстық ойларын жою секілді мақсатқа қол жеткізілгендігі немесе керісінше, сотталғанның одан әрі қылмыстық субмәдениетті сіңіріп, қайта қылмыс жасауға дайын тұлға ретінде шығуына қоғам куәгер болады.

Бұл орайда тек жаза өтеу орындарының қызметіне сүйеніп ғана қоймай, бостандыққа шыққан тұлғамен барынша жұмыстар жасалу қажет, ең бастысы жан-жақты әлеуметтік, рухани және т.б. көмек көрсету.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 жылы 10 желтоқсанында қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты» Ережелеріне сәйкес кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға сот ісінің барлық кезеңінде қажетті көмек беруді қамтамасыз ету керек, мысалға алғанда, тұрғын үймен қамту, білім алуға немесе кәсіби дайындықтан өтуге, жұмысқа тұруға немесе басқа да қажет болатын көмектер беруге күш салу керек [2].

Бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағанды қайта әлеуметтендіру деп кәмелетке толмағанның қайта қылмыс жасауына жол бермеу мен түзелуін түсінеміз. Басқаша айтқанда, әлеуметтендіру – бұрын сотталған адамдарды қоғамға заңды сыйлай білетін азаматтар ретінде қайта енуіне бағытталған кешенді шаралар жиынтығы. Жекелеген ғалымдар «әлеуметтік бейімделу» терминін қолданған жөн деп санайды. Яғни, әлеуметтік бейімделу - адамның белгілі бір ортада, белгілі бір өмір сүру жағдайларына бейімделуі [76, 98 б.]. Біздің ойымызша «әлеуметтендіру» және «әлеуметтік бейімделу» терминдерінің негізгі мағыналары бір – сотталғандардың қоғамға тез әрі қиындықсыз енуі және ең бастысы олардың қоғамда өз орындарын табуы.

Сондықтан, жаза өтеу мекемелерінің алдында әр сотталғанды жаңаша қырынан танып, оның өз-өзін қайта тәрбиелеуге бағытталған шаралар қабылдау және қоғамды сыйлай білетін тұлға ретінде қалыптасуына ат салысу жөнінде міндеттер жүктелген.

Қайта тәрбиелеу жөнінде зерттеуші А.Шанжарханова былай деп көрсеткен: «қайта тәрбиелеу жұмыстарында болашаққа бағдарларын дайындау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Жазасын өтеу барысында бас бостандығынан айрылған азаматтың сезімдерін, ерік-жігерін, мінез бітістерін, әдеттерін, қызығушылықтары мен ыңғайлануларын, тұтастай алғанда тұлғаның бағыттылығын қайта құрып, алдағы өмірінің бейнесін жасауға көмектесу қажет».

«Жалпы алғанда қайта тәрбиелеу үдерісіндегі тәрбиелік ықпал ету әдістері мен формаларының жүйесі, өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан, кез-келген тәрбие жүйесінде қолданылатын сипатқа сәйкес келеді. Ең басты мәселе қоғамға пайдалы азамат қайтару болып табылады. Бұл аталмыш қағиданың негізгі идеясы екені сөзсіз. Бас бостандығынан айрылған азаматтарды қайта тәрбиелеу үдерісін елдің тыныс-тіршілігімен байланыстыру маңызды қағидалардың бірі болып табылады. Себебі, оларды әлеуметтік пайдалы байланыстармен және қатынастармен хабардар ету, қоғамдық-саяси көзқарастар шеңберін кеңейту, жағымды әлеуметтік ыңғайлануларын қалыптастыру, қоғамдық іс-шараларға тарту әлеуметтік оқшауланудың алдын алады. Тәжірибе көрсеткендей, бас бостандығынан айрылған азаматтардың кейбірінде өзіндік психологиялық-педагогикалық «жатып ішерлік» қасиет қалыптасады. Олар бас бостандығынан айырылу жағдайында жеке міндеттемелерін мекеме қызметкерлеріне, туған-туыстарына, қоғамға артып қояды да, өздері өзгелердің күшін тұтынушы ретінде сезінеді. Сондықтан қайта тәрбиелеуде бас бостандығынан айрылған азаматтың белсенділікке бағыттылығы құнды тұстардың бірі болып табылады. Қоғам оған «қызмет» жасамай, өзі де туысқандарына, отбасына тұтастай қоғамға шынайы пайда келтіруге деген ықыласын дамыту маңызды» - дейді А.Шанжарханова [77].

Өз әдебиеттерінде Г.С.Мәуленов: «жалпы қылмыстылық секілді кәметке толмағандар арасындағы қылмыстылықты да қоғам өміріндегі әртүрлі мән-жайларға, ең алдымен әлеуметтік, экономикалық, демографиялық, көші-қон процестеріне байланысты жалпы әлеуметтік факторларға жатады», – деп атап өткен [78, 15 б.]. Осыған орай, оларды әлеуметтендіру бағытында жұмыстарды іске асыру барысында аталған факторлардың барлығы ескерілу қажет.

Жекелеген пенитенциарлық мекемелердің қызметіне арналған оқулықтар мен ғылыми еңбектерде сотталған адамды қайта әлеуметтендіру ретінде адамның бұрын өне бойына қабылдаған құндылықтарын, өзіне тән мінез-құлқын үйреншікті жағдайын бұзу, содан кейін алдыңғы уақыттардағы онды құндылықтарды меңгеру қажеттігін көрсеткен.

Ғалымдар мен практикалық қызметкерлер түзету мен қайта әлеуметтендіру арасында теңдік белгісін қояды. Қалай болса да, бірақ мәні жағынан қайта әлеуметтендіру (түзету сияқты) сотталғанның құқық бұзушылық мінез-құлқын жоюға бағытталған шаралар жүйесінен құралған [79, 48 б.].

Бұл процеске қылмыс жасаған адамды түзеу жөніндегі қызмет (ата-аналары мен туыстарының, жергілікті атқарушы органдардың міндеттері) ғана емес, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеу кезеңінде қалыпты қоғамдық өмірге дайындық жөніндегі қызмет кіреді. Бұл жұмыстар кәметке толмаған адам бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққаннан кейін де жүзеге асырылуы тиіс. Тәрбие механизмінің негізгі күш-жігері сотталғанның туыстарымен және жақын адамдарымен, ортасымен және достарымен үзілген әлеуметтік байланыстарын қалпына келтіру, тұрмыстық жағдайларын түзеу (бостандыққа шыққан соң мекенжайын анықтау, жұмыс орналастыру) және олардың бойында қоғамның нормаларына толық жауап беретін мінезді қалыптастыруға бағытталған.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандар арасында жүргізіліп жатқан тәрбие және әлеуметтік-психологиялық жұмыстарға қарамастан заңды бұзған адамдар арасында жабық мекемеде жазасын өтеу барысында немесе өтеп болғаннан соң адамның жеке дамуында, психологиясында терең із қалдырады, режимдік талаптарға психологиялық тәуелділік, менсінбеушілік көңіл-күй қалыптастырады, ал кейбіреулерінде режимге бағынбаушылық сипатындағы мінез орнығады. Осының барлығы адамды қоғамға қайта бейімдеу үшін босатылғаннан кейін бірқатар мәселелерде мемлекет тарапынан көмек көрсету түріндегі тынымсыз еңбекті талап етеді.

Аталған талаптар Біріккен Ұлттар Ұйымы Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсанындағы «Біріккен Ұлттар Ұйымының бас бостандығынан айрылған

кәмелетке толмағандарға қатысты Ережелері туралы» №45/113 Қарарында көрсетілген.

Атап айтқанда, барлық бостандыққа шыққан кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты қоғамға, отбасы өміріне, білім алуына немесе еңбек жолына қайта оралуына көмек беретін шаралар жасалуы керек. Осы мақсатта оның уақытынан бұрын босатылуын қарастыратын жосықтар мен арнайы курстар ұйымдастырылуы тиіс [66].

Тұңғыш Президентіміз өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясын: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан Қазақстанда осы уақытқа дейін тұтас жаңғыру процесіне кірікпеген әлеуметтік топтардың бар екенін атап өтті. Адамдардың моральдық жай-күйі мен қоғамдық аңсар-үмітіне әсер ететін теңгерімсіздікті жойып, қоғамның барлық жіктеріне қоғамда өздерінің лайықты орнын табуға мүмкіндік беру қажет» - деп атап өткен [80].

Құзыретті билік органдары кәмелетке толмаған құқық бұзушының қоғам өміріне қайта сіңісуіне бағытталған және осындай кәмелетке толмағандарға қатысты қоғамның теріс түсініктерімен күресетін қызметтерді көрсетуі және қамтамасыз етуі тиіс. Бұл қызметтер мүмкіндігінше, сол кәмелетке толмағандардың қоғамға қайта сіңуіне ықпал ету үшін лайықты тұрғын жаймен, жұмыспен, киіммен және босап шыққаннан кейінгі қажет болатын жеткілікті қаражатпен қамтамасыз етуі керек.

Алайда, халықаралық шарттың бұл талаптарын елімізде толығымен орындауға экономикалық тұрғыдан мүмкіндік бермей отыр. Себебі, әр балаға тұрғын үй салу, ақшамен қамтамасыз ету бюджеттен бірқатар қаражатты талап етеді. Сондықтан, бас бостандығынан айыру орындарында жазаларын өтеу барысында сотталғандардың қоғамға қиындықсыз қайта сіңісуіне бағытталған шаралар атқарылып, қажетті кәсіппен, біліммен қамтамасыз етуіміз қажет.

Қылмыскерлерге қоғамның ерекше бөлігі ретінде қарауға болмайды, олар қоғамның өзге мүшелері секілді адамдар, тек белгілі бір себептермен заңнама талаптарын бұзған [81, 19 б.]. Осыған байланысты, қылмыскерлерге объективті (субъективті) сипатта ішінара немесе толығымен ауытқуға ұшыраған тұлға ретінде қарау қажет [82, 16 б.].

Осы ретте қылмыскердің бойында орын алған ауытқуды жоя отырып, қоғамға қалыпты адам ретінде оралуына ықпал еткен жөн, бір сөзбен айтқанда түзу жолдан сүрініп, құқық бұзушылыққа жол берген тұлғаны әлеуметтендіру қажет. Бұл мақсатқа жете алмаған жағдайда, олардың қайта қылмыс жасау ықтималдылығы жоғары болады. Сотталғанды әлеуметтендірумен біз тек оларды қоғамға бейімдемейміз, қоғамды рецидивист – қылмыскерден қорғаймыз және жазалауды болдырмаймыз. Заңгер – ғалым И.Карпецтің пікірінше, жазаның негізгі

мақсаты қоғамды қорғау [83, 65 б.], В.Южаниннің ойынша қоғамды қорғаудың түпкі мақсаты және құралы – жаза [84, 267 б.].

Бұл мәселе ішкі істер органдарының негізгі функцияларының бірі. Себебі, кәмелетке толмағанның түзелуі оның қайта қылмыстық әрекеттерге бармауының негізгі кепілі, сәйкесінше елімізде қылмыстылықтың деңгейін төмендеуіне бірден бір себеп болады.

Ғалым М. Ансельдің пікірінше: «қылмыскерді қайта әлеуметтендіру функциясы басты деп танылуы және неоклассикалық өтемелі жазалаудың қарапайым тәрбиелік іс-әрекетінен ерекшеленуі қажет. Жаза тағайындау барысында негізгі қағидат ретінде қылмыскерді қоғамға түзелген адам ретінде қайтару көзделуі тиіс» [85, 267 б.].

Сондықтан, кәмелетке толмағанның қоғамға түзелген адам ретінде оралуына байланысты жұмыстар жаза өтеу барысында жүргізіліп ғана қоймай, оларды мейлінше әлеуметтіндіруге, қайта тәрбиелеуге бағытталған кешенді іс-шаралар қабылдануы қажет.

Адамның бейімделуі ұжымда және ұжым арқылы болады. Жаңа әлеуметтік ортаға бейімделудің алғашқы кезеңінің маңыздылығы зор – дейді профессор Е.О. Алауханов. Әлеуметтік бейімделуге адамның топ ішіндегі қатынасқа кіруі және сол қатынасқа бейімделуі, ол топтың салтын қабылдауы деп анықтама беруге болады [86, 82 б.].

Сондықтан да колония әкімшілігі сотталғандар ұжымдарының, құндылық бағдар мен нормалар жүйесінің қалыптасып дамуына баса назар аударуға тиіс, мұның сотталғанның түзелуіне зор пайдасы бар деп атап өтуге болады. «Адамның бейімделетін жақын әлеуметтік ортасына белсенді ықпал ету арқылы ғана әлеуметтік бейімделу процесін басқаруға болады», – дейді И.В. Шмаров [87, 56 б.].

Бұл ретте, кәмелетке толмағандарды жаза өтеу барысында толығымен зерттеп, оларды топтастыру арқылы тәрбие жұмыстарын жүргізу – олардың бостандыққа шыққан уақытта қылмыс жасамауына және қоғамға тез оралуына септігін тигізеді.

Зерттеуші Т. Агайдаров өзінің «Пенитенциарлық жүйедегі кәмелетке толмағандардың қылмыстарының алдын алу» атты кандидаттық диссертациялық жұмысында «Құқық бұзушыларды топтастыру жүйесінің» әдістемесіне сәйкес қылмыстық жаза өтеп жүргендердің жеке бастарының негізгі бес типін бөліп қарастырған.

Бірінші тип – әлеуметтік бағыттылығы оң, күнделікті өмірде тұрақты адамдар. Бұлар қылмысты бірінші рет және көңіл қобалжуы салдарынан немесе ішімдік немесе есірткі пайдаланғандықтан жасағандар, бір сөзбен айтқанда абайсызда қылмыс жасағандар.

Екінші типтегілер бірінші типке ұқсас, айырмашылығы сол, бұлар қылмысты сексуалдық ынтызарлықтан немесе психикасы аз уақытқа бұзылған кезде, қызбалықтан және сирек болса да мас болған уақытта жасайды. Мұндай сотталғандар эмоцияға көп берілетіндіктен, олармен сөйлескенде абай болу қажет, бірінші кезекте олардың көңіл күйіне назар аударған жөн.

Үшінші типтегілер – эмоциясы тез қозатын, шатақ, кекшіл адамдар. Олар болар-болмас нәрсеге ашуланады. Бұндай адамдар кекшіл болғандықтан өш алуға құштар болады, өз өзіне қол жұмсау мен түзеу мекемесінің қызметкерлеріне қастандық жасау бір мезетте болуы мүмкін.

Түзеу мекемелерінің персоналы мұндай адамдармен жұмыс жасағанда шыдамдылық, төзімділік танытуға тиіс, ал психиатрлар мен психотерапевтердің басты назарлары да осыларға аударылуы керек.

Төртінші типтегілер – әлеуметтік бейімділігі жоқ, интеллектуалдық дамуы төмен адамдар. өздерінің ойлары жоқ, психологтардың терминімен айтқанда «полезависимый» адамдар, басқалардың айтқандарына еріп, сөздерін сөйлеп, солардың қолшоқпары болуға дайын болады.

Сотталғандардың мұндай санатын өзінше шешім қабылдауға, жауапкершілікке дағдыландыру, тірлігін ойланып және мақсатты жоспарлауға үйрету керек.

Сотталғандардың бесінші тобына бағыттылығы теріс, қылмыс жасауға бейім тұрған адамдар жатады. Олар қоғамдағы тәртіпке, заңға әдейі бағынбайды. Кез келген мақсатына және қажеттілігіне қылмыстық жолмен жетуді дұрыс деп санайды. Заңды бұзу арқылы өзінің абыройын, дәрежесін көтергенді құптайды [88, 82 б.].

Бұл типтерді жоғарыда аталып өткен ғалым М. Ансельдің типологиясымен ұштастыру арқылы қолданған жағдайда және оны сапалы іске асыру арқылы сотталғандардың бостандыққа шыққан уақытында қиындықсыз қоғамға қайта оралатындығына сенім білдіруге болады.

Ғалымдардың бас бостандығынан айрылған сотталғандарды типологияға бөлу арқылы қарастыру тәжірибесі өте орынды. Бұл жалпы тәрбиелеу мен жеке дара тәрбиелеу механизмдерін қалыптастыруға мүмкіндік беріп ғана қоймай, қылмыстық атқару бағытындағы ғылымды дамытуға, ізденіс шараларын күшейтуге серпіліс береді. Осы арқылы жаңа әдістер мен тәсілдер анықтау мүмкіндігі жоғарылайды.

Қоғамнан оқшаулауға байланысты жазасын өтеген кәмелетке толмағандарды қайта әлеуметтендіру проблемаларын қылмыстық-атқару саясаты шеңберінде шешу қажет.

Бұл процесте қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне ерекше орын берілген, себебі жазаны өтеудің қалыптасқан жүйесі белгілі бір әсерін

қалдырады: отбасылық, туыстық байланыстарды әлсіретеді, сотталғанның өз ресурстарын ұтымды және дұрыс пайдалану және бостандықта әртүрлі өмірлік жағдайларда тепе-тең шешім қабылдау дағдыларын жоғалтуына әсер етеді.

Бұдан басқа, босатылғаннан кейін адамға қолдау көрсетудің, оны қоғамға толықтай қайтаруға жәрдемдесудің және алғашқы кезеңде туындаған әлеуметтік-құқықтық, оның ішінде қаржылық проблемаларды шешуге жәрдем көрсетудің ерекше мәні бар. Осы арқылы біз қылмыстылықты алдын аламыз.

Кейбір криминологтар қылмыстылыққа тек келеңсіз жағдайлар ғана емес, оң әлеуметтік құбылыстар да себепші болады дейді [89, 167 б.].

Бұрынғы сотталғандарды қоғамға қайта бейімдеу бұл тек қылмыстық-атқару жүйесі органдарының ғана міндеті емес. Осы күрделі мәселеде барлық уәкілетті мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың кешенді үйлесімділігі көмек бере алады. Ең бастысы бұл жұмыстар сотталғандарға көмек көрсетуге бағатталуы тиіс, оның ішінде босап шыққандарға әлеуметтік жағынан қолайлы болған жөн, ал тәжірибеде көп жағдайда үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер қылмыстық-атқару жүйесіндегі олқылықтар мен заң бұзушылықтарды анықтауға бағытталған.

Сотталғандарды қайта әлеуметтендіру мәселесі бойынша алғашқы қадам Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар шеңберінде қабылданған болатын, онда қылмыстық жазаны өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі функциялар жергілікті атқарушы органдардың қарамағына берілген.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 14-1-тармағына сәйкес аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімдік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес қылмыстық-атқару саласындағы қызметті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Ал, осы Заңның 14-3-тармағына сай аудандық әкімдіктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік және өзге де көмек көрсету саласындағы өзге де өкілеттіктерді орындайды [74].

Осы ретте, жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарымен (әкімдіктермен, ішкі істер органдары, денсаулық сақтау, білім беру, халықты жұмыспен қамту, әділет органдары), кәсіпорындармен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылы азаматтарды қайта әлеуметтендіру процесінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Мысалы, «Шанс» әлеуметтік-құқықтық қолдау орталығы девианттық мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды қайта әлеуметтендіруде әкімдіктерге көмек көрсетеді, «Заңға қайшы әрекет жасаушы кәмелетке толмағандарды және балалы әйелдерді қолдау, құқық бұзушы кәмелетке толмағандарды оңалту үшін әлеуметтік-құқықтық көрсетілетін қызметтер жүйесін дамыту» жобасын іске асырады [90].

Біздің ойымызша, жазасын өтеу орындарынан босатылған адамдарды бақылаудың арнайы жүйесін қалыптастыру керек. Мысалы, бір жыл ішінде осындай адамдарға қатысты жаза өтеу орындарының, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар және қылмыстық-атқару инспекциялары қызметкерлерінің күшімен бірлескен қатаң бақылау орнатқан жөн. Қылмыстық жазасын өтеген кәмелетке толмағандарға әлеуметтік көмек және оларды қорғау бағдарламалары кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық-атқару саясатының құрамдас бөлігі болуға тиіс.

Жаза өтеу мекемесінің әкімшілігі сотталғанның түзелуі мақсатында қылмыстық заңнамаларда белгіленген шараларды жүзеге асыру арқылы олардың қоғамға түзелген, қайта тәрбиеленген адам ретінде оралуға көмек көрсетсе, оның босап шыққаннан соң әрі қарай тәртібін бақылауға, заңды қайта бұзбауға бағытталған шаралар өзге органдармен жүзеге асырылады.

Жаза мерзімін өтеуіне бір жыл қалған бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жатқан сотталғанға қатысты пробация қызметі мекеме әкімшілігімен бірлесіп әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету нысанында қайта әлеуметтендіруді жүзеге асырады.

Мекеменің орналасуы бойынша пробация қызметі мекеме әкімшілігімен бірлесіп, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын жасайды және іске асырады, ол сотталған босатылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде сотталғанның баратын жері бойынша пробация қызметіне жолданады.

Осы ретте босап шыққан сотталғандарға пробация қызметінің қатаң бақылауы қажет. Шетел тәжірибелеріне сүйенсек, пробация қызметіне жүктелетін міндеттер өте үлкен және жауапты, сәйкесінше жүргізілетін бақылау да қатаң.

Мысалы, Америка Құрама Штаттарында қарқынды қадағалаумен пробация кеңінен қолданылады. Қарқынды қадағалау сотталғанның жеке түзету процесіне тартылуының жоғары деңгейін талап ететін пробацияның «неғұрлым қатаң» түрі ретінде сипатталады. Шектеулермен қатар пробация қадағалауындағы тұлғаға белгілі бір міндеттер жүктеледі: жәбірленушіге келтірілген залалды өтеу, жүргізілген бақылаудың құнын төлеу, белгілі бір кезеңдерде тестілеуден өтіп тұру, белгілі бір қоғамдық жұмыстарды орындау және (немесе) мәжбүрлі білім беру бағдарламаларына қатысу және т. б. [91, 45 б.].

Сондай-ақ, аталған мемлекетте пробациялық бақылау жүргізуге еріктілердің көптеп тартылуы өзге елдерге қарағанда ерекшелігі болып табылады. Азаматтардың пробация жұмыстарын жүзеге асыруға ерікті қатысуы заңмен бекітілген. Ең алғашқы рет 1968 жылы Флорида штатында пробация режиміне ұшыраған және штаттың түзеу мекемелерінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды қадағалауды жүзеге асыруға азаматтарды тартуды көздейтін елдегі алғашқы ереже қабылданды. Осыдан кейін аталған ережелер бірқатар басқа штаттарда да қабылданды. Ұлттық ақпараттық орталығының мәліметіне сәйкес 70-жылдары пробация қызметіне ең көп еріктілер тартылған, олардың саны 50 мың адамды құраған [92, 86 б.].

Осы тәжірибе негізінде біздің елде пробация қызметін барынша күшейтіп, қадағалауды қатаңдатып, ерікті адамдарды тарту қажет деп ойлаймыз. Еріктілердің көмегі тек бақылауда ғана болмай, босап шыққан адамға психологиялық көмек ретінде қарастырған жөн. Себебі, көп жағдайларда бізде қалыптасқан ментолитетке байланысты босап шыққандармен араласатын адамдар аз болады, көбісі теріс айналып өтеді.

Қылмыс жасап, бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандармен жүргізілген жұмыстың нәтижесін анықтау үшін негізгі критерийлер белгіленуі қажет деп ойлаймыз, сондай-ақ бұл критерийлер қылмыстық-атқару жүйесінің негізгі көрсеткіштері ретінде бекітілуі тиіс.

Біздің ойымызша, алғашқы және негізгі критерий ретінде жоғарыда аталып өткендей қылмыстың қайталануы, яғни рецидивтің болмауын белгілеу қажет. Жаза өтеу орындарынан босатылғаннан кейін сотталғанмен бір жыл ішінде қайта қылмыс жасалмаса, сәйкесінше оның қайта тәрбиеленіп, қоғамға оралғандығы жөнінде қорытынды жасауға болады. Бұл көрсеткіш сотталғандарда қалыптасқан адамгершілік ұстанымдардың тұрақтылық дәрежесін, сондай-ақ жазаны орындаудың алдын алу функциясын іске асырудың тиімділігін сипаттайды.

Екінші жалпы есепке алынатын критерий ретінде босатылған адамның еңбек немесе оқу ұжымында өз орнын табуын қарастыруға болады. Осы өлшемнің объективтілігі бірінші өлшемнен төмен, алайда сотталғандарды босатылғаннан кейін толыққанды өмірге дайындаудың тиімділігін және кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын алдын алу субъектілері тарапынан көмек пен бақылау деңгейін белгілі бір дәлдікпен бағалауға мүмкіндік береді.

Осылайша, мемлекеттің қылмыстылықпен күрестегі негізгі мақсаты қылмыстың қоғамға әсерін азайту, зардабын болдырмау және мемлекеттің күш-жігерін барынша аз қолдану арқылы қоғамдағы орнын жою [93, 380 б.].

Жалпы қылмыстылықты алдын алу ұғымын анықтау үшін бірнеше ғалымдардың пікірлерін атап өткен орынды.

Е.О. Алаухановтың пікірінше, «таза» түрде қылмыстың алдын алу дегеніміз – криминогендік факторларды жою және қылмысқа дейінгі кезеңде адамның мінез-құлқын түзету арқылы қылмыстың жасалуына жол бермеу [94, 79 б.].

Ал профессор Е.І. Қайыржановтың ойынша: «қылмыстың алдын алу мақсатында ықпал жасалынатын объект «өте күрделі құбылыс», оған жеке адам, адамдар тобы, оларды қоршаған орта (оның ішінде тікелей қоршаған орта) және әртүрлі «заттар» – факторлар, себептер мен жағдайлар, мән-жайлар, т.б. жатады» дейді [95, 224 б.].

Алдын алу объектілері жайында сөз қозғағанда, тіптен, нақты кәсіпорын, аудан, қала, қандай да бір аймақ жайында айтуға болады.

Аталып өткен пікірлерді негізге ала отырып, қылмыстылықтың алдын алуына мынадай анықтама беруге болады: «қылмыстылықтың себеп-салдарын және оған мүмкіндік тудыратын негіздер мен тетіктерді анықтау және жою мақсатында мемлекеттік, қоғамдық және өзге ұйымдардың, оның ішінде мемлекеттік емес ұйымдардың жүргізетін, үйлесімді және біріккен іс-шараларының жиынтығы».

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының 15-бабына сәйкес ішкі істер органдары өз құзыреті шегінде жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы жөнінде шаралар қолданады, жастар ұйымдарымен жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады, жастар арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, іске асыруды, іске асыру мониторингін және осы тапсырыстың нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады [96].

Зерттеуші А. Бриллиантов: «босап шыққан сотталғандардың барлығы қоғамдағы өмірге, өзгерістерге дайын бола бермейді. Олар бас бостандығынан айыру орындарында жаза өтеу барысында бастамашылық, дербестік секілді қасиеттерін жоғалтып алулары мүмкін (себебі мекемеде тәртіп, барлығы кестеге сәйкес жүзеге асырылады), ал қоғамда кездесетін қиындықтар мен проблемаларды еңсерудің ең оңай жолы ретінде қайта қылмыс жасауды, теріс жолға түсуді тандайды» дейді [97, 37 б.].

Қылмыстылықтың алдын алу қоғамдағы барлық саладағы қатынастарды қамтиды, оның ішінде экономикалық, әлеуметтік, саяси, діни, рухани, мәдени және т.б. Сондықтан, профилактикалық жұмыстардың барлығын тек ішкі істер органдарына жүктеп қоймай, бұл қатынастарға мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдар мен азаматтық қоғам қатысқандығы орынды болар еді. Тек ғана осы институттардың сапалы әрі бірлесіп жасаған шаралары оң нәтиже беруі мүмкін. Керісінше, әр орган өзіне тиісті жұмысты атқармаса немесе үйлесімді жұмыс

жасауға құлшыныс танытпай, өз міндеттеріне бей-жай қараған жағдайда тиісті нәтижеге қол жеткізуге, сәйкесінше қылмыстылықты алдын алуда оңды көрсеткіштер болмайтындығы айқын.

Қылмыстылықтың жалпы алдын алуда және зерттеуде криминологтың рөлін атап өткен жөн. Бұл маман иелері қылмыстылықтың себептілігі және детермианциясы жайындағы белгілі бір кезеңнің ақпаратын береді.

Бұл ақпаратты одан кейін экономистер, социологтар және басқа мамандар өңдейді, ол қайта құру бағдарламаларын, елдің экономикалық, әлеуметтік және басқадай дамуының мақсатты бағдарламаларын жасау процесінде қоғамдық қатынастарды жетілдіру үшін бағдар болады. «Криминолог ауа райын болжап, оның қандай болатынын білетін метеоролог сияқты», – дейді профессор Е.О. Алауханов [98, 96 б.]. Криминолог зерттеулерге сүйеніп, неден аулақ болу, неменеге жол бермеу керектігін ғана көрсетеді. Бұл да аз емес. Оңтайлы экономикалық және басқа шешімдерді іздестіру белгілі бір шектерде жүзеге асырылатындығы белгілі.

Бұл тек бір мысал ретінде аталып өткен мамандық иелері. Ал, жалпы қылмыстылықты алдын алуда құқық қорғау органдарының қызметкерлері, мемлекеттік емес ұйымдардың, азаматтық ұйымдардың қызметкерлері, ғалымдар, зерттеушілер, қоғам белсенділері бірлесе отырып атқарған жұмыстары қылмыстылықтың орын алу себептерін анықтап ғана қоймай, оған болжам жасап, алдын алу шараларын айқындауға және мемлекетіміздің қылмыстық саясатын нәтижелі жүргізуге септігін тигізеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттің құқық қорғау қызметі одан әрі дамытуды және жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты бұл қызметтегі басты басымдық мыналар болуға тиіс: қылмысқа қарсы күрес, заңдылықты және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғау, мемлекеттің кез келген құқық бұзушылыққа ден қою әрекетінің бұлтартпастығын қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік (толерантты болмау)» принципін мүлтіксіз ұстану, қылмыстарды жылдам әрі толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, құқық бұзушылықтардың алдын алу, қылмысқа қарсы күресте азаматтармен өзара іс-қимылдар жасасу [28].

Бұл ретте, «мүлдем төзбеушілік» принципін қалай мүлтіксіз орындауға болады және кәмелетке толмағандар арасында қылмыстылықты қалай алдын аламыз деген орынды сұрақ туындауы мүмкін. Біздің ойымызша, ең бірінші адамдардың санасын өзгертуіміз қажет, оның ішінде қоғамдық теріс пікір қалыптасқан тұлғалардың көзқарастарын жоққа шығарған жөн.

«Басқа адамның құқығына қарсы әрекет жасаған адам заң жүзінде кінәлі. Ал сол әрекетті жасауды ойластырған кезден бастап ол этика тұрғысынан кінәлі», – деп айтқан кейбір философ-ғалымдардың пікірі орынды [99, 173 б.].

Аталған пікірді ескерсек, адамның қылмыс жасауды ойластырған кезден бастап онда қоғамға қарсы теріс көзқарас қалыптасқандығын немесе әлеуметтік тұрғыдан қолайсыз жағдайлар туындағанын байқатады. Н.М. Абдировтың пікірінше, құқық бұзуға бейім жас тұлғаларды анықтау іс-шаралары неғұрлым нәтижелі жүргізілсе жалпы қылмыстың алдын алу жұмысының тиімділігі артады [100, 63 б.]. Ал, жалпы алғанда, қылмыстылықты алдын алуға бұрын сотталғанның немесе жазасын өтеп жатқан адамның жеке басына кешенді, жүйелі зерттеу жүргізу арқылы қол жеткізуге болады, өйткені әр адам тек өзі ғана қылмыс жасаудың себептерін біледі және жауап бере алады. Сондықтан, олардың санасын зерттеу арқылы баланың неге қылмыс жасағандығын анықтап, болашақта қайта қылмыс жасауын алдын алуға мүмкіндіктер туындайды.

Көптеген рецидивистердің, әсіресе бас бостандығынан айыру орындарында ұзақ отырғандардың, құқықтық көзқарастарының бұрмаланғаны соншалық, олар өз көзқарастарының заңда көрініс тапқан, көпшілік мойындаған көзқарастан қаншалықты өзгеше екендігін, қоғамға келтіретін зиянды әсерлерін ұғынбайды.

«Мұндай адамдарды қайта әлеуметтендіруде қиындықтар туындайды. Бұл ретте, қоғамға қайта әлеуметтендіру мен қайта бейімдеу «екіжақты қозғалыс» элементтері ретінде ұсынылуы мүмкін», - деп зерттеуші Р.Шамионов өз пікірін білдірген [101, 73 б.]. Олардың қылмысты кәмелеттік жасқа толмай жасағандықтарын ескерсек, саналары мен қоғамдық теріс пікірлерін дұрыс бағытқа ойыстыруда кешенді шаралар қабылдаған жөн, тіпті имандылық, діни жолға салу арқылы тәрбиелеу мүмкіндіктерін қарастыру қажет.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық әрекеттерінің көптеп орын алуына негізінен бұрын болмаған жаңа және сол уақытта болғанымен қоғаммен онша мән берілмеген процестер мен құбылыстардың көптеп орын алуымен түсіндіруге болады. Криминологтардың зерттеулері көрсетіп отырғандай, кәмелетке толмағандардың жеке басына тікелей ықпал ететін факторлар – отбасындағы қатынастар [102, 45 б.] Атан-аналарының қатынасының дұрыс болмауы, материалдық қиындықтар, онымен қоса діни сауаттылығының төмендігі қылмыстылықтың орын алуына себеп болады.

Қайта әлеуметтендіруге тән құбылыс – «не дұрыс» деген сұраққа жауап алу [103, 254 б.]. Бұл сұраққа тиісті жауап алу үшін балалардың білім деңгейі жоғары болған абзал. Бүгінгі күні жастар арасында құқық бұзудың бір бағыты діни тәрбиенің болмауынан пайда болып отыр. Мысалы, лаңкестік, экстремизм, нашақорлықтардың көптеп орын алуына бірден бір себебі осы.

Осы жөнінде айтқан Б.Тойлыбаевтың пікірімен толық келісуге болады. Зерттеушінің «Өзін-өзі тәрбиелеудің педагогикалық негізі» атты еңбегінде: «Мемлекет бар жерде дін болады, бірақ барлық діни ағымдар сол мемлекеттің дамуына, сол халықтың адами тәрбиесінде бірден дұрыс әсер ете алмайды. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында көптеген діни ағымдар, діни секталар жұмыс істеуде. Олар біздің жастарымызды қандай жолға бағыттайтыны белгісіз. Сондықтан жастардың қылмысқа бармау, құқық бұзбауының, адаспаудың негізгі бағыты ол діни сауаттылықта. Қазақстанның әрбір жас мүшесі діни жағынан сауатты болса, қылмысқа, құқық бұзуға бармайды. Ол үшін жастармен тікелей жұмыс істейтін педагогтар мен заңгерлер өздері діни сауатты болуы шарт»– деп көрсетеді [104, 23 б.].

Бұл мән-жайды криминологтар назардан тыс қалдырмады: зерттеушілер – дін мен қоғам арасындағы өзара қатынас мәселелері, діннің қоғамды және жеке адамды тәрбиелеудегі рөлі жайында ғылыми еңбектер жазып, диссертациялар қорғай бастады [105, 137 б.]. Бұған мемлекеттің дінге қолдау көрсетуі көп ықпал еткен секілді. Себебі қоғамда діни сауатты адамдардың мемлекетте қылмыстылықтың төмендеуіне және моральдық нормалардың сақталуына өз әсерін беретіндігі ықтимал.

Бұл жерде қоғамның, тіптен қылмыс жасаған адамның да рухын, өнегесін қалпына келтіру үшін неге діни сауаттылық негізге алынуы тиіс деген сұрақ туындайды.

Адамның діни сауаттылығы өз көрінісін өнегелік және өнегесіздік туралы ұғымдар мен түсініктерден, моральдық нормалардың жиынтығынан тұрады. Әр бір діни ағымдарда ол туралы нақты жазып көрсеткен.

Сондықтан, қылмыстың қайта жасалуын алдын алудың тағы бір жолы балаға дұрыс діни ілім беру, рухани жағдайын көтеру, осы арқылы қылмыс жасаудың дұрыс еместігін түсіндіру керек.

Тағы бір негізгі мәселе - босап шыққандарды жұмыспен қамту. Егер бостандыққа шыққан адам жұмысқа орналасып, отбасын, жақындары мен туыстарын қамтамасыз етуге ынта білдірсе, ал жергілікті атқарушы органдар оларға жәрдем көрсетсе, бұндай адамдардың қайта қылмыс жасау дәрежесі төмендейді. Себебі, көп жағдайда бостандыққа шыққан адамдар қайта қылмысқа қаражаттың жоқтығынан баратыны тәжірибеден белгілі.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсанындағы «Біріккен Ұлттар Ұйымының бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандарға қатысты Ережелері туралы» 45/113 Қарарының 45-тармағында әрдайым, қаншалықты мүмкін болғанынша, кәмелетке толмаған құқық бұзушылар жергілікті қауымға қайта оралған кезде жұмысқа қиындықсыз тұрып кету мақсатымен өткен кәсіби дайындығына қоса, ақысы төленетін жұмыстарды

жасауына жергілікті қауымның аясында мүмкіндік берілуі керек. Бұл жұмыстардың түрлері кәметке толмаған құқық бұзушы бостандыққа шыққан кезде кәсіби қызметке кірісуіне мүмкіндік беретіндей болғаны жөн. Түзеу мекемелерінде берілетін жұмыстардың ұйымдастырылуы мен әдістері, қаншалықты мүмкін болғанынша, кәметке толмаған құқық бұзушы бостандыққа шыққан кезде қауым аясында жұмыс жасауына ыңғайлы болу үшін, сол жұмыстардың ұйымдастырылуы мен әдістеріне сай болуы керек [66].

Тәжірибеде халықаралық шарттың бұл талаптары ескерілмейді, яғни босап шыққан тұлғаның жаза өтеу орнында қандай қызметпен айналысқандығы, қалай табыс тапқандығы ескерусіз қалады. Тек жергілікті атқарушы органдар бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға арналған жұмыс орындарының квоталарын белгілеп, сондай-ақ оларды жұмысқа орналастырған жеке және заңды тұлғаларды көтермелеп, ал сотталғандардың түзеу мекемесіндегі еңбек тәжірибесі негізге алынбай, ескерусіз қалады.

Елімізде халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясат азаматтарды толықтай, нәтижелі және еркін таңдалған жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған және оның ішінде жұмыс іздестіруде қиындыққа тап болған адамдарды жұмыспен қамтуға ықпал ететін іс-шараларды жүзеге асыру жолымен іске асырылады.

Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына сәйкес бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған адамдар әлеуметтік жұмыс орындарында жұмысқа орналасуда, кәсіптік оқудан өтуде басым құқыққа ие [106].

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша неғұрлым тиімді жұмыс жүргізу үшін Қылмыстық-атқару жүйесі аумақтық органдары халықты жұмыспен қамту орталықтарымен бірлесіп босатылған адамдардың жасын, босатылған күнін, тұрғылықты жерін, білімі мен мамандығын көрсете отырып, олар туралы ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан азаматтарды жұмысқа орналастырудың, оларды қайта әлеуметтендірудің маңыздылығы жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017-2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясын бекіту туралы» 2016 жылғы 8 желтоқсандағы Жарлығында аталып өткен.

Нақтылап айтқанда, жергілікті атқарушы органдар бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған

адамдарға арналған жұмыс орындарының квоталарын белгілейді, сондай-ақ оларды жұмысқа орналастырған жеке және заңды тұлғаларды көтермелейді.

Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясат азаматтарды толықтай, нәтижелі және еркін таңдалған жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған және оның ішінде жұмыс іздестіруде қиындыққа тап болған адамдарды жұмыспен қамтуға ықпал ететін іс-шараларды жүзеге асыру жолымен іске асырылады [107].

Сондықтан, босап шыққандарды жұмыспен қамту арқылы олардың қайта қылмыс жасауын алдын алуға, қоғамға тез әрі ешбір қиындықсыз оралуына, әлеуметтік жағынан қамтамасыз етуге және бос уақыттарын тиімді өткізуге мүмкіндік болатыны сөзсіз.

Жаза өтеу орындарынан босап шыққан және жаза өтеу барысында жасөспірімдерді қайта әлеуметтендіру мәселесін қорытындылай келе негізгі тұжырымдамаларды атап өткен жөн деп санаймыз.

Жалпы 20-25 жасқа дейінгі жасөспірімде әлеуметтік ортаның ықпалымен дүниетанымның қалыптасуы орын алатындығын ескере отырып, кәмелетке толмаған сотталғанның түзелу және қайта әлеуметтендіру процесінде оның айналасы аса маңызды деген қорытындыға оңай келуге болады.

Сондықтан сотталғандар бас бостандығынан айыру жазасын өтеуі – оның қылмысына берілген жаза ретінде ғана түсінуі қажет, қоғамның одан бас тартпағандығын түсіндіру қажет. Осылайша, сотталғандармен барлық жұмыс оларды босатуға дайындауға, әлеуметтік байланыстарды қолдауға немесе қалпына келтіруге бағытталуы қажет.

Сотталғанның әлеуметтік пайдалы байланыстарын үзбеу негізгі талаптардың бірі. Оның туыстары мен жақындарының қастарында, жақын аймақтарда болуы сотталғандарға үлкен қолдау бола алады, сондай-ақ оларды түзетудің негізгі құралдарының бірі.

Бас бостандығынан айыру орындарында жүргізілетін негізгі жұмыстар жас қылмыскерлердің түрме субмәдениетіне енуіне барынша тосқауыл болуға бағытталуы тиіс. Егер бұл жұмыстарды алғышарт ретінде жүргізбесек, жас қылмыскердің бойында бүкіл өміріне серік болатын қылмыстық ой қалыптасады. Бұндай жасөспіріммен қайта қылмыс жасау мүмкіндігі артады. Ал, түрме субмәдениеті тәжірибеде ересектерге арналған жаза өтеу орындарында кеңінен тараған. Бұған себеп, аталған мекемелерде ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған сотталғандар жазаларын өтеуінде. Қатыгез қылмыскерлердің ортасына түскен жасөспірімнің психологиялық жағдайын ескерсек, оның түрме субмәдениетін өз бойына сіңірмеуі мүмкін емес. Сондықтан, қылмыстық заңнамаларға өзгерістер енгізу арқылы кәмелетке толмағандардың сот белгіленген жазаларын бір мекемеде толығымен өтеп шығуына мүмкіндіктер қарастырылуы қажет деген пікірдеміз.

Жасаған қылмысының ауырылығына және сотпен белгіленген мерзімнің ұзақтығына байланысты оларды бір мекемеде жазаларын толық өтеуге мүмкіндік болмаған жағдайда, жазаларын әрі қарай өтеу үшін қауіпсіздігі барынша төмен мекемеге жолдау мәселесі қарастырыған жөн.

Әлеуметтендірудің тағы бір тетігі жоғары білім беру мүмкіндіктерін қарастыру. Кез-келген Қазақстан Республикасында өмір сүретін адамдардың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Тек ғана сотталғандардың мүмкіндіктері жоқ. Себебі қылмыстық заңнамаларда бұл норма қарастырылмаған, сәйкесінше сотталғандардың конституциялық құқықтары бұзылуда. Бұл норманы енгізу арқылы олардың конституциялық құқықтарын қалпына келтіріп ғана қоймай, әлеуметтендірудің бір жолын ашатындығымыз айқын.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кәмелетке толмағандарға қылмыстық жаза қолдану мен оны орындауға қатысты біз жүргізген диссертациялық зерттеудің нәтижесімен он сегіз жасқа толмаған қылмыскерлерге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындау және осы жазаны орындау барысында қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет деген қорытынды жасауға болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 жылы 10 желтоқсанында қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты» Ережелеріне сәйкес кәмелетке толмағандарға қатысты әділ үкім – әр мемлекеттің жан-жақты әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету жолындағы ұлттық дамуының бөлінбес бөлігі болуы тиіс, осылайша жастарды қорғау мен қоғамдағы бейбіт ғұмырды сақтауда ықпалдасуы керек.

Әрине елімізде кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық заңнама жылдан жылға ізгілендіріліп, бүгінгі уақытта аса ауыр, ауыр немесе қылмыстың қайталануы бойынша ғана жас қылмыскерлерге бас бостандығынан айыру түрінде жазалар қолданылуда.

Дегенменде, бұл жазаларды орындау барысында кәмелетке толмағандардың құқықтарының сақталуына, олардың қоғамға қайта тәрбиеленген тұлға ретінде оралуына, мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік көмектің негізділігі мен сапасына ерекше назар аудару қажет деген пікірдеміз.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындау және оның орындалуын, жаза өтеу орындарында, сондай-ақ босап шыққаннан соң мемлекет тарапынан сотталғандарға көрсетілетін көмектерді, қылмыстық-атқару жүйесі мен жергілікті атқарушы органдардың бірлесе жасалатын жұмыстарын зерттеу төмендегідей негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

